ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Егемен Қазақстан

1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

www.egemen.kz | E-mail: info@egemen.kz | №66 (29047) 6 СӘУІР, БЕЙСЕНБІ 2017 ЖЫЛ | FACEBOOK.COM/EGEMEN.KZ | TWITTER.COM/EGEMENKZ

Жұмыс нәтижелері туралы баяндады

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Асқар Жұмағалиевті қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Кездесуде Елбасына «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы жұмысының нәтижелері туралы есеп берілді, сондай-ақ, жалпы атом саласын дамыту барысы жөнінде мәлімет ұсынылды.

Нұрсұлтан Назарбаев атомды бейбіт мақсатқа пайдалану мәселесіне және атом электр стансалары жұмысындағы жаһандық үрдістерге назар аударды.

Сондай-ақ, А.Жұмағалиев Қазақстан Президентіне өткен жыл қорытындысы бойынша кәсіпорынның жоспарланған барлық өндірістік және қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізгенін баяндады. Компанияның нақты табысы алғаш рет 108 млрд теңгеден асқан.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына кәсіпорынды трансформациялау бағдарламасының іске асырылу барысы туралы мәлімделді. Одан 16 млрд теңгеден астам экономикалық пайда түскен.

Елбасы «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясын әртараптандыру және жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет екенін айтты.

Кездесу қорытындысы бойынша Нұрсұлтан Назарбаев бірқатар тапсырма берді.

Сурет Президенттің баспасөз қызметінен алынды

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Абзал Сапарбекұлы Қазақстан Республикасының Түрік Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі қызметіне тағайындалды.

* * *

Мемлекет басшысының Өкімімен Бауыржан Қадырұлы Тортаев Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жауапты хатшысы қызметіне тағайындалды.

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Өкімімен Наталья Артемовна Коржова зейнеткерлік жасқа толуына байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жауапты хатшысы қызметінен босатылды.

ЖЕДЕЛХАТ

FISU басшысы Елбасына алғыс айтты

FISU басшысы Олег Матыцин Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атына XXVIII Дүниежүзілік қысқы Универсиаданы жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және Халықаралық Студенттер спорты федерациясының барлық бастамаларын қолдағаны үшін алғыс білдірді.

«Халықаралық Студенттер спорты федерациясының және өзімнің атымнан Сізге бұл жобаны ұдайы қолдап келе жатқаныңыз үшін терең алғыс сезімін жеткізгім келеді. Универсиаданың және Қазақстан құрамасының табысы студенттер спортының дамуына және саламатты өмір салтының жастар арасында кеңінен таралуына серпін беріп, мұның өзі бұл тарихи оқиғаның маңызды мұрасы болып қалатынына сенімдімін», деп жазылған Олег Матыциннің жеделхатында.

Сонымен бірге, FISU басшысы Алматыдағы дүниежүзілік студенттер ойындары Қазақстанның жоғары деңгейдегі халықаралық мультиспорттық жарыстарды өткізуге дайын екендігін тағы бір мәрте көрсетті деп атап өткен.

«Универсиадаға келген көптеген шетелдік қонақтардың пікірінше, істің қиюын тапқан және тиімді жұмыстың арқасында Алматыдағы ойындар дүниежүзілік қысқы универсиадалар тарихындағы ең үздік ұйымдастырылған жарыс болған. Жұрттың бәрі Қазақстан тұрғындарының кішіпейілдігі мен қонақжайлығын атап өтіп, мұның өзі 3 мыңға жуық спортшы, ресми тұлғалар және шетелдік қонақтардың Алматыға келген сапарын ұмытылмастай етті», деп жазған Матыцин.

FISU басшысының сөзінше, телеойындардың халықаралық аудиториясы 70 елді қамтып, Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін нығайта түсуге игі ықпалын тигізген.

Еске салар болсақ, XXVIII Дүниежүзілік қысқы Универсиада Алматы қаласында ағымдағы жылғы 29 қаңтар мен 8 ақпан аралығында өтті. Студенттердің бұл сайысына әлемнің 54 елінен 1600-ден астам спортшы келіп, бақ сынады. Олар спорттың 12 түрі бойынша 85 медаль жиынтығын сарапқа салды.

Универсиада үшін Алматы қаласында «Алматы Арена», «Халық Арена» спорт сарайлары мен Атлеттер қалашығы салынды.

Бұл дүбірлі додада Қазақстанның студент спортшылары толайым табысқа қол жеткізіп, ұзын саны 36 медаль (11 алтын, 8 күміс және 17 қола) жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте Ресей Федерациясынан кейін екінші орынға табан тіреген болатын.

«Егемен-ақпарат»

ҚОҒАМ

МӘҢГІЛІК ҚАРЫЗДЫ ӨТЕУ

6-бет

Мырзагелді КЕМЕЛ

БАСТЫ МАҚСАТ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК

5-бет

Әлисұлтан ҚҰЛАНБАЙ

ТАТУЛЫҚТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

6-бет

ТАЛАПКЕР-2017

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУГЕ ДАЙЫНДЫҚ

(газет ішіндегі кітапша)

7-8-беттер

ДЕНСАУЛЫҚ

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ МИНИСТР ТҮСІНДІРДІ

9-бет

АТАМЕКЕН

ЖҰМБАҚ ЖЕР



10-бет

Құнды қолжазба елге әкелінді

Жуырда Ұлттық академиялық кітапхана ұжымы жұмыс сапарымен Арменияда болып қайтты. Онда мәдениет пен өнер, тарих, музей және кітапхана ісі саласындағы кең ауқымды мәселелер талқыланып, екі жақты келісімге қол қойылды. Енді М.Маштоц атындағы Матенадаран көне қолжазбалар институты мен Арменияның Ұлттық мұрағаты қорында сақталған Қазақстан тарихына қатысты бұрын-соңды ұшыраспаған армян деректерімен жақын танысуға болады.

Ая ӨМІРТАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Ұлттық академиялық кітапхана қорына қыпшақ ескерткішіне жататын көне қолжазбаның электронды нұсқасы жеткізілді. Бұл туралы Ұлттық кітапхананың директоры Үмітхан Дәуренбекқызы хабарлады.

1618 жылы басылып шыққан «Алғыш бітік» деп аталатын бұл көне шығарманың жалғыз данасы осы Арменияның ұлттық кітапханасында сақтаулы. Армян әліпбиінде араб жазуындай емес, дауысты, дауыссыз дыбыстар толық таңбаланып отыруы себепті, қыпшақ тілінің өзіндік дыбыстарын белгілеуде аса бір дыбыстық өзгерушілікке ұшырай қоймаған. Армян-қыпшақ ескерткіштері және түркі мұраларын зерттеп жүрген ғалымдар қолжазбаны қыпшақ тілінен қазіргі қазақ тілінің қалпына түсіретін болады. Жалпы, армян жазулы қыпшақ ескерткіштерін зерттеу Қазақстанда ғана емес, әрісі әлемдік түркологияда, берісі Кеңес Одағында кенже қалып келе жатқан ғылым саласы.

Талдыбек Нұрпейіс, Ұлттық кітапхананың ғалым-хатшысы:

– «Қобыланды батыр» жырында «92 баулы қыпшағым» деп келетін жолдар бар. Қолжазба туралы қандай да бір ғылыми қорытынды айта алмаймыз. Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінде не жазылғанын білетін болсақ, талай тарихымыздың жыртығы жамалған болар еді. Жалпы, Арменияда сақталған ескі құжаттардан деректер жинауға әлем ғалымдары құлшынып отыр. Өйткені, қолжазба қорында орта ғасырға жататын 17 мыңнан астам көне құжат, 3 мыңнан астам құнды дерек сақталған».

Кітапхана басшысы Үмітхан Дәуренбекқызының айтуынша, Матенадарандағы көне қолжазбалар жер астындағы арнайы залда сақталады, ауа температурасы 7 градус. Оқуға берілген қолжазбаны қайтадан орнына қоймастан бұрын арнайы лабораторияда тазалаудан өткізеді.

«Қазақстандағы армян диаспоралары келіп, мәлімет іздеуіне барынша мүмкіндік жасап отырмыз. Армян ұлттық кітапханасы өздеріне түскен жаңа кітаптарды біздің қорға беруге әзір», деген кітапхана басшысы, бір орталықтан басқарылатын аударма жүйесін құру керектігіне де тоқталып өтті:

«Қазір кітаптарды әркім өз білгенінше аударып, түрлі баспаханадан шығып жатыр. Осы істі бір жүйеге негіздеп, аударма орталығын ашуды ойластырудамыз. Бұл ұсынысымызды Мәдениет және спорт министрлігі де қолдап отыр».

Қазақстан мен Армения арасындағы мәдени байланыстар екі ел президенттерінің бастамалары бойынша 2006 жылдың қарашасында Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасы Үкіметінің мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімімен бекітілген болатын.

ISSN 1999-9720

9 771999 972005

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ (НАРЫҚТЫҚ) БАҒАМДАРЫ: EUR/KZT 332.08 | USD/KZT 312.80 | RUB/KZT 5.58 | CNY/KZT 45.25

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., №1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., №21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; №23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; №11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., №3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат; № 7, 37-құжат; № 10, 52-құжат; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-І, 19-ІІ, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 22-І, 141-құжат; № 22-ІІ, 144-құжат; № 22-V, 156-құжат; 2016 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 45-құжат; № 7-ІІ, 56, 57-құжаттар; № 8-ІІ, 71, 72-құжаттар; № 24, 124-құжат; 2017 жылғы 1 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық, банктік заңнаманы жетілдіру және кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 65-4) тармақшамен толықтырылсын:

«65-4) парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициенті – парниктік газдар шығарындыларының өнімнің бірлігіне арақатынасының көрсеткіші;»;

2) 17-бап мынадай мазмұндағы 27-1) тармақшамен толықтырылсын:

«27-1) парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициенттерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;»;

3) 57-2-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) осы Кодекстің 47-бабы 1-тармағының 6), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері болып табылатын жобалар бойынша өткізілуі міндетті.»;

4) 94-5-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «әзірленеді және тиісті кезеңге бекітіледі» деген сөздер «қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тиісті кезеңге әзірленеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 219-баптың 2-тармағы 2) тармақшасының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қосымша ілесіп шыққан шахта және карьер суларын жинақтауыш тоғандарға және (немесе) буландырғыш тоғандарға ағызуды қоспағанда, нормативтік көрсеткіштерге дейін тазартылмаған сарқынды суларды жер қойнауына ағызуға тыйым салынады.»;

6) 225-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Тау-кен металлургиясы кәсіпорындарының шахта және карьер суларын жинақтауыш тоғандарға және (немесе) буландырғыш тоғандарға, сондай-ақ сумен суыту үшін пайдаланылатын суларды сумен жабдықтаудың тұйықталған (айналымды) жүйесінде орналасқан жинақтауыштарға ағызуды қоспағанда, сарқынды суларды алдын ала тазартусыз су объектілеріне, жергілікті жердің рельефіне және сарқынды су жинақтауыштарға ағызуға тыйым салынады.»;

7) 301-баптың 1-тармағында:

9) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«9) пластмасса, пластика, полиэтилен қалдықтары және полиэтилентерефталат орамасы;

10) макулатура, картон және қағаз қалдықтары;»;

14) тармақша алып тасталсын;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) электрондық және электр жабдықтары;»;

17) тармақша алып тасталсын;

8) 324-бапта:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Осы Кодекстің 94-2, 94-4, 94-7 және 94-9-баптарының қолданысы 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын.»;

мынадай мазмұндағы 12-тармақпен толықтырылсын:

«12. Осы Кодекстің 301-бабы 1-тармағының 9), 10), 12), 18) және 19) тармақшаларының қолданысы 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейін тоқтатыла тұрсын.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н.НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2017 жылғы 5 сәуір
№ 56-VI ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімнің және 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) жалдау туралы шарттың қолданысын тоқтату жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы хаттаманы ратификациялау туралы

2016 жылғы 20 қазанда Мәскеуде жасалған 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Эмба полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) пайдалану және жалға беру шарттары туралы келісімнің және 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Ембі сынақ полигонын (5580 сынақ жұмыстарын қамтамасыз ету базасы) жалдау туралы шарттың қолданысын тоқтату жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2017 жылғы 5 сәуір №57-VI ҚРЗ

Келелі келісім тиімділігін көрсетті

Кеше «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов пен Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасы Қайрат Қожамжаров ЭКСПО алаңында жұмыс істеп жатқан компаниялардың басшылары, бас мердігерлердің қатысуымен жиын өткізді.

Динара БІТІКОВА,
«Егемен Қазақстан»

«Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясы мен Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі арасында өткен жылы серіктестік келісіміне қол қойылған болатын. Жиында осы келісімді одан әрі бекітіп, жұмысты жандандыра түсу жайы сөз болды. «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ, жемқорлықты жоюға ықпал етуде әлеуметтік жауапкершілікті арттыру үшін екі жақты тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу мәселесі талқыланды.

Ұлттық компания Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов аталған құжат дер кезінде қабылданып, өз тиімділігін көрсеткенін атап өтті. Құжат сындарлылық пен ашықтық қағидаларына негізделген бірлескен және келісілген әрекеттерді жүргізу арқылы ынтымақтастықтың тиімділігіне мүмкіндік туғызды.

А.Есімовтің айтуынша, жасалған келісім бас мердігерлер арасындағы жауапкершілікті арттыра түсті. Ұлттық компания жасасқан барлық шарттарда ескерілген жемқорлыққа қарсы талаптар осындай келісімдерге қол қою кезінде қатерлерді азайтуға мүмкіндік туғызды.

Сонымен қатар, тауарлар, жұмыс пен қызмет көрсетуге деген бағаны белгілеуді күшейтуге бағытталған шаралар қолға алынып, операциялық қызметті қоспағанда, ЭКСПО нысандарының құрылысы барысында 302 млрд теңге үнемделді. Қазақстандық қамту өсіп, жұмыс орындары сақталып, жаңа орындар (50 мың) ашылып, отандық өндіріске (53,2 млрд теңге сома көлемінде тауар сатып алынды) қолдау көрсетілді.

Өз кезегінде Қайрат Қожамжаров Ұлттық компанияның қазіргі жетекшілігі қызметінің айқындығын атап өтті.

«Әріптесімізге ынтымақтастық үшін алғысымды айта отырып, барлық қабылданып жатқан шаралар арқасында заңдылықты сақтау ісінде ешқандай келеңсіздіктер орын алмайтынына сендіргім келеді», деді жемқорлыққа қарсы қызметтің жетекшісі.

Жоғары ғылыми-техникалық комиссия отырысы өтті

Кеше Үкімет үйінде Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Үкімет жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссияның (ЖҒТК) кезекті отырысы өтті, деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында өткен отырыс барысында 2017-2020 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басым бағыттары талқыланды, сонымен қатар, аграрлық ғылым саласындағы ғылыми-техникалық әзірлемелерді іске асыру және индустриялық-инновациялық қызмет саласындағы жобаларды коммерцияландыруға грант беру мәселелері қаралды.

Ынтымақтастық жайы талқыланды

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Асқар Мамин Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) осы айда Бішкекте болатын отырысына дайындық аясында Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің (ЕЭК) бейнеконференция режимінде өткен отырысына қатысты, деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі.

Кеңес мүшелері ЕурАзЭК-тің Кеден кодексін тиімді жүзеге асыру мақсатында ЖЕЭК отырысында қарастыру үшін кедендік әкімшілендіру саласында бірқатар актілерді бекіту бойынша Комиссия алқасы мен кеңесі арасындағы өкілеттіктерді бөлуге қатысты ЕЭК жұмысының регламентіне түзетулер енгізуді мақұлдады.

Мемлекет басшыларының қарауына енгізу үшін Еуразиялық экономикалық кеңеске мүше мемлекеттердің 2017-2018 жылдарға арналған макроэкономикалық саясатының негізгі бағдарлары мақұлданды. Онда ЕурАзЭК-ке мүше мемлекеттердің экономикалық дамуының тиімділігін арттыру үшін ұсыныстар енгізілген.

ЕЭК Кеңесінің мүшелері бірқатар халықаралық ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Негізінен, Иран Ислам Республикасымен еркін сауда аймағын құруға бағытталған консультациялар өткізіліп, «Кеден одағы комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» қарастырды.

ЕЭК отырысында Еуразиялық экономикалық одақты әрі қарай дамытуға бағытталған барлық мәселелер бойынша өзара тиімді шешімдерге қол жеткізілді.

Делдалды азайтып, тарифті төмендететін құжат

Сәрсенбіде өткен Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында төрт мәселе күн тәртібіне шығарылды. Соның ішінде депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын кеңінен талқылап, құжат бірінші оқылымда мақұлданды.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин жетекшілік еткен жиында еліміздің энергетика саласын реттеуді көздейтін заң жобасын Энергетика министрі Қанат Бозымбаев таныстырды. Баяндама алдында айтқан алғысөзінде Мәжіліс Төрағасы аталған заң жобасы Мемлекет басшысы жариялаған Ұлт жоспарының 51-қадамын орындау мақсатында әзірленгендігін тілге тиек етті.

«Бұл саладағы түйінді тарқату тетігі екі жүйеге негізделген десек, оның бірі – энергия жеткізуші ұйымдарды ірілендіру де, екіншісі – электр энергиясын төмен тарифпен тұрғындарға тарату болып отыр. Осы орайда жоғарыда аталған екі жүйенің алғашқысын қолданыстағы заңымыз реттей алмағанын ашық айтуымыз керек. Егер заң жобасын жасаушы мүдделі мекемелер мен тараптар арасында қызу әріптестік орнаған болса, сапалы заң дайындалады. Оның қарапайым ғана көрінісі саладағы делдалдардың аздығынан және тарифтің төмендігінен байқалады. Біз қазіргі күрделі мәселені осындай қарапайым ғана формуламен шешуге тиіспіз», – деді Н.Нығматулин.

Содан кейін сөз алған Энергетика министрі Қ.Бозымбаев заң жобасының тұжырымдамасы энергия жеткізуші компанияларды ірілендіруге бағытталғандығын атап өтті. Оның түсіндіруінше, мұндай қадам энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттыруға және электр энергиясын беру шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, министр бұл заң жобасының жергілікті атқарушы органдардың ұсынған мәліметтеріне сәйкес, өңірлерде 2 110 шақырымға созылатын караусыз қалған желі мен 631 иесіз трансформаторлық қосалқы стансалардың мәселесін шешуді көздейтінін жеткізді.

«Бұл заң жобасының маңызды қыры болып табылады. Аталған желі санаттарын энергия жеткізуші ұйымдардың балансына беру мен оларды тиісті деңгейде күтіп, ұсталуын және сапалы қызмет көрсетілуін ұйымдастыру көзделуде. Сонымен қатар, құжат аясында энергия жеткізуші ұйымдарды ірілендіруге ынталандыратын негізгі тетік электр энергиясын беру қызметіне талаптар белгілеу. Ал ондай жүйені кезең-кезеңімен енгізу ұсынылады. Айталық, егер энергия жеткізуші ұйым иесіз қалған электр желілерін қабылдаған жағдайда корпоративтік табыс салығы мен мүлік салығынан босатылады және табиғи монополиялар саласындағы заңнамада көзделген тыйым салу алып тасталады», – деді Қ.Бозымбаев.

Министрдің баяндауынша, мәселені шешудің басты жолы ретінде желілерді түгендеуден өткізу қарастырылуда. Бұл үшін заң аясында жергілікті атқарушы органдар сот арқылы иесіз қалған объектілерді өз балансына алып, одан кейін өңірлік желілік компаниялардың балансына береді. Сондай-ақ, заң жобасында электр энергиясын беру қызметіне қойылатын талаптарды сақтамағаны үшін жауаптылық белгілеу, ерекше пайдалану шарттары бар электр желілерінің күзет аймағын айқындау, тұрғын үй кешендерін салушылардың балансындағы электр желілерін мамандандырылған энергия жеткізуші ұйымдарға беру рәсімі мен оның тәртібін нақтылау және энергетикалық ұйымдарды ірілендіруге немесе біріктіруге ынталандырудың тетіктерін кеңейтуді көздейтін түзетулер енгізілген.

Жалпы отырыста халық қалаулылары тарапынан оң бағасын алған құжаттың бірі – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы болды. Аталған тақырыпта баяндама жасаған Әділет министрі Марат Бекетаев құжат еліміздің Дүниежүзілік сауда ұйымына және Еуразиялық экономикалық одаққа мүшелікке кіруіне орай, Қазақстан мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің патенттік заңнамасын үйлестіруге бағытталғандығын атады. Сонымен қатар, заң жобасы сараптама ұйымы мен авторлық құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар қызметінің ашықтығын арттыруды және зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау мен сақтау үрдістерін жетілдіруді көздейді.

Жалпы, ел экономикасын жеделдетілген технологиялық жаңғырту мақсатында инновацияны өндірісте қолдану аса өзекті екендігін ескерткен Мәжіліс Төрағасы Мемлекет басшысы өз мәлімдемелері арқылы ғылыми әзірлемелерден практикалық тиімділікке жетуді міндеттеп отырғандығын да жеткізді.

«Ал отандық бизнес осы әзірлемелердің негізінде бәсекеге қабілетті өнімдерді нарыққа шығаруы керек. Инновациялық жаңалықтарды өндірісте қолдану Елбасы Жолдауында айтылған экономиканы жеделдетілген технологиялық жаңғыртуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді», – деді Н.Нығматулин.

Мәжіліс депутаттары осы күні әлеуметтік қамсыздандыру мәселелеріне арналған, сонымен бірге баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметтік мәселелері бойынша маңызды заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Отырыс соңында бірқатар халық қалаулылары тиісті мемлекеттік органдар басшыларына депутаттық сауалдарын жолдады.

Ауыл шаруашылығына шетелдіктер қаржы сала бастайды

Кеше Премьер-Министрдің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметов пен Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов Қазақстандағы дипломатиялық корпус және халықаралық бизнес қауымдастығы өкілдерімен кездесті.

Бауыржан МҰҚАНОВ,
«Егемен Қазақстан»

Шарада елшілер мен кәсіпкерлерге Елбасы тапсырмасына сәйкес жасалған Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты мен міндеттері таныстырылды.

Сыртқы істер министрі Қ.Әбдірахманов өз сөзінде АӨК-ті дамытудағы экспорттық және инвестициялық мақсаттарда екі ведомствоның қызметтерін қосу және бағыттау үшін АШМ мен СІМ арасындағы қол қойылған бірлескен іс-шаралар жоспары туралы айтып өтті. Сонымен қатар, министр жаңа жаһандық даму кезеңінде Қазақстанда агроөнеркәсіптік сектордың қарқынды дамуына ерекше назар аударылып отырғанын жеткізді.

Өз кезегінде Премьер-Министрдің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметов дипломаттар мен халықаралық бизнес қауымдастығы өкілдеріне жаңа мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға белсенді қатысуға шақырып, Қазақстанның Еуразияны астықпен қамтамасыз етуге және экологиялық таза тамақ өндіретін ірі өндірушілердің бірі болуға барлық мүмкіндігі бар екендігін атап өтті.

Жиында инвестициялық климатты жақсарту мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан трансұлттық компаниялардың қатысуымен Қазақстанның экспорттық тауарларын әлемдік нарыққа шығаруға бағытталған жұмыстары жүргізіліп жатқаны да кеңінен сөз болды.

Бүгінде Трансұлттық компаниялардың қатысуымен 4 жоба таңдап алынды. Бұл жобалар ет, сүт өнімдерін өндіру, өңдеу өнеркәсібі және өсімдік шаруашылығы (қызанақ пастасын өндіру) салаларына тиесілі. Трансұлттық компаниялардан басқа, АӨК саласында шетелдік инвесторлардың қатысуымен тағы 40-қа жуық жобалар бар. Инвесторлардың басым бөлігі Ресей, Германия, Түркия, Украина, Оңтүстік Корея, ҚХР және Франция мемлекеттерінен.

2017-2021 жылдарға арналған Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасы бойынша отандық тауардың экспорттық әлеуетін арттыру және ішкі нарықты толтыру көзделген. Нақтырақ айтар болсақ, 2021 жылға қарай экспорт көлемі 0,8-ден 1,5 млрд долларға көбеймек.

Асқар Мырзахметов Қазақстанға шет мемлекеттермен іскерлік қатынасты дамыту және нығайту мүмкіндігін беретін стратегиялық құжаттардың маңыздылығын айта келіп, елшілер қойған сауалдарға кеңінен жауап берді.

Айта кетейік, жоғарыда аталған бағдарлама бойынша, азық-түлік тауарларының экспортын 2021 жылға дейін 40 пайызға арттыру үшін әр жылға арналған нақты көрсеткіштер міндеттелген.

Астықты аймақтың асулары

Қостанай десек, алдымен ойға «астықтың астанасы» деген тіркес келеді. Қаратопырақты, құнарлы Қостанай жері бидай мен өзге дақылдарды егіп, күтіп, баптауға таптырмас мекен. Негізгі жұрты егіншілік кәсіпке дағдыланған. Аталған аймақтың өнеркәсіп көлемі өткен жылмен салыстырғанда 4,3 пайызға артқан. Бұл нақты көлем индексі бойынша 100,3 пайызды құрап отыр. Өндірісі, өңдеу саласы да өркендеп келеді. Кеше Орталық коммуникациялар қызметінде облыс басшысы Архимед Мұхамбетов баспасөз мәслихатын өткізіп, өңірдің өмірі туралы кеңінен баяндады.

Рауан ҚАЙДАР,
«Егемен Қазақстан»

«Биылғы жыл, еліміз үшін өте жауапты да, маңызды оқиғаларға толы жыл. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде өз қызметімізді бастадық, маусым айында Астана меймандары ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінде жиналады, елордамызда Ислам ынтымақтастық ұйымының саммиті өтеді. Ал жылдың басында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев конституциялық реформаларды жариялап, Қазақстан халқына «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын ұсынды. Осының барлығы мемлекетіміздің дамуын және бүкіл Қазақстан халқының мүдделерін толықтай қамтамасыз етіп, елімізді дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосатынына нық сенеміз. Атап айқанда, Жаңғырудың үшінші кезеңін жүзеге асыра келе, біз ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуді, көлік-логистика және агроөнеркәсіп кешенін дамытуды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, Жолдауда адами капиталдың дамуына ерекше көңіл бөлінеді, яғни білім саласын, денсаулық сақтау саласын дамыта келе, халықтың әл-ауқатын көтеру жоспарланып отыр. Осы бағыттарды жүзеге асыру мақсатында, Қостанай облысында белсенді жұмыс жүргізіліп, алдымызға қойылған тапсырмаларды іске асыруға бағытталған іс-шаралар кешені орындалуда. 2016 жылдың қорытындысы бойынша облыс экономикасының үдемелі даму серпіні, бізде Мемлекет басшысы алға қойған барлық міндеттерді іс жүзінде ойдағыдай орындау үшін жеткілікті негіз қаланды деп айтуға мүмкіндік береді. Өңірдегі өнеркәсіп те өркендеп келеді. Ол нақты көлем индексі бойынша 100,3 пайызды құраса, ауыл шаруашылығында 102,3 пайыз, бөлшек саудада 101,7 пайызды көрсетіп, оң нәтижелер байқалады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 6 пайызға ұлғайтылды. 2017 жылдың басынан бері сол серпін сақталуда. Өнеркәсіпте нақты көлем индексі 104,3 пайызды құрайды, бөлшек сауда – 101,6 пайыз. Облыс экономикасына шамамен 15 млрд теңге инвестиция тартылды» деді өңір басшысы А.Мұхамбетов.

Қостанай облысы республиканың жетекші агроөнеркәсіп өңірі болып табылады және астық өндіруде елімізде өзінің лайықты үлесін қосып отыр. Мұның дәлелі, облыстағы орташа жылдық астық өндірісі 5 млн тоннадан асады. Бұл ретте айта кететін тағы бір жайт, тек қана 2016 жылы өндірілген 1 млн 107 мың тонна ұнның шамамен 965 мың тоннасы облыстан тыс жөнелтілген, оның ішінде 860 мың тоннасы немесе 90 пайызы экспортқа шығарылған.

Сонымен бірге, облыс басшысы логистикалық инфрақұрылымды дамытуда, «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасын іске асыруда, шағын және орта бизнесті дамытуда, адами капитал сапасын жақсартуда, оның ішінде, білім, денсаулық саласына баса назар аударылғанын алға тартып, ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын баяндады.

Жақында Үкімет отырысында Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарын су басу қаупі жоғары екенін мәлімдеген болатын. Осыған байланысты қойылған сауалға орай өңір басшысы жан-жақты әзірлік жұмыстарын жоспарлап, алдын-алу шараларын қамдап жатқанын жеткізді.

«Invest in Kostanay» инвесторлардың қызығушылығын арттырды

Қостанай облысының экономикалық жетістіктері шет мемлекеттердің елшілері мен ірі бизнес өкілдеріне кеңінен таныстырылды.

Асхат РАЙҚҰЛ,
«Егемен Қазақстан»

Инвестициялар және даму министрлігі мен Сыртқы істер министрлігінің бастамасымен алғаш рет ұйымдастырылған «Invest in Kostanay» бизнес форумы елімізге инвестицияларды көптеп тартуды мақсат етеді. «Біз үшін бұл – өте жауапты міндет. Қостанай облысының жетістіктерін дүние жүзіне көрсетудеміз. Қазақстанда өндіріліп жатқан тауарларды шет елдерге молынан шығарып, қаражатты кеңінен тарту қажет. Осыған байланысты Мемлекет басшысы да үлкен міндеттер қойып отыр», деді Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов.

Жиында аймақ басшысы Архимед Мұхамбетов шараға өңірдегі 37 кәсіпорын қатысып отырғанын айтты. Олардың 24-і инвестициялар тартуды көздейді. «Қажет қаржының жалпы көлемі – 1,5 трлн теңгенің шамасында. Негізгі сала – ауыл шаруашылығы. Бұдан бөлек, машина жасау, тау-кен және тағы басқа салалар бар. Біз жылына астықтың 2 млн тоннасын экспортқа шығара аламыз. Былтыр диірменімізден өткен 1,1 млн тонна ұнымыздың 80 пайызын сыртқа тасымалдадық. Бұл облыстың экспортты арттыруға мүмкіндігі мол екенін аңғартады», деді облыс әкімі.

Бүгінде облыста шығарылатын тауарларды Иран, Сауд Арабиясы мен Қытайға жеткізу мәселесі қаралуда. Бұдан бөлек, Қостанай облысы Ресеймен шекаралас аудандармен өзара сауда-саттықты ұлғайтуды көздейді.

Аймақ әкімінің айтуынша, ағымдағы жылы өңірде жолаушылар автобусының тағы бір маркасы құрастырылмақ. «Биыл біз ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесіне қоғамдық көліктер жеткізетін боламыз. «Astana LRT» компаниясымен рәсімделген келісімшартқа сәйкес, 400-ге жуық автобусымыз елордалықтар мен қонақтарына қызмет етеді. Олардың 75 пайызының сыйымдылығы жүзден астам жолаушыға лайықталады. Көліктер көрме кезінде туристерді тасымалдаса, одан кейін Астананың қоғамдық көліктер паркін толықтырады», деді А.Мұхамбетов. Қазіргі таңда Қостанай облысында жолаушылар көлігінің 40 моделі, коммерциялық техниканың 10 моделі шығарылады. Онда Еуропаның жетекші елдерінің, Оңтүстік Корея мен Қытай өндірісі қамтылған. Бұл салада 1100 маман жұмыс істейді. Сонымен қатар «JAC» электромобилінің өндірісін дамытып, автомобиль құрастыруды жетілдіру мақсатында Индустриялық аймақ салынуда. Онда автокомпоненттер шығаратын бірнеше зауыт орналасады. Қазіргі таңда желілері тартылып жатқан аймақтың биыл бірінші бөлігі, келесі жылы екінші бөлігі пайдалануға берілмек.

«Облыс кәсіпорындары электромобиль, гибрид, газбен жүретін машина сияқты жаңа технологияға мән беруде. Мысалы, Қостанай автозауыты «JAC» электромобилінің 12 данасын шығарды. Олар ЭКСПО-2017 көрмесіне ұсынылады. Ағымдағы жылдан бастап «EURO 5 EXPO» экологиялық талаптарына сай келетін «Ankai» жолаушылар автобусының сериялық өндірісін де іске қоспақпыз. Сондай-ақ, Өзбекстанның «УзАвто» кәсіпорнымен ынтымақтасып, жеңіл және жүк автомобильдерін құрастырамыз», деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы маңызды көрмеге 100 мың қостанайлық келетінін тілге тиек етіп, өңір кәсіпкерлері 34 мың тонна азық-түлік өнімін әкелетінін де мәлімдеді.

Судьялық әдеп кодексі халықаралық талапқа сай

Кешегі дана билердің дәстүрін бүгінгі әлемдік тәжірибемен байыта отырып дамытқан еліміздің сот корпусы Тәуелсіздіктің 25 жылында биік белестерді бағындырды. Өйткені, кешенді сот реформасының жүзеге асуына қозғаушы күш – судьялар корпусы ғана болып табылады. Сондықтан, бүгінгі қазыларымыздың жалпы мінез-құлық қағидаттары қандай болу керектігі жайында мәселе туындаған кезде, ең алдымен, Судьялық әдеп кодексін басшылыққа аламыз.

Мемлекет басшысының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында сот және құқық қорғау органдарының жаңғыртылуы және заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған 19-қадамда судьялардың есеп беру тәртібін күшейту, жаңа Әдеп кодексін жасақтау қажеттігі турасында айтылды. Оған қоса, соңғы уақытта қоғамда орын алған шынайы эволюциялық құқықтық және моральдық нормалар жаңа халықаралық заңнамаға сай Судьялық әдеп кодексін әзірлеуге негіз болды. Өйткені, судьяға берілетін өкілеттілік ұлттық құқыққа ғана емес, демократиялық елдерде құпталған халықаралық құқыққа да бағынышты. Тағы бір айта кететін жайт, Судьялық әдеп кодексінің қабылдануы Президент қойған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан, жаңа Кодекстің жобасы БАҚ пен судьялық корпустың барлық деңгейінде және халықаралық құқықтық ұйымдарда, сондай-ақ, құқықтық институттарда кеңінен талқыланып, өзінің оң бағасын алды.

Алғашқыда көпшілік назарына 44-баптан тұратын Кодекс жобасы ұсынылды. Кейін таразылай келе 15-баптан тұратын Кодекс бекітілді. Аталған Әдеп кодексінің жобасы елімізде ғана емес, Венециядағы Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық Комиссиясы (Венеция комиссиясы) сияқты халықаралық ұйым тарапынан да оң бағасын алды.

Аталған жаңа Кодекске қолданыстағы Кодекстің негізгі қағидаларын сақтай отырып, жаңа нормалар енгізілді. Және басқа да мемлекеттердің оған ұқсас актілерінің жаңа ұғымдары, ережелері мен баптары қамтылғанын атап өткен жөн. Кодекс кіріспесінде ел Конституциясының, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңының нормалары, халықаралық құқықтың, соның ішінде Судьялар мінез-құлқының Бангалор қағидаларының талаптары ескерілгендігі айтылады.

Бүгінгі таңда аталған әдеп қағидалары қызметтегі және отставкадағы судьяларға тең қолданылады. Кодекстің әр бабы құқықтық және қоғамдық жүктемеге ие. Ендеше, осы орайда оқырман қызығушылығын тудыратын кейбір баптарға тоқталайық. Мәселен, судьяның жоғары мәртебесі мен жауапкершілігі Кодекстің 1-бабында көрініс тапқан. Судья қашанда берген антына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде, әдепсіз жүріс-тұрыстың көріністеріне жол бермей, судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауы тиіс. Кодексте судьяның жоғары мәртебесіне байланысты сот төрелігін іске асыруда оның мінез-құлық қағидалары бекітілген. Мысалы, судья сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениетін қамтамасыз етуге, өзін лайықты, әдепті ұстауға және процеске қатысушылардан сондай қарым-қатынасты яғни, сотты құрметтеуді талап етуі тиіс. Сонымен қатар, саяси және қоғамдық мәселелер бойынша оның пікір білдіру еркіне құқығы шектелмейді. Алайда, оның саяси партияда және саяси мақсатты көздейтін қоғамдық бірлестіктерде болуы қызметіне сай келмейді, әрі ол сот билігінің беделіне күмән туғызбау үшін, өзінің діни нанымдары мен көзқарастарын насихаттауға, діни нышандарға деген өз көзқарасын жария түрде білдіруге тиіс емес.

Кодексте судьяның сот қызметінде бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланысу мүмкіндігі де көрсетілген. Өйткені, судья журналистердің көмегімен көпшілікке соттарда не болып жатқаны немесе қандай шешімдер қабылданғаны туралы ақпарат бере алады. Бұл жұртшылықтың алдында сот төрелігінің беделін арттыруға ықпал етеді. Мәселен, Кодекстің 9-бабында судьяның сот қызметінің бұқаралық ақпарат құралдарында кәсіби тұрғыда көрсетілуіне ықпал етуге тиістігі айтылған. Судья бұқаралық ақпарат құралдарына істі қараудың процестік сатылары туралы ақпаратты, қабылданған сот шешіміне түсіндірмені, материалдық және процестік құқықтың нормаларын қолданудың қалыптасқан сот практикасы туралы ақпаратты бере алады. Сондықтан, судья лауазымына кірісе отырып, өзіне қызметтен тыс кезінде де ерекше талаптарды орындау міндеттілігін жүктейді. Себебі, ол сот лауазымына кір келтірмеуі керек.

Судья әрдайым көпшілік назарында болғандықтан, қоғам қашанда оның моральдық келбетіне қатаң талаптар қояды. Судьяға отбасында қойылатын жоғары моральдық қасиеттер туралы 12-бапта айтылған. Сондағы талаптар судьяның өз абыройына нұқсан келтірмеу, сот билігі беделін түсірмеу үшін қарастырылған. Ал Кодексте жазылған әдеп қағидалары мен нормаларын бұзған жағдайда, оған қатысты Судьялық әдеп жөніндегі комиссиясы туралы ережеде көзделген қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылады.

Қорыта айтқанда, Судьялық әдеп кодексін қабылдау Ұлт жоспарының заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Судьялардың әдеп кодексінің қағидаларын қоғам талабына сай жетілдіру – басты міндеттердің бірі. Судьялық әдеп кодексі судьялар корпусының қазіргі құрамын кәсіби және адами-әдеп жағынан нығайтудың құралы болуы тиіс. Халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам – ең дамыған қоғам болып табылады. Сондықтан, биліктің үшінші тармағы – сот жүйесі сенімге селкеу түсірмеуі тиіс.

Тыныштық МОЛДАХМЕТОВА,
Жоғарғы сот судьясы

Күдіктілер қатарында Қазақстан азаматы жоқ

Санкт-Петербургтегі Қазақстан Бас консулдығының соңғы мәліметтеріне сәйкес, аталған қаладағы террористік іс-әрекет бойынша күдікті ретінде ұсталған Орталық Азия республикаларының 6 азаматы ішінде Қазақстан азаматы жоқ.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігі ресми түрде осындай мәлімдеме жариялады. Ресейдің Санкт-Петербург қаласы бойынша Тергеу комитетінің хабарлауынша, оларға қатысты Ресей Федерациясы Қылмыстық кодексінің 205.1-бабының 1-тармағына (террористік іс-әрекетке қолдау көрсету) сәйкес қылмыстық іс қозғалған. Ведомство таратқан ақпаратта қамауға алынғандар Орталық Азия республикаларының басқа да тұрғындарын Ресейде тыйым салынған «Джебхат-ан-Нусра» мен «Ислам мемлекеті» ұйымдарының қызметіне тартқан.

«Қазіргі кезде ұсталғандардың Санкт-Петербург метрополитеніндегі жарылысты орындаушымен байланысы бар-жоғы жөнінде мәлімет жоқ», – делінген Ресей Тергеу комитетінің хабарламасында.

БАСҚА БАСЫЛЫМДАРДАН

Ресей мен Беларусь арасындағы газ дауы шешілді

BBC

Владимир Путин Ресей мен Беларусьтің мұнай-газ секторындағы даулы мәселеде ортақ келісімге келгенін айтты, деп жазады BBC. «Қос тараптың да мүддесі ескерілуі үшін біз мұнай-газ саласында екі жаққа да тиімді бағаны бекіттік», – деді Ресей Президенті Владимир Путин Беларусь басшысы Александр Лукашенкомен кездесуден кейін.

«Беларусьтің Ресей алдындағы қарызын қайта қаржыландыру мүмкіндігі бірер күнде шешімін тауып қалады», – деді Александр Лукашенко.

Президенттердің кездесуі Санкт-Петербургте өтті. 2016 жылы Ресей мен Беларусь арасында газ тасымалына қатысты түсініспеушіліктер туған болатын. Өткен жылдың мамыр айында Беларусь тарабы өз беттерімен есептеу жүргізіп, Ресейден алып отырған газдың екі есе қымбатқа сатылып отырғаны туралы мәлімдеген еді. Нәтижесінде, Беларусь өз есебі бойынша бекітілген тарифпен төлем жасай бастаған. Ал өз кезегінде Ресей қалған қаражатты қарыз есебінде жазып қойған болатын.

Дональд Трамп пен Си Цзиньпин алғаш рет кездеседі

CNN

Осы апта АҚШ-тың Флорида штатында АҚШ Президенті Дональд Трамп пен Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпин алғаш рет кездескелі отыр, деп хабарлайды CNN.

АҚШ баспасөз құралдары қазірдің өзінде бұл кездесуді тарихи оқиға ретінде бағалауда. Ақ үй табалдырығын аттаған алғашқы күннен бастап АҚШ-Қытай қатынасын нашарлатып алғандай болған Трамп кейінірек Си Цзиньпинмен телефон арқылы сөйлесіп, сарапшылар екі ел арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынасы бұрынғыша сақталатынын айтқан.

Саясаттанушылар екі жақтың мүдделері бір арнаға тоғыспай қалатын жерлерін айтады. АҚШ пен Қытайдың валюта саясатындағы қайшылығы – соның дәлелі. «Бұл тұрғыда Трамптың ұмтылысын Мао Цзэдунмен салыстыруға болады. Ішкі экономиканы күшейте отырып, халықаралық аренадағы позицияны күшейту – Трамп саясатының басты ерекшеліктерінің бірі» деп жазады CNN. «Дональд Трамп пен Мао Цзэдунға ортақ тағы бір сипат бар. Екеуінің де саясатын көпшілік тым жылы қабылдамады, алайда, іс жүзінде лидерлік қабілетіне сенгендіктен халық олардың соңынан ерді» деп түйеді басылым.

Түркияда туризм қайта жандана бастады

TÜRSAB

Алдын ала зерттеулер бойынша, 2017 жылы Түркияға 38 млн турист келуі тиіс деп хабарлайды «Анадолы» агенттігі Түркия туристік агенттіктер қауымдастығы (TÜRSAB) президенті Башаран Ұлысойдың сөзіне сілтеме жасап. Оның айтуынша, Түркияның туризм секторы өткен жылғы құлдыраудан кейін қайта бас көтеріп, 2017 жылғы туристік маусымға қызу дайындалуда.

«Түркия туризм нарығының Ресей және Украина сегменттерінде оң үрдістер байқалып отыр. Сонымен қатар, Ұлыбритания мен Таяу Шығыс елдерінен келетін саяхатшылар саны да арта түспек. Ал Еуропаның кей елдерінен туристер азаюы ықтимал, бірақ бұл мәселені де алдағы уақытта реттейтін боламыз», – дейді Ұлысой.

Қауымдастық президентінің пікірінше, Парсы шығанағынан келетін туристер негізінен Ыстанбұлда, Қара теңіздің шығыс жағалауында, Бурса мен Ялова аймақтарында дем алғанды жөн көреді. Ал ресейлік туристердің дені Ыстанбұл, Анталия, Измир мен Анкарада дем алса, израильдік туристер көбіне Ыстанбұл мен Анталияға барады екен.

Ресейде жұмысшылардың оннан бірі табысын тамағына жеткізе алмайды

ВЕДОМОСТИ

Росстат мәліметтері бойынша, кәсіпорындар мен ұйымдарда жалданып істейтіндердің 75%-ы кедейлік деңгейінде тұр деп хабарлайды «Ведомости» басылымы. Кедейлік деңгейі жұмысқа қабілетті адамдардың күнкөріс минимумы, яғни күнелтуге ең қажет өнімдер мен қызметтер жиынтығының құны бойынша анықталады. 2016 жылы ол 10 722 рубльге тең болды.

Жалақысы күнкөріс минимумы шамасындағы жұмысшы кедейлік пен қайыршылық арасында тұр деп саналады. Екі минимумға тең жалақы алатын жұмысшы өзін қосқанда отбасындағы екі адамды ғана асырай алады. Табысы бұдан төмендер қайыршылар категориясына түседі. Өйткені, жалақысы оның еңбекке жұмсаған күшін толтыруға жетпейді.

Бұл критерий бойынша, жұмысшылардың 10,7%-ы қайыршылық деңгейінде, 27,5%-ы – кедейлер, 37%-дың табысы кедейлік деңгейінен жоғары болса, тек 12,7%-ының табысы орта таптың тұтыну стандартына сәйкес келеді.

Дайындаған
Бауыржан МҰҚАНОВ,
«Егемен Қазақстан»

ЖАҢҒЫРТУ 3.0

Президент Жолдауына сенім мен қолдау көрсете отырып, кейбір іс-шаралар туралы ой-пікірімізді ортаға салып көрелік.
Бізде осыдан 6-7 жылдан бері жүргізіліп жатқан индустриялық-инновациялық бағдарлама, яғни технологиялық негізде жаңғыру жүргізіліп жатыр. Ол – тек біздің ғана емес, барша әлемнің келешегін анықтайтын, оның іске асуына әлемнің миллиардтаған халқының үлкен үміт артып отырған өзекті мәселе. Оны кеше айтты немесе бүгін айтты дейтін емес, ол барша әлемнің күн тәртібінен түспейтін проблема.

Сипаты бөлек, мазмұны терең Жолдау

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
академик

Егер біз осы аталған бағдарламаны осыдан 6-7 жыл бұрын жүзеге асыруға кіріссек, ол заман талабын бүгін ғана емес, бұрынырақ түсініп, осыған байланысты керекті іс-шараларды жасап жатқанымызды көрсетеді. Және де ол шаралар нәтижесіз емес: үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарламаны орындай отырып, біздегі өндірістің технологиялық деңгейі бойынша тәуелсіздік жылдары әлемде 82-орыннан 56-орынға көтеріле білдік. Ал инновациялық әлеуетімізбен әлемде 101-орыннан 59-орынға ілгеріледік. Осы жылдары елімізде жаңадан 800-ден астам кәсіпорын бой көтерген екен. Олар Елбасы атап көрсеткендей, тек бір ғана 2016 жылы 2,2 триллион теңгеге тауар өндіріпті. Президент өз Жолдауында осындай тауарларды ілгеріде бұдан да қомақты өндіріп және шикізат емес тауарлар көлемін 2025 жылға дейін екі есе өсіруді ел Үкіметіне міндеттеп отыр.

2004 жылы, яғни осыдан 13 жыл бұрын Елбасы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты кезекті Жолдауын жасап еді. Егер біз бәсекеге қабілеттілікті сол уақытта көтере білсек, бұл да қазақ елінің заман талабын қазір ғана емес, бұрынырақ сезгенінің айқын белгісі.

Осылайша, бәсекеге қабілеттілік назардан тыс қалған жоқ, осы бағытта біраз шаралар да жасалды және ілгерілеу де бар.

Дүниежүзілік экономикалық форум әр жылда әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің орнын, деңгейін анықтайды. Осы форумның жасаған рейтингі бойынша тәуелсіздік жылдары бәсекеге қабілеттілігіміз бойынша әлемде 78-орыннан 2016 жылы 53-орынға көтерілген екенбіз.

Сонымен, Президенттің соңғы Жолдауындағы көтерілген негізгі екі бағыт – технологиялық жаңғыру мен жаһандық бәсекеге қабілеттілік, бұлар – ешқашанда маңызын жойып, күн тәртібінен түспейтін мәселелер. Заман, техника, технологиялар түрленген сайын, түсінігің, дайындығың өзгерген сайын олар жаңа сипат алып, әрбір өскелең ұрпақтың алдында өз заманының өктем талабы болып қайталанып тұрады.

Президент Жолдауындағы талаптардың бұрынғыдан сипаты бөлек, тереңірек һәм мазмұнды. Онда Үкімет «Цифрлы Қазақстан» кешенді бағдарламасын жасап, оны іске асыру тапсырылған. Цифрлы төңкеріс (цифровая революция) – жақында дүниеге келген ғылым мен технология жаңалығы. Ол алғаш рет шетелдерде қолданыла бастаған, өндірістің бет-пердесін, болмысын күрделі өзгертетін құбылыс. Бұрын қолданыста болған экономиканың кейбір салалары жұмысын тоқтатып, кәсіптің, кәсіпкерліктің жаңа, бұрынғыдан да тиімді салалары дүниеге келуі мүмкін. Бүгін ешқандай жүргізушісі (шофері) жоқ машиналар кейбір елдерде шығарылып, жүк тасуға кірісе бастады. Оған мүмкіндік әлгі машиналарда өте тез есептейтін цифрлы технологияларды қолданудан туды.

«Финансы и развитие» журналының (№3, 2016 ж.) мәліметі бойынша 2000 жылы бүкіл әлемде 80 миллиардқа жуық фотография жасалған екен, ал 2015 жылы оның саны 1,5 триллионға дейін, яғни 20 есе өсіпті. Осыған қарамай әрбір фотографияның құны (пленка бағасын, фотография жасау шығынын қоса есептегенде) 50 центтен күрт төмендегені сондай, оларды тіпті шығын шығармай жасау мүмкіндігіне дейін жеттік. Әрине, бұл сандық технология жетістігі.

Цифрлы технология бухгалтерия, есеп, келісімшарт, басқа да осындай қызмет салаларының жұмысын түбегейлі жаңартып, осы сала қызметкерлерінің санын еселеп ықшамдауға әкеледі. Басқа көптеген салаға да аталған технологияның әсері осындай. Міне, осының бәрі қоғамда еңбек өнімділігін өсіруге, тез дамуға әкелетін ғылым жаңалығы. Күнделікті өмірде компьютерлі технологияны, смартфондарды кеңінен пайдалана бастаған Қазақстан үшін цифрлы технологияны игеру, шаруашылық жүйесіне енгізу өте маңызды екені ешбір күмән тудырмайды.

Жолдау ел азаматтарын, жастарды, кәсіпкерлерді жаңашылдыққа үндейді, инновациялық тәсілдерді кеңінен пайдаланып, еңбек өнімділігін қомақты түрде өсіруге шақырады. Президент Үкіметке ЭКСПО-2017 көрме құрамында халықаралық ІТ-стартап компаниясын жасақтап, іске қосуды тапсырды. Сол сияқты еліміздегі университеттерде де осындай стартап компаниялары, технологиялық парктер, инкубаторлар өмірге келуі тиіс. Жалпылай айтқанда, инновация-жаңашылдық алдағы уақытта ел экономикасына, тіпті әрбір азаматтың өзіне серпін беретін заман құбылысы болғалы тұр.

Елбасы өз Жолдауы арқылы алдағы бес жылда 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлердің басын біріктіріп, олардан ауылшаруашылық кооперативтерін құруды Үкіметке міндет артып отыр. Бұны орындау атүсті болмай, баянды жасалып, ауыл шаруашылығы жүйесін күрделі өзгеріске әкелуі керек. Ал мектеп, емхана, елді мекендерді абаттандыру, ауылдағы жол қатынастарын реттеу және басқа да мәселелер – тек мемлекет тарапынан қаржы бөлініп қана орындалуы мүмкін іс-шаралар. Мемлекет бағдарламаларында ауылдың осындай қажеттіліктері Үкімет тарапынан тиянақты түрде ескерілуі керек. Тағы бір кешеуілдетпей тиянақты түрде іске асыратын шаруа – кәсіпкерлікті, орта және шағын бизнесті қолдау. Үкіметтің кеңейтілген отырысында Елбасы орта және шағын бизнес кәсіпкерлерінің саны азайып, олардың шығаратын өнімі де төмендеп кеткенін айтты. Ал тек соңғы екі-үш жылдың ішінде осы бизнесті барынша қолдау керек екенін Президенттің өзі ең кемі 5-6 рет айтып, басқарушы мекемелерге тиісті тапсырма беріп еді.

Орта және шағын бизнестің төмендеуі бұл жергілікті халықтың тұрмысының төмендеуі деген сөз. Сондықтан мұны тек алқалы жиындардағы әңгіменің арқауы ғана қылмай, әрбір басқарушы мекемелер онымен күнделікті айналысуы керек. Осы салада кездесетін кедергілерді жоюды жүйелі түрде қолға алған жөн. Осыны біз, өкінішке қарай, жасамаймыз.

Қазір халық тұрмысын жақсартудың бірден-бір жолы – жер-жерлерде осы орта, шағын бизнесті қолдау. Ол үшін оларға несиеге қомақты қаржы бөлу қажет. Ақша болса елдегі ағайындар өз кәсібін өздері табады. Бізде кәсіпкерлікке кеңес беретін ұжымдар да бар. Ал кәсіпкерлікке баулитын, үйрететін мектептер жоқтың қасы. Осыларды әрбір аудандарда ашып, жұмысқа қосудың жөні де, маңызы да бар. Орта және шағын бизнеске барынша қамқорлық жасау барлық іс басындағы азаматтардың жауапты да тікелей міндеті дер едім. Өйткені, халықтың күнкөріс, тұрмыс деңгейінің өсуі осы орта және шағын бизнестің қай жерде болса да бой көтеруімен тікелей байланысты. Елбасы өз Жолдауында әрбір осы саладағы кәсіпкерлердің әрқайсысына 16 млн теңгеден көмек беруді ұсынды. Дұрыс шешім, бұрынғыдан көлемдірек жәрдем. Дегенмен, бұл да аздық ететін сияқты. Өз басым 2016 жылғы бюджетте игерілмей қалған 32 млрд теңгені осы орта-шағын бизнесті қосымша қолдау ісіне жұмсауды ұсынар едім. Ауылдағы, қаладағы бизнесмендер осы мүмкіндікті дұрыс пайдалана алатынына күмән жоқ. Несиенің аздығы бизнестің қолын байлап отырғанын көрмеуге болмайды. Ендеше, осы айтылғандарды жинақтасақ, істейтін шараларға көз жіберсек, алдағы кезең күрделі және ел болмысын түбегейлі өзгертуге әкелетін маңызды істер кезеңі болғалы тұр. Сондықтан да Президент атап көрсеткендей, бұл кезеңді Қазақстанның Үшінші жаңғыру кезеңі дейміз. Жаһандық бәсекеге қабілетті болу күресіне шықтық, әлем өркениетінің тағы бір көкжиегіне шығуды мақсат еттік. Әрбір қазақстандықтың адами сипатын, адами болмысын заман талабына сай сомдау керектігін зердемізге түйдік.

Көптен айтылып жүрген саяси реформалар да алғашқы қадамын жасай бастады. Осыдан кейін Үкімет өз ісін өзі бағдарлап, оны іске асыруға тікелей жауап бермек. Парламенттік билік кадр жасақтауда, бюджетті қарап, бекіту ісінде бұрын болмаған құзыретіне ие болады. Сөйтіп, еліміздің заман талабына сай дамуына олардың да жауапкершілігі еселеп артады. Олар осы жаңа жауапкершілікке дайын болуы керек. Мүмкін олар да өз қатарын жаңаша жасақтайтын болар.

Өткен 25 жылда талай қиындықты бастан кешірдік, оларды жеңе де білдік. Әлем дағдарысының әсерінен жүрісіміз баяулады, бірақ кейбір алыс-жақын елдердей кейін кеткеніміз жоқ. Тұрақты қалпымызды сақтадық.

Заман талабының зор екендігін ұғып отырмыз. Алдағы іс-қимылдың жобасы бар, арнасы анық. Әлемдегі ең озық 30 елдің қатарына қосылуды көздеген «Қазақстан-2050» Стратегиялық жоба бар. Президент ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары да бар. Жолдауда атап көрсетілген Үшінші жаңғыру кезеңінің бес арнасы белгіленді. Міне, егемендігіміздің екінші ширек ғасырында жүретін жолымызды осылай анықтап, алатын асуларды алыста болса да осылай межелеп отырмыз. Сондықтан да осы жан-жақты дайындық еліміздің Үшінші жаңғыруына сәттілік әкелуі тиіс. Лайым солай болғай!

СЫРТ КӨЗ – СЫНШЫ

Қарышты дамудың кепілі

Шариф МОЛЛАЕВ,
Ресей-Тәжік университетінің PR-журналистика және баспасөз кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы

Біз Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың ел билігінің тармақтары арасында өкілеттіктерді бөлу мәселесіне қатысты Үндеуімен мұқият танысып шықтық. Әлемдік қоғамдастықта экономикалық-саяси жағдайлар дамыл таппай, бірде қарышты дамып, енді бірде құлдырап жатқан қазіргідей күрделі кезеңде мән-маңызы жоғары мұндай өзгеріс енгізу туралы шешім қабылдау оңай емес екені белгілі. Солай десек те, тәжірибелі басқарушы, көргені көп білікті саясаткер Нұрсұлтан Назарбаев конституциялық реформаны жүзеге асыруды жөн санады. Ендеше, Қазақстан Президенті өзінің осындай шешімімен билік тармақтарын бөлуге қатысты мәселеде әрбір ұсақ-түйек тетіктерге де мұқият көңіл бөліп, зер салғандығына сенім артуға болады. Ел басқару ісінде Үкімет пен Парламенттің құзыретін кеңейту достық қатынастағы Тәжікстан мен Қазақстанның қарышты дамуын қамтамасыз етеді деуге толық негіз бар. Сонымен қатар, мұндай шешім екі елдің байланысын нығайтып, жаһандық және аймақтық қауіп-қатерлерге қарсы әрекет етуде әріптестігін тереңдете түсетіндігі сөзсіз.

Мүмкіндіктері мол, тәжірибелері де жетеді

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы жария етілген уақыттан бергі аралықта осы құжатта көрсетілген және аталған мәселелер туралы қазақстандықтармен қатар, шетелдік саясаткерлер, танымал сарапшылар пікір білдіруде. Солардың бірі – Қазақстанның Батыс Австралия штатындағы құрметті консулы, австралиялық «Mount Burgess Mining» компаниясының бас директоры Джейсон Стирбинскис.

Джейсон Стирбинскистің пікірінше, «Қазақстан-2050» Стратегиясы әлеуметтік-экономикалық ортаны жаңаша басқарудың жолын ұсынады. Ол проблемасыз болмайды. Бірақ Қазақстанның болашақ ұрпақтарының қолайлы өмір сүруіне бағытталған стратегиялық жоспарларын іске асыруға мүмкіндіктері бар, тәжірибелері жеткілікті. Өйткені, Қазақстан жаңғырудың бұған дейінгі екі кезеңін сәтті жүзеге асырды. Ал елді жаңғырудың үшінші кезеңі соңғысы емес, бұл әрі қарай жалғасын таба бермек.

Бұдан кейін Д.Стирбинскис Жолдауда ауыл шаруашылығы, тау-кен өндірісі өнеркәсібі және білім беру салаларын дамытуға бағытталған жобалар өзін риза еткенін атап өтті. «Қазақстан мен Австралияның ауыл шаруашылығы және тау-кен өндірісі өнеркәсібі салаларындағы жағдай бірдей, – дейді ол осы жөнінде. Екі мемлекет те ауыл шаруашылығын өркендетуге қажетті жарамды жерлерге ие, сондай-ақ, минералды ресурстарға бай. Сондықтан да біздің елдің осы салаларда өзара іс-қимылды жандандырып, әрекет етудің болашағы зор деп ойлаймын. Оның үстіне, Қазақстан запастағы пайдалы қатты жерасты қазбалардың қоры туралы халықаралық стандарттар есептілігін қабылдаған. Ал тау-кен өнеркәсібіне қатысты жұмыстар маған жақсы таныс».

Компания басшысының атап өтуінше, Австралия қысқа мерзім ішінде тұрғындарды өз елін азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге қабілетті екенін көрсетті. Бұл өз кезегінде ауылшаруашылық индустриясын кеңейтуге деген ұмтылысты өрістетті. «Бүгінде Қазақстан Орталық Азияның астық қамбасы болуға, ал Австралия Оңтүстік Азияның астық қамбасы болуға ұмтылып отыр, – дейді Д.Стирбинскис. – Сол себептен де осы бағытта іс-қимылдың қажет екені айқын».

«Қазақстан-2050» Стратегиясында білім беру, ғылымды дамыту жайына да ерекше назар аударылған. Д.Стирбинскистің пікірінше, бүгінгі өзгерістер жағдайында енді 20 жылдан кейін қандай мамандықтың, қандай кәсіптің сұранысқа ие болатынын дөп басып айту қиын. Ал Қазақстанға ақпараттық технология, робототехника және басқа салаларда жұмыс істеу үшін ағылшын тіліне жетік кәсіби мамандар қажет болады. «Қазақстан басшысы осы мәселені күні бұрын ескеріп, қазақстандықтарға ағылшын тілін үйрену керектігін ұсынып отыр. Міне, бұл Қазақстан Президентінің кез келген мәселенің мәнін тереңнен ойластыратын ерекше тұлға екенін көрсетеді», дейді бас директор.

Джейсон Стирбинскистің атап өткеніндей, соңғы жылдары Қазақстанның әлемдік аренадағы беделі өсті, халықаралық қоғамдастықпен ынтымақтастығы кеңейді, өзара сенімділік нығайды. Ірі халықаралық жиындар мен өзге де ауқымды іс-шаралардың ұйымдастырылып, олардың ойдағыдай өтуіне ұйытқы болып жүр. «Қазақстан 2050 жылға қарай әлемде ең дамыған 30 елдің қатарынан орын алуды мақсат етіп отыр, – дейді Д.Стирбинскис. Елдің осы мақсат-міндетіне жететініне сенімдімін. Өйткені, бұл елде болашаққа бағытталған институттық реформалар іске асырылып жатыр».

Әзірлеген
Әлисұлтан ҚҰЛАНБАЙ,
«Егемен Қазақстан»

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Қазақстанның даму қағидалары талқыланды

Еліміздің Сингапурдағы елшісі Үсен Сүлеймен аталған мемлекеттің ірі компанияларының өкілдеріне Қазақстандағы конституциялық реформалардың және Елбасы Жолдауының негізгі қағидаларын түсіндіру бағытында брифинг ұйымдастырды. Бұл туралы Қазақстанның Сингапурдағы елшілігі хабарлады.

Қазақстандық дипломат Елбасы ұсынған конституциялық реформалар мемлекеттің сауда-экономикалық әлеуетін нығайтуға және елдің экономикалық дамуының болашағы мен инвестициялық тартымдылығын арттыруға айтарлықтай серпін бере алатынын баса айтты.

Сондай-ақ, шара барысында Мемлекет басшысының «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауына айрықша көңіл бөлінді. Елшінің айтуы бойынша, жаһандық экономикалық бәсекелестіктің артуы жағдайында, Елбасы Н.Назарбаев ұсынған Үшінші жаңғыру атты экономикалық өсу моделі экономиканың жоғары қарқынын қамтамасыз етуге, әлемдегі 30 озық елдің қатарына қарай тұрақты түрде ілгерілеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, брифинг шеңберінде Ү.Сүлеймен сингапурлық іскер топтарды Ляньюнган портындағы Қазақстан және Қытай терминалының мүмкіндіктерін зерттеуге шақырды.

Ұлыбритания үшін ЭКСПО-2017 көрмесі – мүмкіндіктер алаңы

Ұлыбританияның Сыртқы және Достастық істері жөніндегі министрлігінде ашылуы Астанада өтетін ЭКСПО-2017 көрме барысында, яғни алдағы 26 маусымға жоспарланған британдық павильонның ресми тұсаукесері өтті. Бұл туралы Қазақстан Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Рәсімге Қазақстанның Ұлыбританиядағы елшісі Ерлан Ыдырысов, Біріккен Корольдіктің Сауда және инвестициялар мемлекеттік министрі Грег Хэндс, Ұлыбританияның ЭКСПО-2017 Ұлттық комиссары Чарльз Хендри, павильонның бас дизайнері Асиф Хан, сондай-ақ, британ үкіметінің және парламентінің, іскерлік және сарапшы топтарының өкілдері қатысты.

Ұлыбритания – өзінің ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысуын алғашқылардың қатарында растап, Ұлттық комиссарын тағайындаған және өз павильоны дизайнының тұсаукесерін өткізген елдердің бірі. Біріккен Корольдіктің бұл жаһандық форумға қатысуы оның Қазақстанмен ұзақ мерзімді серіктестік құруға және оны дамытуға бейілділігінің айғағы.

Е.Ыдырысов Қазақстанның мұндай халықаралық көрмені өткізетін Орта Азиядағы және ТМД-дағы тұңғыш мемлекет болатындығын атап өтті. Оның айтуынша, ЭКСПО-2017 біздің еліміз үшін тарихтағы аса маңызды жаһандық форумдардың бірі болады.

Өз кезегінде Біріккен Корольдіктің Сауда және инвестициялар мемлекеттік министрі, Қазақстан-Ұлыбритания ҮАК тең төрағасы Г.Хэндс екі ел арасындағы қатынастардың жоғары деңгейде дамып келе жатқандығына баса назар аударып, іс-шараға қатысушыларды осы жылғы 13-16 сәуірде Лондон алаңдарының бірінде өтетін Қазақстанның «Керуен-ЭКСПО-2017» роудшоуына қатысуға шақырды.

Сонымен бірге, Ұлыбританияның ЭКСПО-2017 Ұлттық комиссары Ч.Хендри де британ тарапы үшін бұл көрме Қазақстанмен және көрмеге қатысушы өзге елдермен бизнес саласындағы ынтымақтастықты дамытуға арналған айрықша мүмкіндік екендігін тілге тиек етті.

ЭКСПО-2017 көрмесіндегі британдық павильонның тақырыбы – «Біз – энергиямыз». Бас дизайнер Асиф Ханның шешімі бойынша британдық павильон қазақтың киіз үйі пішіндес болатын көрінеді.

Рухани байланыстың бір көрінісі

Қазақстанның Минскдегі (Беларусь) елшілігінде Гродно облысы Волковыск қаласы Жастар парламентінің 25 адамнан құралған делегациясы болды. Бұл туралы Қазақстанның Беларусьтегі елшілігі хабарлады.

Басқосуда Қазақстан елшісі Ерғали Бөлегенов Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен еліміздің дамуы, билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу жөніндегі конституциялық реформалар, Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы туралы егжей-тегжейлі айтып өтті.

Сондай-ақ, Е.Бөлегенов Ұлы Отан соғысы кезінде Волковыск қаласын жаудан азат ету кезінде ерлікпен қаза тапқан қазақстандық Кеңес Одағының Батыры Қазбек Нұржановтың ерлігін ұмытпай қастерлеп жүргендері үшін Волковыск қаласының басшылығы мен тұрғындарына, сонымен бірге, жастарға үлкен алғысын білдірді.

Айта кетейік, Волковыск жанындағы бауырластар зиратында Қ.Нұржановқа арнап ескерткіш орнатылған және сол қаланың «Южный» шағынауданындағы көшелердің біріне батырдың есімі берілген. 1978 жылдан бері жыл сайын Отан қорғау күні қарсаңында Олимпиадалық резервтегі №1 мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде Кеңес Одағының Батыры Қ.Нұржановтың Кубогына арналған жеңіл атлетикадан облыстық жарыстар өткізіліп тұрады. Бұл шараға Қазақстан елшілігі жыл сайын қатысып, ұйымдастырушылар мен қатысушыларға ауыспалы Кубогты, бағалы сыйлықтар мен жүлделерді тапсырып отырады.

ӨҢІР ӨМІРІ

Шойын жолдың бойындағы шаһар

Шардың тірлігі түзеліп келеді

Жуырда бұрын өз алдына жеке аудан болып тасы өрге домалаған, бүгінде Жарма ауданына қарайтын Шар қаласына арнайы барып, тыныс-тіршілігімен танысып қайттық.

Азамат ҚАСЫМ,
«Егемен Қазақстан»

Темір жол: кеше һәм бүгін

Шарға табаны тиген жұрттың көзі ең әуелі шиыр-шиыр шойын жолдарға түседі, одан соң отарбалардың уіліне құлақ түреді. Шағын шаһардың қай жеріне барсаңыз да, жолыңызды темір жол кескестейді. Темір жол бойынан рельстерді тықылдатқан қызғылт жейделі киім киген қызметкерлерді көресіз. Осы көріністерге қарайсыз да, Шардың шын мәнінде темір жолшылар қаласы екендігін сезінесіз. Расында солай. Қала тұрғындарының көпшілігі темір жолға қатысты мекемелерде еңбек етеді. Ресми деректерге сүйенсек, мұндағы 800-ге жуық тұрғын темір жол саласында тер төгіп жүр екен.

Алматы-Защита, Павлодар-Алматы, Қарағанды-Семей, Семей-Қызылорда, Астана-Защита, Ташкент-Новосібір, Бішкек-Новокузнецк, Алматы-Новосібір бағытындағы пойыздар Шардың үстімен өтеді.

Қалада темір жолға қатысты мекемелер көп. Соның ең үлкені – «Қамқор Локомотив» ЖШС-іне қарасты Шар Локомотив жөндеу депосы. Осыдан біраз уақыт бұрын қысқарту жүріп, 210 адамнан 108 қалыпты.

– Біз алғаш жұмысқа келген кездері 800-ге жуық жұмысшы болатын. Машинистердің өзі 600-дің үстінде еді. Пойыздар да көп еді ол кезде. Күні-түні ағылып жататын. Тәулігіне 27 жұп пойыз өтетін. Қазір пойыздардың ағыны азайды, жөндеу жұмыстарының көлемі де кеміді, – дейді осы мекемеде 1979 жылдан бері табан аудармай еңбек етіп келе жатқан теміржолшы Серікқазы Сүлейменов.

«Елу жылда – ел жаңа». Шар Локомотив жөндеу депосы филиалының бас инженері Ринат Ұзақов мұндағы қызметкерлер санының қысқаруына өндіріске жаңа технологиялардың енгізілуі өз әсерін тигізіп жатқанын айтады. Жаңа техниканың аты жаңа техника. Бұрын 50 адам жабылып атқаратын жұмыс бүгінде жалғыз кісіден аспайды. Кәсіпорынға соңғы жылдары Қытайдан жаңа құрылғылар алынып, жаңа тепловоздар әкелініпті. Бұл мекеме негізінен тепловоздарды, оның ішінде локомотивтердің қос доңғалағын жөндеумен шұғылданады. 2010 жылы «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясынан СДП-М №2880 маркалы қар тазалау машинасын күрделі жөндеуден өткізуге тапсырыс алып, 1980 жылдан бері жөндеу көрмеген техниканы заман талабына сай жарақтандырып, салтанатты түрде табыс етіпті. Депо қызметкерлері 2013 жылдың наурыз айынан бастап америкалық «GE» компаниясымен бірге жаңа «Эвалюшен» тепловоздарының қос доңғалағын жөндеуді еліміз бойынша бірінші болып қолға алыпты. Кәсіпорын негізінен тапсырыспен жұмыс істейді. Тиісінше табыстары да соған байланысты.

– Шар локомотив депосы дүркіреген мекемелердің бірі еді. Кезінде республикада 2-3-орыннан түспейтін. Депо жұмыс істеп жатыр ғой, бірақ бұрынғы деңгейде емес. Жұмыс көлемі, тапсырыс азайды. Бұған тендер мен конкурстар да әсерін тигізбей отырған жоқ. Тендерді негізінен Астана мен Алматыдағы компаниялар жеңіп алады. Келешекте Шар депосына тапсырыстар көбірек берілсе, мекеме талай адамды жұмыспен қамтып, әлі талай жыл тоқтаусыз жұмыс істейтіні анық, – дейді Жарма аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Назым Сейітқазина.

Қала мәртебесі қала ма?

10 мыңға жуық тұрғыны бар шағын шаһар халқын көптен бері алаңдатып жүрген мәселенің үлкені – осы. 1963 жылы қала мәртебесін алған Шар қаласының мұғалімдері мен дәрігерлері ауылды жерлерге берілетін 25 пайыздық үстемақыны ала алмай келеді. «Дипломмен – ауылға» бағдарламасымен келгісі келетін жастарға да ешқандай жеңілдік қарастырылмаған. Не үшін? Қала мәртебесі болғаны үшін. Бұл мәселені қала тұрғындары Парламент Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильяновқа да жеткізген. Халық қалаулысы Үкімет басшысының атына депутаттық сауал жолдап, 10-20 мың тұрғыны бар ауылдағы қызметкерлерге, жастарға берілетін жеңілдіктер осындай шамадағы халқы бар шағын қалаларға да берілуі керектігін айтып, бірқатар ұсыныстарын жеткізген болатын.

Шар қаласының қоғамдық ұйымдары мен аудандық мәслихат депуттарының былтырғы жылдың қараша айында Жарма ауданының әкіміне жолдаған хатынан біраз жайтты аңғаруға болатын секілді. Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Назым Сейітқазина осы мәселеге орай облысқа, облыс Ұлттық экономика министрлігіне хат жолдағанын айтты. Бірақ әзірге жауап келмеген.

– Қала тұрғындары қала мәртебесін қалдырып, сонымен қоса ауылды жерлерге берілетін жеңілдіктер бізге де берілсе, осы жөнінде Үкіметте арнайы бағдарлама қабылданса дейді. Бұл – еліміздегі шағын шаһарлардың барлығына ортақ проблема. Қаладағы үйлердің 80 пайызы ауыз сумен қамтылғанымен, орталықтандырылған жылу жүйесі жоқ. Тұрмыс-тіршілігіміз қаладан гөрі ауылға жақын. Егер жоғарыда айтылған мәселе шешімін тапса, тұрғындар ешқайда кетпейді, – дейді Шар қаласының әкімі Мұратхан Сәкенов.

Қала басшысы тоғыз жолдың торабындағы теміржолшылар шаһарының болашағы бар екенін, қала іргесіндегі Цемент зауыты толық қуатында жұмыс істеген кезде талай адамға екі қолға бір күрек табылатынын айтады. Қазіргі уақытта бұл зауытта қаланың 300-ге жуық тұрғыны жұмыс істеп жатқан көрінеді. 2015 жылы Шар қаласындағы өндірістік өнімнің көлемі 5953,2 млн теңгені құраса, 2016 жылы 3 362,1 миллион теңгеге, яғни 43,5 пайызға төмендепті. Ал «Қазақцемент» ЖШС-індегі цемент өндірісінің көлемі 249,3, клинкер 219,8 мың тоннаға кеміген көрінеді. Бұған Ресейден келетін арзан бағадағы цементтің ел нарығына саудаға шыққаны әсер етті дейді мамандар.

Шардағы тағы бір түйткілді мәселе – көшелердің дұрыс жарықтандырылмауы. Жарық мәселесінің жырға айналып отырғанын қала әкімі де жасырмады. Шаһардағы 20-дан астам көшенің тек 8-нің ғана жарықтандырылғанын айтқан Мұратхан Сәкенов биыл қаладағы 4 көшенің жолдары жөнделіп, бірнеше көшеге жарықтандыру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отырғандарын жеткізді.

Жолдар жөнделеді, көшелер жарықтандырылады

Осыдан бірер жыл бұрын Шарға жол түскенде қала тұрғындарының «Шарға ешкім қараспайды. Аудан орталығы Қалбатауға қараңыздаршы. Тұптура Лас-Вегас. Жарқырап тұр», деп өкпесін айтып, мұңын шаққандары есімізде қалыпты. Осы жолы барғанда шарлықтардың бұл пікірінің өзгеріп, ертеңгі күнге сеніммен қарай бастағанын аңғарғандай болдық.

– Соңғы жылдары қаламызға көңіл бөліне бастады. Былтыр ұлы Абайдың кеуде мүсіні қойылды. Үш жүз орындық қазақ мектебі ашылды. Көшелеріміз абаттандырылды. Ендігі бір мәселе – қалаға үлкен спорт модулі қажет, – дейді осындағы былтыр ашылған Б.Тұрсынов атындағы қазақ мектебінің химия пәнінің мұғалімі Сәуле Жүнісова.

Шар қаласына былтыр республикалық, аудандық және қалалық бюджеттен ұзын саны 170 миллионға жуық қаржы бөлініп, шаһардың су құбырлары, қалаішілік жолдар жөнделіп, Карелин атындағы орта мектептің қазандығы мен орталық емхана күрделі жөндеуден өткізіліп, абаттандыру, көріктендіру жұмыстары жүргізілген-ді.

Шардағы былтыр басталған жұмыстар биыл жалғасын таба ма? Ағымдағы жылы қанша қаржы бөлінеді? Қандай жұмыстар жүргізіледі? Шар тұрғындарын толғандырып жүрген сауалдарды Жарма ауданының әкімі Нұрлан Сыдықовтың өзінен сұрадық.

– Осыдан бір жарым жылдай уақыт бұрын ауданға әкім болып келгенімде Шар қаласының тұрғындарымен кездестім. Кездесуде халық әкімнің жұмысына көңілдері толмайтынын, «ақшаның бәрі аудан орталығы Қалбатауға кетеді, бұрынғы аудан орталығы Шарға ешкім назар аудармайды», деп наразылықтарын білдірді. Біраз жұмыстарды жасаймыз деп уәде бердім сол кездесуде. Содан кейін арнайы жоспар құрып, бағдарлама әзірледік. Аудандық бюджеттің біршама бөлігін Шарға бағыттадық. Негізінен қаланы абаттандыруға, көшелерді жөндеуге, жарықтандыруға көңіл бөліп жатырмыз. Ауданымыздағы жалғыз субұрқақты Шарға орнаттық. Мәдениет үйін жөндеп, алдына Абай атамыздың ескерткішін қойдық. 2016 жылы осындай жұмыстарды қолға алдық. Жыл соңында өткен халықпен кездесуде тұрғындар ризашылықтарын білдірді, – деген аудан әкімі биыл қаланың 4 бірдей көшесін жөндеуге аудандық бюджеттен 104 миллион теңге қарастырылғанын айтты.

Сонымен қатар қаладағы ауыл балалары барып-келіп оқитын 80 орындық интернатты жөндеуден өткізуге республикалық бюджеттен 55 миллион теңге бөлініпті.

Түйін

Шығыстағы шағын шаһарлардың бірі Шардың біз көрген, біз естіген мәселелерінің бір парасы осындай. Қаладағы түйткілді мәселелерді шешуге аудан тарапынан мүмкіндігінше көмек көрсетіліп жатқанымен мұның аздық ететінін аңғарғандай болдық. Сондықтан облыс, Үкімет тарапынан да қомақты қаржы бөлініп, мемлекеттік деңгейде үлкен қолдау, қамқорлық жасалуы қажет секілді.

Шығыс Қазақстан облысы

Суреттерді түсірген автор

АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Барды ұқсатпай болмайды

Сүлейімен МӘМЕТ,
«Егемен Қазақстан»

Қазақтың байлығы мол дейміз, кейде кейбіреулер үшін сол байлық шайлығына жетпей, шарадай басы шақшадай болатынын қайтерсің. Осының арғы жағына үңілсең көп нәрсе барымызды ұқсата, еңбектегі нарымызды бағалай алмай жатқанымыздан болса керек. Бұлай деуге себеп, осы күндері ауыл-елдердегі, үлкен қалалардың маңындағы малмен айналысатын, нақтылай түссек, жұртты етпен қамтамасыз етіп отырған қожалықтардың қора-қопсыларының төңірегінен үйіліп жатқан жылқы, сиыр, қой, ешкі терілерін көресің. Домалап жатқан бастар да баршылық. Қожалық иелерінен бұл туралы сұрасаң «Алушы жоқ», дейді. Келмеске кеткен кеңес дәуірінде қыстау мен жайлауды, көктеу мен күздеуді, ауыл-ауылды, көше-көшені аралап жүріп, жүн-жұрқа мен тері-терсек алатындар мықты тұратын еді. Өйткені, әлгі өнімдерге сұраныс бар. Қаржы қарастырылған. Ұтымды ұйымдастырылған. Асыл ешкінің жүні алтынмен пара-пар болатын. Әдемілеп үйтіп, қауындай етіп жуған қойдың басы – ол кезде дүкендердің мұздатқышында толып тұратын. Оның қызығын көп жағдайда студенттер көруші еді.

Ал, қазіргі үйіліп жатқан әлгі аста-төк байлықты қашан қажетімізге жаратар екенбіз? Егер оны ақаусыз, нақты тірлікте орындай алсақ: шетелдің әлем-жәлем жасандысынан құтылып, өзіміздің табиғи өнімімізді иығымызға ілер едік. Бір замандары Түркия еліне бас сауғалап барған қандастарымыз, қазіргідей керемет технология жоқ кездің өзінде былғары өндірумен абыройларын асырғаны мәлім. Олардың ұрпағы атажұртта баршылық. Келістіре алсақ, тері затына қай заманда да сұраныс сиремейді. Қоспасыз, қойыртпақсыз табиғи дүние ғой!

Осы бір түйткіл көкейден кетер емес. Бұл жайлы қожалық иелерімен сөйлессек, «Біз көп жағдайда ет өндіріп қана отырмыз. Ал, малдың өзге өнімдері ешкімге керексіз болып тұр. Шіркін, байтағымыздағы басынан бастап қара тұяғына дейінгі төрт түліктің «байлығын» толық игерсек, бұйымымыз пұл болып, дәулетіміз артып, сәулетіміз көз тартар еді. Қара тұяқтан «өнетін» түймеміз де табиғи болып шығары хақ. Осыны тиісті орындар ескеріп, жете мән берсе ұтылмас едік. Қожалықтардың қауқары көбейіп, қарымы артар еді. Бәсекелестік өрістеп, шарықтаған баға төмендер еді», дейді. Жөн сөз.

Тағы бір қожалықта еңбек етіп жүрген азаматпен тілдескенімізде, билік тармағының бір өкілі базарға апарған қой етін алушыға серейген күйде бұзбай беру керектігін, бұл заңда бекітілгенін айтыпты. Ол өзінің мұндай талапты естімегенін, кейбір азаматтар бұзып беруді сұрайтынын алға тартыпты. «Қазақ ет бұзған кезде әр мүшенің орнын білумен бірге, адам ағзасына зиянын тигізетін бездерді алып тастап отырған. Мұны бүгінгі жастар, кейбір үлкендердің өзі біле бермейді. Біз көп жағдайда ет алушыларға осыны ескерткенде олар, бұзып беруімізді өтінеді. Тіпті, соны біліп алсақ деген ниет танытушылар да аз кездеспейді», деген ол, кейбір белсенділер түсіндірудің орнына дікеңдейтініне, заңды аяқастынан талап ететініне өкініш білдірді. «Әрине, заң талабына қарсылығымыз жоқ. Білсек орындау міндетіміз. Ол бізге жетпей жатады. Осы жағын да ескерсе», деген тілегін алға тартты.

Иә, қазақ даласындағы төрт түліктің еті ғана емес, өзге де өнімдері ұлт байлығы екені сөзсіз. Дегенмен, осы байлықты ұқсата алмай келе жатқанымыз рас. Бұл істе өткеннің тәжірибесін зерттей келе, зейін қойып, игілікке жаратсақ, еңбек адамдарының ауқаты артуымен бірге, халыққа да тиімді болар еді. Тері мен жүннен жасалған дүниелер, өзге де заттар басқалардың қызығушылығын тудыратынына еш күмәніміз жоқ . Тері мен жүннен жасалған ұлттық құндылықтар қаншама? Киім үлгілері, үй жасаулары, ең аяғы мұражайларда тұрған мүйіз насыбай шақшалардың өзі неге тұрады? Жаһандану дәуірінде ұлтқа тән нәрсенің үлкен-кішісі болмаса керек. Қазақтың қазақ екенін көрсететін осы бір істің қазіргі барын місе тұтып отыра бермей, елдік тұрғыда мал өнімдерін жүйелі өндіру ауқымды жұмысын кешеуілдете бермей қолға алсақ, ұлтымыз ұтылмас еді, жұртымыз жұтаңдықтан құтылар еді.

Мырзагелді КЕМЕЛ,
экономика ғылымдарының докторы

Басты мақсат – бәсекеге қабілеттілік

Ел Президентінің «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында айқындалғандай, мемлекеттік саясаттың басты мақсаты – ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, халықтың әл-ауқатын көтеру.

Цифрлы технологиямен бірге Жолдау атауындағы «жаһандық бәсекеге қабілеттілік» сөзі босқа аталып тұрмағандықтан, Қазақстан экономикасы әртараптандырылған және халқы жаңа экономикаға белсенді тартылған, әлемдік дағдарыстан шыққан анағұрлым күшті және бәсекеге қабілетті елге айналуы жайында да бірер сөз.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметінің саласын барынша кеңейтуге және олардың қызметін жандандыруға бағытталған институттық жағдайларын жетілдіру есебінен, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасында орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту жөнінде іске асырылып жатқан шараларды жақсарта түсу қажет.

Ұлттық экономиканың табиғи ресурстар, ғылым және білім әлеуеті сияқты бәсекелестік қабілеттілігі факторларын бағалауды жақсартуға тиіспіз. Қазіргі таңда экономиканы тұрақтандыруда және оның өсу қарқынын жоғарылатуға бағытталған саясатты іске асыру өндірістік инфрақұрылымның аса тиімді, бәсекеге қабілетті жобаларына инвестиция тартуды ынталандыру тетіктерін қалыптастыру арқылы жүзеге асатыны белгілі. Инвестицияның өсуі және елде қолайлы инвестициялық климат құру дамудың стратегиялық міндеті және экономиканы жаңартудың өте маңызды шарты.

Әртараптандыру ғылымды қажетсінетін, жоғары технологиялық және бәсекелестікке қабілетті өнімдердің пайдасына, қызмет үлестерін көтеруге және соңында құны болатын, тауар өндіруге, ІЖӨ құрылымының өзгерістеріне бағытталуы тиісті. Индустриялық саясат шикізат ресурстарын қайта өңдеуге байланысты салаларды дамытуға, яғни мұнай-химиядағы, металлургиядағы, машина құрылысындағы, тұтыну тауарларын және құрылыс материалдарын өндірудегі төртінші және бесінші технологиялық қайта жаңғыртуды, жүзеге асыруға бағытталуда. Сонымен бірге экспорт және импорт орнын толтыратын, шикізаттық емес бағыттарды құру басты мақсат.

Өмір сапасын арттырудың және болашақта бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізі болатын экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілердің тепе-теңдігіне қол жеткізуге тиіспіз.

Жолдауда экономикалық көрсеткіштерімізді жаңа деңгейге көтерудің төмендегідей басты да нақты мәселелері айтылды.

– 2025 жылға қарай шикізаттық емес экспорт көлемін 2 есеге арттыру көзделіп отыр.

Еліміздегі суармалы жер көлемін 40 пайызға арттыру белгіленді. Қазір 1,5 миллион гектар суармалы жер пайдаланылуда.

2021 жылға қарай азық-түлік экспортын 40 пайызға арттыру жоспарланды. Бүгінде азық-түлік түрлерін кейбір елдер бізден шикізат күйінде сатып алып, оны бастапқы және түбегейлі қайта өңдеп, жартылай немесе толық дайын өнім жасап шығарып, оны ұқсатып сатудан мол пайдаға кенеліп жатыр.

Инфрақұрылымды дамыту арқылы транзиттік тасымалды ұлғайту, оны 2020 жылға қарай 2 миллион контейнерге жеткізу мәселесі қойылды. Бізде қазір транзиттік тасымалда 800 мыңдай контейнерлер бар.

2050 жылға қарай шағын және орта бизнес шығаратын өнімдерді 50 пайызға жеткізу. Қазір біздің еліміздегі 85 пайыз шағын кәсіпкерлік субъектілері 19 пайыз өнім шығарады. Халықаралық деңгейде бұл аз.

Медициналық сақтандыру жүйесіне көшу. Бұл орынды қолданғанда денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржыны тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Бала туу көрсеткіштері 1999 жылы жылына 200 мың бала дүниеге келген болса, 2016 жылы 400 мыңға жетіпті. Бұл өте жақсы көрсеткіш, енді осыған қатысты әлеуметтік қолдау шараларын бұдан әрі жақсарта түсуіміз қажет.

Сонымен, Жолдауда басты лейтмотив ретінде әлемде күтіліп отырған экономикадағы жаңа жаһандық архитектурада өзіміздің прагматикалық және экономикалық даму стратегиямыз ұсынылып отыр. Осы белгіленген басымдықтардың әрбірінде еліміздің даму болашағы көрініп тұр. Осы басымдықтарды дер кезінде жүзеге асыру «Стратегия-2050», «100 нақты қадам» Ұлт жоспары және «Нұрлы жол» секілді маңызды құжаттарда көрсетілген мақсат-міндеттерді орындауға екпін береді.

Мәңгілік қарызды өтеу

Мәскеудегі Орталық әдебиетшілер үйінде ресейліктер 12 сәуір күні Евгений Евтушенкомен қоштасады. Ғазиз жүректің түпкірінен шыққан шығармалары оның мына өмірде болғанын айғақтап, толқиды. Оқырмандары да соған қосылып күңіренеді. Қайғы басылған сәттен оның шығармашылық әлемі қайта жарқырап, адамзат алдындағы мәңгілік қарызын өтеу үшін ғұмырын жалғастыра бермек.

Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Ақындарды түсіну үшін бір кітабын ғана оқу аздық етер еді. Тіпті бүкіл шығармашылығымен таныс болсаң да, етене дидарласып, тәмам сырын ұғудың өзі ақылыңа едәуір салмақ салады. Адам жанының қатпар-қыртысы қаншалықты мол болса, бір сөзді екі-үш қайтара айтқан сайын әр естігенінде неше түрлі түсінуіңе тура келетіндей. Бұл сөздің шексіз қасиеті ме, әлде ақын жанының құбылмалы күйі ме, ол араны анық ажырату қиын. Бір қалыпта тұрмайтын көзқарастың, дүниетанымның, білімнің күшімен бір ауыз сөзге жастығында сыйдыра алмаған көп мағынаға егде тартқан жасында ие болып жатсаң да – шүкіршілік. Ал Евгений Евтушенко сияқты жиырма жасында Отанына танылып, отызында әлемге атышулы болған ақынның сырын үйреншікті әдіспен ашам деу қате болар еді. Ақында сыр көп, сырлас та аз емес. Жазушы, сценарист, режиссер, актер, публицист. Мемуар да жазды. С.Волковқа арнайы хат жазып, сексен жылдық ғұмырын қорытындылайтын үш бөлімді үлкен сұхбат беруінің өзі айтар сөздің, айтылмаған сырдың ұшан қиырын көрсетпей ме?! Оған дейін де қанша сұхбат, кездесу, кеш өтті. Сексен бес жылдық мерейтойында гастрольдік сапар аясында Қазақстанға да келуге ниет еткен ақынның арманы орындалмады.

Ақын тағдырын оның қаламынан туған бүтін шығармалары мен аузынан шыққан әр сөзді ұғынып барып түсіне аласың. «Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» деген Мағжан сөзінің арманшыл романтикасын ғана түсініп жүргенімізді енді ұққандаймыз. Тіпті тура мағынасында да ақын – бала. Күллі оқырман соның сөзін сөйлеп, жырын тыңдап, алдында құрақ ұшқанын қалайды. Ақын қартайса да, ақындық қартаймайды.

Ақындыққа құштар әкенің, өнерлі ананың тәрбиесін көрген Евтушенко жас күнінде-ақ өзін ақын сезінді. Сегіз томдық өлеңдер жинағының алғашқы томында 1937, 1938, 1939 жылдардың мерзімі жазылған өлеңдері айғақтайтын албырт ақынның өмір жолының өзі көп ешкімге ұқсамаған, көп ешкімге бұйырмаған оқшау. «Маяковскийге еліктейді» деп сынағандарды елеген жоқ. Атақты «Поэма алдындағы дұға» өлеңінде өзінің сүйікті ақындарынан бір қасиет үйренуге тырысқанын байқатады. Әсіресе Пушкинді жақсы көреді. Орыс поэзиясында қалыптасқан, әсіресе Есенин мен Маяковскийден кейін сәнге айналуға шақ қалған «еркелік» өз арнасынан еш ауытқымай қапысыз иесін тапты. Жылымық кезеңнің оңтайлы сәтін пайдаланып, еврей халқының жаппай репрессияға ұшырағанын жырға қосты. Сол үшін биліктегілерден алыстады. Бірақ, көпке жақын болды. Оған дейін Сталинге неше мәрте өлең арнаған ақын енді саяси өлеңдерін көбейте бастады. «Бабий яр» поэмасы үшін Нобель сыйлығына ұсынылды. Содан бергі жарты ғасырға жуық уақыт ең беделді сыйлықтың негізгі үміткері саналып келді. «Ақын раубандап атқан таңның, манаурап батқан күннің ғажайыптығын емес, оның гимнін жазу керек» деп жазды Межелайтис. Куба, Чили, Америкаға барған сапарларында ақын ондағы саяси ахуалдан бұрын сондағы халықтың көңіл-күйін жазуға тырысты. Ақын мына дүниедегі бар ізгілік алдында мәңгілік қарыздар деп түсінді. Ең алдымен өскен өлкеге, ата-анаға, әдебиеттегі ұстаздарға. Тіпті, жауына да. Дүниеуи қарым-қатыныстың әсерімен пенделікке бой алдыратын кездерде, алдағы таңдаудың сәтті я сәтсіз болуына ықпал ететін адам факторының өзінен сабақ алуға құлшынатын болмыстың өзін жоғалтпауы үшін, я ішкі меніне сәйкес атмосфера жасау үшін ыңғайлы кезең тудырған уақытқа да қарыздар. Ақын бәрі үшін жазу керек. Тіпті, өзімен келіспейтіндер үшін де. Оларға жақсылықты, ізгілікті ұқтыру үшін. Осының бәріне ақын міндетті деп түсінді. «Мен – Кубамын», «Сантьягодағы кептер» поэмаларын жазуының бір төркіні осындай ақындық кредоларда жатқандай.

Арғы атасы энергиясы мол, қажуды білмейтін жан болыпты. Беринг бұғазы арқылы Аляскаға, одан әрі Америкаға өтер алдында туннель салу идеясы ойына келіп, патшаға өз жобасын жіберіпті. Бірақ ол кезде мақұлдана қоймаған көрінеді. Енді араға үш ұрпақ салып, Евтушенко да өзінше Америка мен Ресейдің арасына «туннель» жалғапты. Ол – ақын даңғылы. Евтушенконы шетелге кеткені үшін қанша жазғырса да ол орыс поэзиясының сырттағы ең жарқын өкілі саналды. Публиканы ұнатқан, әркез сәнді киім киюді әдет еткен, кешке киер көйлегіне дейін өз ойымен тіктірген ақынның ерекше болмысы қалай болған күнде де берісі орыс өлеңіне, арысы әлемдік әдебиетке қызмет қылды. Азаматтық ұстанымдары үшін мыңдаған хат алып, соның бәріне қалам күшімен жауап қатқан ақынның қазасы «алпысыншы жылғылар» дейтін үлкен толқынның, бір дәуірдің аяқталар тұсы болыпты.

Ақырғы деміне дейін өлең болып, ажал келгенше күресуден шаршамаған ақынның соңғы аманаты да поэтикаға ие болыпты. Жас күнінде бірге өлең оқыған Пастернактың жанында жатуды мақсат етіпті. Переделкино да енді поэзия деп аталатын қасиетті әлемнің қастерлі бұрышына айнала түседі.

Ұлы Жібек жолын көрем десеңіз...

Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениеттер тарихындағы тамаша жетістіктердің бірі. Еуропа мен Азияны жалғаған тарам-тарам керуен жолдары ерте дәуірлер мен орта ғасырлардағы Қытай мен Жерорта теңізі елдерінің сауда жолдарын жалғап қана қоймай, Шығыс пен Батыс мәдениеттерін түйістірген алтын көпір болған Ұлы Жібек жолының көп бөлігі Орталық Азия мен Қазақстан арқылы өткен.



Мира БАЙБЕК,
«Егемен Қазақстан»

Кеше Мемлекеттік Орталық музейі мен Қытай Халық Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығы бірлесіп ұйымдастырған «Ұлы Жібек жолының жаңа бейнесі мен жетістіктері» атты фотокөрме ашылды.

Біртұтас коммуникациялық трансеуразиялық жүйе ретінде үлкен маңызға ие болған Ұлы Жібек жолы қазір де түрлі мемлекеттер, оның ішінде Қазақстан мен Қытай елдері арасындағы қазіргі заманғы мәдени және экономикалық байланыстардың дамуында да үлкен рөл атқарып отыр.

«Жаңа бейне», «Бірлескен құрылыс және пайдаланылуы», «Бірлесіп өмір сүру мен ортақтаса өркендеу» атты 3 бөлімнен тұратын көрмеге Ұлы Жібек жолының тарихы ғана емес, сонымен бірге саясат, экономика, құрылыс, бизнес, білім беру, мәдениет, туризм және спорт салалары бойынша Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының жетістіктері бейнеленген 70-тен астам фотожұмыс қойылған. Фотосуретшілер жұмысында сондай-ақ, Қытайдағы сәулет ескерткіштері, көркем табиғи орындары, көрікті жерлері көрініс тауыпты.

Көрменің бірінші бөлімі халықтарға өз тарихи-мәдени мұрасын сақтауға, бейбітшілік, келісім, достық, жариялылық пен төзімділікті сақтай отырып, өмір сүруге мүмкіндік берген кезеңнен, яғни Ұлы Жібек жолының екі мың жылдық тарихын қамтыған 26 фотосуреттен тұрады. Фотосуреттер арасында: «Jiayu – Ұлы көш», «Будда үңгіріндегі күн сәулесі», «Yongtai көне қаласы», «Түнгі қайықтар сайысы», «Тибеттік Жаңа жыл», «Түйеші», «Көне ауылдағы қағаз өндіру», «Жүрдек пойыздар дәуірі», «Аспалы көпір» сияқты көптеген жұмыстарды тамашалауға болады.

Көрменің 25 фотосурет қойылған екінші бөлімі экономика және зауыттар мен қайта өңдеу комбинаттарының құрылысы, энергетикалық, фармацевтикалық компаниялар, банктер мен сауда орталықтарын ашу салалары бойынша ортақ жобаларды іске асыру мақсатындағы Қазақстан-Қытай өзара тиімді ынтымақтастықтағы қарым-қатынасын бейнелейді. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы цемент зауыттары, «Тау-кен» Ақтоғай зауыты, «SINOPEC» мұнай өңдеу зауыты, «Мойнақ Су» электростансының ашылу сәттері, Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «CNPCS» компаниясының Ақтөбедегі филиалының директорын грамотамен марапаттау сәті бейнеленген фотосуреттер ерекше қызығушылық тудырды.

Қытай фотосуретшілерінің Алматыда түсірген 19 фотосуретінен тұратын көрменің үшінші бөлімі: Қытайдың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мерекелері, қазіргі дамуы, «Шэньси провинциясынан Алматыға дейін келген 100-ден астам адам мен түйелер керуені» жұмысы, ҚХР Алматы қаласындағы Бас консулдығы өткізген «Қытай тағамдарының мерекесі», «Қытай мәдениетінің күні», Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде өткен «Тіл достастықтың көпірі» байқауы, «Қытай спортшылар құрамасының Конфуций мектебінің оқушыларымен бірге Қытай Жаңа жылын қарсы алуы», «Қазақстан-Қытай дипломатиялық қарым-қатынасының 25 жылдығына арналған Гала-концерт», «Наурыз мейрамы» сияқты Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдениет пен өнер салаларындағы қарым-қатынасты қамтыған.

Көрме сәуір айының 11-іне дейін жалғаспақ.

АЛМАТЫ

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры дарынды қазақстандық бағдарламашылар мен стартаперлерге халықаралық компаниялармен бірлесіп өз жобаларын іске асыруға және инновациялық өнімдер мен сервистер құруға мүмкіндік беретін Smart Zholy біргей жобасын ұсынып отыр.

Жастардың стартаптары үшін бірегей мүмкіндік

Жолдыбай БАЗАР,
«Егемен Қазақстан»

Бұл жаңа амбициялық бағдарлама қазақстандық стартаптардың сапасы мен олардың болашағына, әсіресе, жастар жобасына қатысты өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

Smart Zholy жобасының 10 финалисі өздерінің инновациялық жобасын Сингапурде болатын екі апталық бағдарлама аясында әлемнің жетекші технологиялық хабында азиялық ірі корпорациялар мен венчурлық қорлардың алдына ұсына алады.

Smart Zholy бағдарламасының жеңімпаздары әлемдік деңгейдегі сарапшылардың тікелей жетекшілігімен жаңа жобалар әзірлейді. Қазақстандық командалар сингапурлық стартап-экожүйесінің орталығы – атақты Block 71-де орналасады. Олар оралғаннан кейін өздерінің озық тәжірибесін елдің стартап-экожүйесіне енгізеді.

Smart Zholy бағдарламасы Оңтүстік Азиядағы Echelon Asia Summit жетекші стартап-алаңында әріптестік негізде жүзеге асырылады.

– Аталған жобаны іске асыру жастардың стартаптарын тек қана Қазақстанға емес, әлемдік нарыққа шығару, Мемлекет басшысының Жолдауында қойылған экономиканы жедел жаңғырту және цифрлық экономика құру міндетін орындай отырып, Астананы технологиялық картадағы жаңа нүкте ретінде көрсете білу, – дейді атқарушы директоры Қанат Жұмабаев.

Бағдарламаға қатысу үшін 2017 жылдың 12 сәуіріне дейін өтінім беру қажет. Бағдарлама туралы ақпарат және өтінім нысаны www.fpp.kz. сайтында орналастырылған.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры аталған бағдарламаның 10 финалисінің қаржылық шығынын өтейді.

Мақсат – су маржандарын сақтап қалу

Атырауда «Бекіре-2017» балық қорғау акциясы басталды. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін науқанға биыл 97 мемлекеттік инспектор, 10 КС патрульдік өзен катері, 12 шағын кеме, 24 көлік құралы тартылып отыр.

Бақытгүл БАБАШ,
«Егемен Қазақстан»

Ұлттық гвардияның 36 әскери қызметшісі мен ішкі істер органдарының 232 қызметкері, 58 автокөлік, сегіз жүзу құралы да бағалы балық қорын сақтау шараларына қатысады. «Браконьерлік фактілер көп тіркелетін жерлерде 20 бекет ұйымдастырылған. Жайық, Қиғаш өзендері мен Каспий теңізінің жағалауы да бақылауда болады», дейді орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті төрағасының міндетін атқарушы Марлен Айнабеков.

Кең ауқымды балық қорғау науқаны 31 мамырға дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында Атырау, Ақтау, Орал қалаларында балық өнімін заңсыз сату орындары туралы мониторинг жүргізіледі. Биыл атыраулық балықшыларға бөлінген квота көлемі 14 мың тонна. Бұл көрсеткіш өткен жылғы мөлшерден бес мың тоннаға аз. Облыстық аумақтық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясының басшысы Мұрат Ермекқалиевтің айтуынша, былтыр балықшылар бөлінген лимиттің 67,5 пайызын ғана (12,9 мың тонна) орындаған. Есесіне, 15 мың тонна балық өнімдері заңсыз ауланып, облыс аумағынан шығарылыпты.

АТЫРАУ

Әлисұлтан ҚҰЛАНБАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Татулықтың темірқазығы

Этносаралық келісім еліміздің тұрақты дамуының ең маңызды факторы десек, қателесе қоймасыз. Өйткені, этносаралық татулық – қоғамдық келісімінің негізі, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тірегі.

Әуел бастан бірлік пен ынтымақты алдыңғы орынға қойған Елбасымыздың ұстанған саясаты бүгінде өз жемісін беріп келеді. Мемлекет басшысы егемендіктің алғашқы кезінде-ақ: «Ішкі саясаттың іргелі қағидасы ұлтаралық келісім принципі болуы тиіс. Міне, осының өзі демократиялық құқықтық мемлекет құрудағы қазақстандық жолдың ерекшелігін және біздің дүниежүзілік қауымдастыққа енуіміздің ерекшелігін айқындайды», - деп атап көрсеткен еді.

Бүгінде солар еліміздің тарихынан ойып тұрып орын алды. Барлық қазақстандықтың жолы – бірлік жолы және азаматтық біртектілік негізінде ұлтты дәйектілікпен қалыптастыру жолына ұласып отыр. Көзі қарақты оқырман Елбасымыздың «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» еңбегімен жақсы таныс деп ойлаймыз. Осы мақала – еңбегінде Президент азаматтық біртектілікті нығайтуға қазірдің өзінде Қазақстан халқы Ассамблеясы мен «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы сияқты негіздер бар екенін, енді соларды дамыта отырып, болашағы Біртұтас Ұлтты қалыптастыруға болатынын айтқан еді. Біз бүгін соған келе жатырмыз.

Ал Қазақстан халқы Ассамблеясының миссиясы – қазақстандықтарды этносаралық бейбітшілік пен келісімнің мызғымастығына бастайтын жол. Осыған байланысты Елбасымыз: «Ғылым жердегі әрбір этнос кем дегенде бір айрықша ерекшелікке ие дегенді айтады. Біздің өміріміз қазақстандық 100 этностың 100-ден кем емес, айрықша және қайталанбас ерекшеліктері бар екенін көрсетіп отыр. Олардың бәрі жиналып келгенде біздің Болашағы Біртұтас ұлтымызға артықшылықтар береді», – деген болатын.

Ассамблея өзінің қызметін бастағаннан бері баға жетпес осы құндылықтың басты сақтаушысы миссиясын табысты атқарып келеді. Бұл жерде «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісінің орны бөлек. Себебі, қазақстандықтардың өз еліне, өз жеріне деген патриоттық рухы осылар арқылы танылады. Мемлекет басшысының біртектілік пен біртұтастық бойынша бүкіл жұмысты Қазақстан халқы Ассамблеясы айналасында түзетін боламыз, деп атап көрсетуі сондықтан болса керек. Ассамблеяның ұйытқы болуымен іске асырылып жатқан іс-шаралар өте көп. Мысалы, «Үлкен ел – үлкен отбасы», «Жиырма игі іс» және басқа да ірі жобалар өзінің өміршеңдігімен көпшіліктің есінде қалды.

Кезінде Уинстон Черчиль «Қоғам қысымға ұшырағанда қарапайым халық біріксе, жаңа жетістіктерге қол жеткізудің мүмкіндігі мол» деген екен. Енді қоғамды біріктіретін жағдай туған сияқты. Ол біздің елімізде бар деп айтуымызға болады. Өйткені, жүзден астам этностар мекендейтін Қазақстан өзінің ғасырлар бойы жинақтаған құндылықтарын басымдық деңгейге шығарды. Бірлік пен ынтымақтың арқасында экономикамыз тұрақтанды, қаржылық дағдарыстарды ойдағыдай еңсере білдік, ширек ғасырдың ішінде Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа жақсы жағынан танылды. Міне, осының түп негізінде этносаралық және дінаралық келісім жатқанын ешкім жоққа шығара алмайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні – 1 наурыз Алғыс айту күні ретінде атап өтіліп келеді. Ал оның негізінде алғыс айту ғана емес, рухани туыстыққа үндеу жатқанын байқау қиын емес. Себебі, тату болуға деген тілек те, ынтымаққа шақыруға деген ниет те осы алғыс айтудан басталады. Сондай-ақ, Алғыс айту күнін қазақстандық патриотизм мен ынтымақ – берекенің, бірлік пен достықтың жарасым тапқан күні деуге де болатындай. Шынтуайтында, басқа түскен тағдыр тауқыметі салдарынан өз жерінен ауа көшіп, қазақ даласын паналауы арқылы жан сақтаған этностардың бірінші кезекте қазаққа құрмет көрсетіп, алғыс айтуы заңды да. Бұдан ешкім де кішірейіп қалмайды. Қайта бұл олардың бір-біріне деген сыйластығын арттырып, бірлігін нығайта түседі.

Қазақстандық бірегей құрылымның этносаралық татулық пен келісімді жарастырудағы тәжірибесі әлем елдерін де қызықтыруда. Оны жан-жақты зерттеп, өз елдерінде қолданғысы келетіндер де аз емес. Себебі, Қазақстан Ассамблея арқылы бірлік пен ынтымақтың, бейбітшілік пен тыныштықтың, бақыт пен мейірімнің рухын қалыптастырды. Сонымен бірге, Ассамблея этносаралық келісім саласындағы бастамаларды іске асыра отырып, өзінің халықаралық ұйымдармен байланыстарды да өрістетті. Міне, осындай игі істер арқылы еліміз көпшілік мемлекеттерге арман болған өткір мәселелердің шешілуіне ықпал етіп жүр.

B) инверсия
C) делеция
D) дупликация
E) аутоплоидтар
F) аллоплоидтар
G) мутация
H) транслокация

6. Саңырауқұлақтардың жануарларға тән белгілері:
A) жасушасында қалың қабықшасы болады
B) жасушасы болмайды
C) қоректік қор заты – крахмал
D) дайын ағзалық заттармен қоректенеді
E) қанша тіршілік етсе, сонша өсе береді
F) жасуша қабықшасы нәруызды-хитинді
G) бір орыннан қозғалмайды
H) хлоропластары болмайды

7. Денесінде бақалшақ болатын қарапайым:
A) сувойка
B) балантидий
C) кебісше
D) трипаносома
E) амеба протей
F) бодо
G) арцелла
H) лямблия

8. Бунақденелілердің ересек күйі
A) финна
B) шабақ
C) қуыршақ
D) уылдырық
E) ұрық
F) имаго
G) дернәсіл
H) нимфа

9. Көру аймағы орналасады
A) орталық жүлге артында
B) сенсорлық самай шегінде
C) қимыл-қозғалыс маңдай шегінде
D) самайда
E) иіс сезу орталық жүлгеде
F) шүйдеде
G) дәм сезу төбе шегінде
H) көру төбеде

10. Жұтқыншақтың қызметі:
A) ауаны жылытады
B) асқорытуға қатысады
C) тағамды ұсақтауға қатысады
D) ұшы тәттіні сезеді
E) тыныс алуға қатысады
F) сілекей бөледі
G) ауаға толы қуыс
H) иісті қабылдайды

11. Бүйректің қызметін реттеуге қатысатын гормон:
A) вазопрессин
B) окситоцин
C) тироксин
D) паратгормон
E) меланофор
F) адреналин
G) инсулин
H) тимозин

12. Қос мембраналы органоидтер:
A) тилокоид
B) рибосома
C) центриоль
D) хлоропласт
E) талшықтар
F) ядро
G) лизосома
H) мембрана

13. Қабыршақтылар отрядының өкілдері:
A) гаттерия
B) тасбақалар
C) құбылғылар
D) құстар
E) жыландар
F) крокодильдер
G) миногалар
H) миксиналар

14. Көпқармалауышты маржандар:
A) құлақты медуза
B) планула
C) теңіз қауырсыны
D) гидра
E) цианеа
F) айқышты медуза
G) түбірауызды медуза
H) актиния

15. Қол сүйектеріне жататындар:
A) қабырға
B) тоқпан жілік
C) асықты жілік
D) білезік сүйек
E) кәрі жілік
F) ортан жілік
G) толарсақ
H) омыртқа

16. Жүрек қабырғасының қабаттары:
A) оң жақ қарынша
B) эндокард
C) эпикард
D) сол жақ қарынша
E) екі жүрекше
F) екі қарынша
G) жақтаулар
H) миокард

17. Гүлшоғыры себет өсімдіктер:
A) сәбіз, аскөк
B) бақбақ, өгейшөп
C) қайың, көктерек
D) адамтамыр
E) жүзім, тары, күріш
F) қарақат, қырыққабат
G) гүлкекіре
H) күнбағыс

18. Қауашақ жемісті өсімдіктер:
A) асбұршақ, беде
B) бақбақ, күнбағыс
C) арпа, бидай, тары
D) меңдуана
E) сасық меңдуана, сүттіген
F) шегіргүл, қызғалдақ
G) шомыр, шалқан
H) үйеңкі, шегіршін, қайың

19. Жүрегі үш қуысты жартылай пердемен бөлінген:
A) қырғауыл
B) құрбақа
C) түйеқұс
D) кесіртке
E) сазан
F) гаттерия
G) жылан
H) сақиналы құртжылан

20. Өрмекшілердің дене бөлімдері:
A) құрсақ
B) бас
C) аяқтары
D) көз
E) баскөкірек
F) мұртша
G) көкірек
H) демтесіктер

21. Жүйке жасушалары тұрады:
A) мүшеден
B) денеден
C) дәнекер ұлпасынан
D) ағзадан
E) жүйке ұштарынан
F) қан тамырларынан
G) өсіндіден
H) көмірсудан

22. Бүйректің пішіні:
A) ромб тәрізді
B) үрмебұршақ тәрізді
C) таспа тәрізі
D) шар тәрізді
E) айшық тәрізді
F) дөңгелек
G) қатпарлы
H) конус тәрізді

«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ

ҚР Білім және ғылым министрлігі «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУГЕ ДАЙЫНДЫҚ

(газет ішіндегі кітапша)



ХИМИЯ

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Қарама-қарсы зарядталған иондар арасында түзілген байланыс
A) иондық
B) металдық
C) сутектік
D) коваленттік полюсті
E) коваленттік полюссіз

2. Әртекті қоспа
A) мыс
B) құм араласқан су
C) ас тұзы ерітіндісі
D) спирт
E) бал

3. **Мына жүйеде** $FeO + CO \leftrightarrow Fe + CO_2$ - Q **химиялық тепе-теңдік оңға қарай ығысады, егер**
A) температура төмендесе
B) өршіткі қосса
C) қысым төмендесе
D) қысым жоғарыласа
E) температура жоғарыласа

4. 10 г суды электр тогымен айырғандағы түзілген оттегі массасы
A) 4,4 г O_2
B) 8,9 г O_2
C) 8,5 г O_2
D) 6,8 г O_2
E) 8,6 г O_2

5. Ерітіндідегі сутек иондары H^+ **мен** OH^- **гидроксид иондары мөлшері бірдей жағдайдағы орта**
A) бейтарап
B) қышқылдық
C) әлсіз негіздік
D) әлсіз қышқылдық
E) негіздік

6. Химиялық реакция жылдамдығы тәуелсіз
A) температураға
B) катализаторға
C) әрекеттесуші заттардың табиғатына
D) реакция жүретін ыдыстың сыйымдылығына
E) қысымға

7. Атомның құрамы
A) ядро мен электроннан құралған
B) теріс зарядты бөлшек
C) ядрода протон мен электрон бар
D) химиялық жолмен бөлінетін бөлшек
E) оң зарядты бөлшек

8. Иондық байланысы бар қосылыс
A) O_2
B) NH_3
C) KCl
D) H_2S
E) HCl

9. Период бойынша солдан оңға қарай бейметалдардың тотықсыздандырғыш қасиеттері
A) артады, кемиді
B) кемиді
C) өзгермейді
D) кемиді, артады
E) артады

10. Қысымды арттырғанда тепе-теңдік оңға қарай ығысатын теңдеу
A) $H_2 + CI_2 \rightarrow 2HCI$
B) $COCI_2 \rightarrow CO + CI_2$
C) $N_2 + 3H_2 \rightarrow 2NH_3$
D) $N_2 + O_2 \rightarrow 2NO$
E) $H_2 + I_2 \rightarrow 2HI$

11. Сутектің массалық үлесі 25%-ға тең зат
A) аммиак
B) күкіртсутек
C) силан
D) метан
E) хлорсутек

12. Қысымның әсері болмайтын химиялық реакция
A) $2SO_2 + O_2 = 2SO_3$
B) $H_2 + S = H_2S$
C) $N_2O_4 = 2NO$
D) $CO_2 + C = 2CO$
E) $2NO + O_2 = 2NO_2$

13. Валенттілік электрондары сырттан санағанда екінші энергетикалық деңгейдің d-деңгейшесін толтырады
A) инертті газдар
B) галогендер
C) сілтілік металдар
D) негізгі топша элементтері
E) қосымша топша элементтері

14. III топтың А топшасындағы элементтердің салыстырмалы атомдық массасы B → TI **дейін**
A) артады
B) мүлдем кемиді
C) кемиді, артады
D) артады, кемиді
E) кемиді

15. Бір сатылы диссоциацияланатын қосылыс
A) күкіртсутек қышқылы
B) фторсутек қышқылы
C) хром қышқылы
D) ортофосфор қышқылы
E) көмір қышқылы

D) 8,8 г
E) 17,6 г

63. Көлемі 11,2 л (қ.ж) ацетиленнен алуға болатын бензолдың массасы
A) 52 г
B) 65 г
C) 13 г
D) 39 г
E) 26 г

Бір немесе бірнеше жауабы бар тест тапсырмалары

1. Химиялық құбылыс
A) күкірттің жануы
B) шегенің майысуы
C) судың булануы
D) мұздың еруі
E) сүттің ашуы
F) мыстың тотығуы
G) тұманның түсуі
H) металдың балқуы

2. Реттік нөмірі 20-шы элемент атомының сипаттамасы
A) сыртқы қабатында 3 электрон бар
B) ядросының заряды +20
C) валенттілігі ауыспалы
D) 20 протон, 20 нейтроны бар
E) сыртқы қабатында 2 электрон бар
F) ядросының заряды +40
G) 20 протон, 40 нейтроны бар
H) типтік бейметалл

3. Күшті электролит(тер)
A) H_3PO_4, NaOH, H_2O
B) HI, HCl, KOH
C) $Fe(OH)_2$, $HClO_4$, HCl
D) $HClO_4$, KOH, H_2O
E) H_2SO_4, NaOH, KCl
F) H_3PO_4, KOH, H_2O
G) AgCl, $Mg(OH)_2$,H_2S
H) HNO_3,$Mg(OH)_2$,H_2S

4. Судағы ерітіндісіне негіздік орта көрсететін зат
A) CuO
B) K_2CO_3
C) KCl
D) KOH
E) Na_2CO_3
F) HCl
G) ZnS
H) NaCl

5. Сутектік байланысы бар зат(тар)
A) нуклеин қышқылдары
B) оксидтер
C) альдегидтер
D) негіздер
E) белоктар
F) көмірсутектер
G) майлар
H) спирттер

6. Сілтілік металдарға тән емес
A) тығыздықтары үлкен
B) қышқылдан сутегін ығыстырады
C) жаққанда жалынды әр түске бояйды
D) қосылыстағы тотығу дәрежесі +2
E) сумен әрекеттеседі
F) тез тотығады
G) оксиді қышқылдық қасиет көрсетеді
H) жұмсақ, пышақпен кесіледі

7. Тұз түзбейтін оксид(тер)
A) P_2O_5
B) CO
C) CO_2
D) B_2O_3
E) SO_2
F) SO_3
G) NO
H) NO_2

8. Массасы 31,9 г мыс (II) оксидімен темір (III) оксидінің қоспасын термиялық тотықсыздандырғанда 9 г су түзілгендігі белгілі болса, қоспадағы темірдің моль саны
A) 0,3 моль
B) 0,4 моль
C) 0,2 моль
D) 4 моль
E) 0,8 моль
F) 0,6 моль
G) 0,5 моль
H) 2 моль

9. 58,5 г натрий хлоридінің судағы ерітіндісін электролиздегенде анодта бөлінген газды калий бромиді ертіндісінен өткізді.Түзілген бромның зат мөлшері
A) 1 моль
B) 4 моль
C) 0,3 моль
D) 2 моль
E) 3 моль
F) 0,1 моль
G) 1,5 моль
H) 0,5 моль

10. 2 молярлы 50 мл NaOH ерітіндісі 25 мл тұз қышқылы ерітіндісімен бейтарапталған. Тұз қышқылы ерітіндісінің концентрациясы
A) 4 моль/л
B) 3 моль/л
C) 5,5 моль/л
D) 2 моль/л
E) 1 моль/л
F) 5 моль/л
G) 2,5 моль/л
H) 3,5 моль/л

11. Этанның гомолог(тар)ы
A) C_4H_{10}
B) C_7H_{14}
C) C_6H_6
D) C_2H_4
E) C_6H_{12}
F) C_3H_8
G) C_5H_{10}
H) C_5H_{12}

12. Өзгерістер тізбегіндегі А, В заттары
$C_6H_{14} \rightarrow A \rightarrow B \rightarrow C_6H_5CH_3$
A) бутин
B) бутен
C) пропан
D) пропен
E) гексен
F) метан
G) бензол
H) дихлорпропан

13. Кучеров реакциясы, күміс айна реакциясы, полимерлену реакциясы
A) $C_3H_7COH + H_2 \rightarrow C_4H_9OH$
B) $C_2H_2 + H_2O \rightarrow CH_3COH$
C) $CH_3COH + CI_2 \rightarrow CICH_2COH + HCI$
D) $CH_3COH + 2Cu(OH)_2 \rightarrow CH_3COOH + Cu_2O + H_2O$
E) $CH_3COH + Ag_2O \rightarrow CH_3COOH + 2Ag\downarrow$
F) $_nCH_2O \rightarrow (– CH_2 – O –)_n$
G) $C_2H_2 + H_2 \rightarrow C_2H_4$
H) $CH_3COH + H_2 \rightarrow C_2H_5OH$

14. Глюкоза ашуынан 112 л газ түзілді, жұмсалған глюкозаның массасы
A) 230 г
B) 560 г
C) 86 г
D) 340 г
E) 120 г
F) 650 г
G) 450 г
H) 48 г

15. 190 г 2%-ті амин сірке қышқылының ерітіндісімен әрекеттесетін пропанолдың массасы:
A) 6 г
B) 36 г
C) 3 г
D) 24 г
E) 12 г
F) 9 г
G) 48 г
H) 56 г

БИОЛОГИЯ

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Көпжылдық мәңгі жасыл шөптектес өсімдік
A) арша
B) қырықбуын
C) плаун
D) қарағай
E) шырша

2. Даражарнақты өсімдік
A) Бамбук
B) Қауын
C) Күнбағыс
D) Асқабақ
E) Қарбыз

3. Қызыл балдыр
A) нереоцистис
B) ламинария
C) саргассум
D) улотрикс
E) плюмария

4. Балықтың дене салмағын өзгертетін мүшесі
A) торсылдағы
B) құйрық жүзбеқанаты
C) бүйір сызығы
D) арқа жүзбеқанаты
E) миы

5. Жалған аяқ түзіп, дене пішінін үнемі өзгерте алатын қарапайымдылар
A) споралылар
B) саркодиналар
C) домаланғылар
D) талшықтылар
E) кірпікшелілер

6. Ең алғаш ішекқуыстыларда пайда болды
A) зәршығару жүйесі
B) жүйке торы
C) аналь тесігі
D) қарапайым көзше
E) мезодерма қабаты

7. Өкпенің сыртын қаптайтын жұқа қабықша
A) бронхиолла
B) плевра
C) сірқабық
D) аорта
E) альвеола

8. Ядро қабықшасының ішіндегі қуысты толтырып тұратын сұйықтық
A) плазмалемма
B) кариоплазма
C) вакуоль
D) ядрошық
E) гиалоплазма

9. ДНҚ жіпшелерінен тұратын созылыңқы тығыз денешік
A) центромера
B) ядро
C) центриоль
D) хромосома
E) ядрошық

10. Күрделі масақ гүлшоғыры бар өсімдік
A) жүгері
B) қарабидай
C) гүлшетен
D) сәбіз
E) орамжапырақ

11. Түнге қарай теңізді нұрға бөлейді
A) лейшмания
B) опалина
C) түншырақ
D) эвглена
E) трипаносома

12. Дене пішіні біржасушалы қарапайымдарға ұқсас, маңызы зор жұмыр құрт
A) сүлік
B) үшкірқұрт
C) бауырсорғыш
D) зымырақ
E) ішексорғы

13. Ұйқы безінің өзегі ашылады
A) тік ішекке
B) ауыз қуысына
C) ұлтабарға
D) асқазанға
E) өңешке

14. Адам тыныштық күйде тыныс алғанда жұтылатын ауа мөлшері
A) 200 мл
B) 3500 мл
C) 100 мл
D) 1500 мл
E) 500 мл

15. Модификациялық өзгергіштікті зерттеу әдісі
A) статистикалық
B) физикалық
C) химиялық
D) генетикалық
E) микробиологиялық

16. Латимерияның осы күнге дейін өзгеріссіз тіршілік етуі
A) қозғаушы сұрыптау
B) қолдан сұрыптау
C) тұрақтандырушы сұрыптау
D) әдістемелік сұрыптау
E) мақсатсыз сұрыптау

17. Домината (басым) принципін ашты
A) А.А. Ухтомский
B) Н.И. Пирогов
C) И.М. Сеченов
D) И.И. Мечников
E) И.П. Павлов

18. Қан ұйымайтын, тұқым қуалайтын ауру
A) гемофилия
B) гипотония
C) инсульт
D) гипертензия
E) анемия

19. 50 жылда ғана жеміс беретін өсімдік
A) кәдімгі қарағай
B) жатаған шырша
C) зеравшан аршасы
D) секвоя
E) самырсын

20. Жабық тұқымды өсімдіктерге тән
A) спорамен көбейеді
B) буындар мен буын аралығы көп
C) зооспора түзеді
D) жеміс түзбейді
E) көбею мүшесі – гүл

21. Цианобактериялардың сыртқы боялған бөлігі:
A) Плазмалемма
B) Кариоплазма
C) Хроматоплазма
D) Лейкопласт
E) Орталық плазма

22. Шыбынның аузы
A) сорушы
B) шаншып-сорушы
C) кеміруші
D) сүзіп жалаушы
E) кеміріп-жалаушы

23. Шеміршекті балық
A) майшабақ
B) скат
C) шортан
D) бахтах
E) сазан

24. Қабырғалардың алдыңғы жағы байланысады
A) жауырынмен
B) жамбаспен
C) төссүйекпен
D) бұғанамен
E) шүйдемен

25. Нейронның ұзын өсіндісі
A) Дендрит
B) Синапс

16. Период бойынша солдан оңға қарай бейметалдардың тотықсыздандырғыш қасиеттері
A) артады, кемиді
B) өзгермейді
C) кемиді, артады
D) артады
E) кемиді

17. Ортақ электрон жұбы әрекеттесуші атомдардың біреуіне қарай ығысқанда пайда болатын байланыс
A) сутектік
B) иондық
C) металдық
D) коваленттік полюсті
E) коваленттік полюссіз

18. Сутекпен әрекеттесетін заттар
A) N_2, NH_3
B) S, WO_3
C) Na, KOH
D) Au, N_2
E) H_2SO_4, S

19. Гомогенді химиялық реакция жылдамдығының математикалық өрнегі
A) [illegible]
B) [illegible]
C) [illegible]
D) [illegible]
E) [illegible]

20. F → Cl → Br → I → At қатарында атом радиусы
A) артады
B) өзгермейді
C) кемиді
D) артады, кемиді
E) кемиді, артады

21. Иондық байланысы бар қосылыс
A) H_2S
B) KCl
C) NH_3
D) O_2
E) HCl

22. Күшті электролит
A) глюкоза
B) хлорсутек
C) глицерин
D) тұз қышқылының ерітіндісі
E) спирт

23. Салыстырмалы молекулалық массалары бірдей заттар
A) HCl, CaO
B) H_2SO_4, H_2SO_3
C) H_2SO_4, H_3PO_4
D) H_2S, H_3PO_4
E) SO_3, P_2O_5

24. Бейэлектролит
A) мыс (II) сульфаты ерітіндісі
B) күйдіргіш кали
C) глицерин
D) тұз қышқылы
E) калий хлориді ерітіндісі

25. 67,2 л аммиактың массасы
A) 51,0 г
B) 68 г
C) 25,5 г
D) 52,3 г
E) 52,0 г

26. Асқазан гастритімен ауыратын ауруларға аурудың алдын алу үшін 0,05% $AgNO_3$ ерітіндісі қолданады. 150 г осы ерітіндіні дайындау үшін қажетті зат
A) 15 г
B) 0,075 г
C) 750 г
D) 1,5 г
E) 75 г

27. VII топ негізгі топша элемент атомдарының сыртқы деңгейіндегі электрондарының конфигурациясы
A) ns^2np^4
B) ns^2np^5
C) ns^2np^2
D) ns^2np^6
E) ns^2np^3

28. Берілген оксидтерден: BeO, Al_2O_3, CaO, Na_2O, CuO қалыпты жағдайда сумен әрекеттесетін заттар саны
A) 3
B) 2
C) 4
D) 5
E) 1

29. Алюминий мен сынаптың құймасы
A) сапфир
B) амальгама
C) криолит
D) корунд
E) боксит

30. $AlCl_3$ молекуласындағы электрондық орбитальдың гибридтену түрі
A) ...$3s^13p^13d^2$
B) sp^3
C) sp^2
D) ... $3s^23p^13d^1$
E) sp

31. Әлсіз негіз бен күшті қышқылдан түзілген тұздардың қатары
A) KNO_3, NaCl, K_2SO_4
B) $(NH_4)_2S$, Al_2S_3, $(NH_4)_2CO_3$
C) NH_4Cl, $FeCl_3$, $ZnCl_2$
D) Na_2CO_3, K_2SiO_3, Na_2SO_3
E) NH_4Cl, K_2CO_3, $ZnCl_2$

32. VI топ негізгі топша элемент атомдарының сыртқы деңгейіндегі электрондардың саны
A) 6
B) 5
C) 3
D) 2
E) 4

33. Суда еритін ортофосфат
A) K_3PO_4
B) $AlPO_4$
C) $Ca_3(PO_4)_2$
D) $Mg_3(PO_4)_2$
E) Ag_3PO_4

34. Тотығу процесі
A) $Fe^{+2} \rightarrow Fe^{+3}$
B) $B^{+3} \rightarrow B^0$
C) $S^{+2} \rightarrow S^0$
D) $Cu^{+2} \rightarrow Cu^0$
E) $C^{+4} \rightarrow C^{+2}$

35. Қыздырғанда негіздік те, қышқылдық та оксидтер түзіп айырылатын зат
A) KCl
B) $CaCO_3$
C) HNO_3
D) NaOH
E) KNO_3

36. Калийдің электрондық формуласы
A) $1s^22s^22p^63s^23p^64s^1$
B) $1s^22s^22p^63s^1$
C) $1s^22s^23s^23p^6$
D) $1s^22s^22p^63s^2$
E) $1s^22s^22p^63s^23p^64s^2$

37. Тотығу-тотықсыздану реакциясының теңдеуі
A) $NaOH + HCl = NaCl + H_2O$
B) $CuCl_2 + Zn = ZnCl_2 + Cu$
C) $BaSO_3 = BaO + SO_2$
D) $CaCO_3 + SiO_2 = CaSiO_3 + CO_2$
E) $CuSO_4 + 2NaOH = Cu(OH)_2 + Na_2SO_4$

38. Айналымды жүзеге асыруға болатын тотығу-тотықсыздану реакциясындағы тотықсыздандырғыштың зат мөлшері (моль)

$$Si \xrightarrow{1} Na_2SiO_3 \xrightarrow{2} H_2SiO_3$$

A) 3
B) 5
C) 1
D) 2
E) 4

39. Жоғарыдан төмен қарай IV топ негізгі топша элементтері оксидтерінің қышқылдық қасиеттері
A) өзгермейді
B) артады, кемиді

C) кемиді
D) артады
E) кемиді, артады

40. $KMnO_4$ **айырылғанда (қ.ж) 5,6 л оттек бөлінді. Реакцияға қатысқан калий перманганатының зат мөлшері**
A) 0,75 моль
B) 2,00 моль
C) 0,50 моль
D) 1,25 моль
E) 1,00 моль

41. Бейтараптану кезінде 5,3 г сусыз соданы алмастыра алатын сақардың мөлшері
A) 0,05 моль
B) 1,07 моль
C) 1,04 моль
D) 0,15 моль
E) 1,08 моль

42. Массасы 1,4 г темір кесегінде қанша атом болса, күкірт (IV) оксидінің SO_2 **үлгісінде де сонша атомы бар. Үлгідегі** SO_2 **массасы**
A) 1,6 г
B) 6,4 г
C) 0,3 г
D) 3,2 г
E) 0,1 г

43. 31,6 г калий перманганаты ыдырағанда түзілген газды 0,2 моль сутекпен эвдиометрде әрекеттестірді. Түзілген өнімнің массасы
A) 3,4 г
B) 4,0 г
C) 3,8 г
D) 3,6 г
E) 4,2 г

44. Күкірті бар нәруызды анықтау реакциясы
A) кальций ацетаты мен сілті ерітіндісін қыздыру
B) барий ацетаты мен сілті ерітіндісін қыздыру
C) қорғасын ацетаты мен сілті ерітіндісін қыздыру
D) магний ацетаты мен сілті ерітіндісін қыздыру
E) қалайы ацетаты мен сілті ерітіндісін қыздыру

45. Жай эфирлердің жалпы формуласы
A) RCHO
B) RCOOH
C) RCOOR′
D) ROR′
E) ROH

46. Қатты майдың құрамына кіретін карбон қышқылының қалдығы
A) қанықпаған
B) қаныққан
C) пропен
D) олеин
E) линол

47. Ациклді қосылыс
A) пиридин
B) бензол
C) пиримидин
D) гексан
E) циклогексан

48. Фенолға сапалық реакция
A) калий перманганат ерітіндісін түссіздендіру
B) Кучеров реакциясы
C) мыс (II) гидроксидімен әрекеттесуі
D) бромды сумен әрекеттесуі
E) Вюрц реакциясы

49. Вюрц реакциясына түсетін зат
A) хлорэтан
B) бутан
C) пропан
D) пентан
E) 2-метилпропан

50. Бутадиен-1,3 және бутин-2 қосып алатын бромның зат мөлшері
A) 6 моль
B) 2 моль
C) 5 моль
D) 8 моль
E) 4 моль

51. Глюкоза тотықсызданғанда түзілетін зат
A) сірке альдегиді
B) сорбит
C) глюкоза мен фруктоза
D) мальтоза
E) этилацетат

52. Этиленнің молекулалық массасы
A) 23
B) 28
C) 40
D) 46
E) 56

53. Зат мөлшері 0,25 моль глюкозаның массасы (г)
A) 92
B) 132
C) 264
D) 45
E) 180

54. Циклогексанның жану реакциясындағы оттегінің алдындағы коэффициент саны
A) 7
B) 9
C) 5
D) 6
E) 8

55. Құрамында 40% көміртек және 6,7% сутек болатын карбон қышқылы.
M=60 г/ моль
A) пентан қышқылы
B) бутан қышқылы
C) пропион қышқылы
D) метан қышқылы
E) этан қышқылы

56. 224 л метанды айырғанда түзілген ацетилен толық жанғанда бөлінетін көміртек (IV) оксидінің (қ.ж.) көлемі
A) 560 л
B) 448 л
C) 336 л
D) 224 л
E) 112 л

57. Этиламиннің жану реакциясы теңдеуіндегі барлық коэффициенттер қосындысы
A) 31
B) 43
C) 50
D) 30
E) 39

58. Циклогексанның жану реакциясындағы оттегінің алдындағы коэффициент саны
A) 8
B) 7
C) 9
D) 5
E) 6

59. Массасы 10,6 г құмырсқа және сірке қышқылдарының қоспасын бейтараптауға көлемі 91,58 мл 8% - дық, тығыздығы 1,092 г/мл натрий гидроксидінің ерітіндісі жұмсалған, қоспадағы сірке қышқылының массалық үлесі
A) 90%
B) 57%
C) 78%
D) 50%
E) 49%

60. 11,2 л пропенмен (қ.ж) әрекеттесетін 16%-тік бром суының массасы
A) 528 г
B) 450 г
C) 500 г
D) 480 г
E) 352 г

61. Формальдегидтің массалық үлесі 15% болатын 50 г формалинге күміс оксидінің аммиактағы ерітіндісін қосқанда түзілген тұнба массасы
A) 120 г
B) 108 г
C) 64 г
D) 50 г
E) 54 г

62. 6 г сірке қышқылы мен 6 г этанол әрекеттескенде алынған күрделі эфирдің массасы
A) 5,7 г
B) 4,4 г
C) 11,4 г

C) Нейроглия
D) Қозу
E) Аксон

26. Нәруыздың бірінші реттік құрылымындағы байланыс
A) сутектік
B) пептидтік
C) коваленттік
D) сульфидтік
E) азоттық

27. Нәруыз молекуласының синтезделуінде матрицаның рөлін атқарады
A) моносахаридтер
B) май қышқылы
C) нуклеин қышқылдары
D) дисахаридтер
E) полисахаридтер

28. Қалқанша безі бөлетін гормон:
A) Инсулин
B) Тироксин
C) Адреналин
D) Тимозин
E) Паратгармон

29. Ақ сұламаның асқорыту жүйесі
A) жұтқыншақ, кеңірдек, ішек
B) жұтқыншақ, аналь тесігі, жемсау
C) ішек, аналь тесігі, бауыр
D) ауыз, жұтқыншақ, ішек
E) ауыз, өңеш, аналь тесігі

30. Тоқішекте жүреді
A) нәжістің қалыптасуы
B) қарын сөлінің бөлінуі
C) өттің түзілуі
D) қоректік заттардың лимфаға сіңуі
E) көмірсулардың ыдырауы

31. Сілекей құрамындағы бактерияларды жоятын фермент
A) пепсин
B) муцин
C) мальтаза
D) амилаза
E) лизоцим

32. Гомологты хромосомаларда орналасқан гендердің бір-біріне ауысуы нәтижесінде пайда болады
A) үйлесімді өзгергіштік
B) тітіркенгіштік
C) қолайсыз жағдайлармен күрес
D) модификациялық өзгергіштік
E) бейімделушілік

33. Сүйекке иілгіштік серпімділік қасиет береді
A) бейорганикалық зат
B) тұздар
C) органикалық зат
D) су
E) минералды зат

34. Шымтезек мүгінің құрылыс ерекшелігі
A) жеміс, гүл
B) қауашағы болады
C) сабақ, жапырақ, тамыр
D) жапырақтары қылқанды
E) сабақ, жапырақ, ризоид

35. Күрделігүлділер тұқымдасына тән
A) жемісі – бұршаққап
B) гүлдері тілше, шұқырақ тәрізді
C) жемісі – жидек, қауашақ
D) гүлшоғыры – сыпыртқыгүл
E) жемісі – бұршаққын

36. Бидайдың, қарабидайдың сабағы
A) қысқарған
B) түбіртек
C) жатаған
D) өрмелегіш
E) сабансабақ

37. Медузаның денесінде болмайтын бөлік
A) табан
B) жүйке торы
C) аузы
D) қармалауыш
E) қуыс

38. Жүзетін құс
A) шағала
B) көкқұс
C) бүркіт
D) пингвин
E) сұңқар

39. Аузы кеміріп-жалағыш бунақдене
A) балара
B) шыбын
C) қандала
D) көбелек
E) маса

40. Көздің ішкі құрылысы күрделі қабығы
A) тамырлы қабық
B) торлы қабық
C) ақ қабықша
D) қасаң қабық
E) нұрлы қабық

41. Доға тәрізді иілген жалпақ сүйек
A) тоқпан жілік
B) ортан жілік
C) төс
D) шыбық сүйек
E) қабырға

42. Фотосинтездің қараңғы фазасында синтезделеді
A) сілтілер
B) су
C) минералды тұздар
D) дисахаридтер
E) қышқылдар

43. Жасуша мембранасының сұйықтықты қабылдауы
A) экзоцитоз
B) пиноцитоз
C) фагоцитоз
D) эктоцитоз
E) амитоз

44. Жапырағы қауырсын тәрізді торлы жүйкеленген өсімдік
A) үйеңкі
B) жолжелкен
C) жүгері
D) терек
E) бидай

45. Орман құсы
A) қаз
B) бүркіт
C) үйрек
D) пингвин
E) тоқылдақ

46. Шала түрленіп дамитын бунақденелі
A) шегіртке
B) қоңыз
C) көбелек
D) құмырсқа
E) маса

47. Тынысалуды жиілететін гормон
A) паратгормон
B) адреналин
C) глюкагон
D) тимозин
E) инсулин

48. Жарықта тарылып, қараңғыда ұлғаятын көз мүшесі
A) қарашық
B) қасаң қабық
C) шыны тәрізді дене
D) көзбұршақ
E) ақ қабық

49. Тыныс алудың негізін салған ғалымдар
A) Т. Шванн, М. Шлейден
B) М.В. Ломоносов, А.Л. Лавуазье
C) Э. Геккель, Ф. Мюллер
D) Ж.Б. Ламарк, К. Линней
E) Р. Гук, А.В. Левенгук

50. Бауырдан бөлінетін сөл
A) Сілекей
B) Өт
C) Тұз қышқылы
D) Гормон
E) Фермент

51. Кеуде қуысын түзетін сүйектер
A) төс, толарсақ, жамбас
B) сегізкөз омыртқалары, жауырын, жамбас
C) мойын омыртқалары, бұғана, шүйде
D) арқа омыртқалары, қабырғалар, төс
E) бел омыртқалары, қабырғалар, тоқпан жілік

52. Физикалық мутаген
A) пестицид
B) колхицин
C) радиоактивті сәуле
D) никотин қышқылы
E) этиленамин

53. Бактерия тіршілігінде спора түзу процесінің маңызы
A) қоректену үшін
B) шоғырлану үшін
C) көбеюге қатысу үшін
D) жасушаның бөлінуі үшін
E) қорғану үшін

54. Ең алғаш сүйекті балықтарда пайда болған мүше
A) аналь тесігі
B) желбезек
C) бауыр
D) қуық
E) бүйрек

55. Денедегі зақымданған немесе жойылып кеткен мүшелер мен ұлпалардың қалпына келуі
A) денатурация
B) дупликация
C) регенерация
D) дегенерация
E) эволюция

56. Шаянтәрізділерге жатады
A) көбелек
B) инелік
C) қарақұрт
D) кене
E) циклоп

57. Үшбұрышты жалпақ сүйек
A) жамбас
B) бұғана
C) қабырға
D) омыртқа
E) жауырын

58. Көпқабатты эпителийден тұратын тері қабаты
A) пеликула
B) эпидермис
C) май клетчаткасы
D) плазмолемма
E) нағыз тері

59. Т. Морган заңы
A) тәуелсіз тұқым қуалау
B) өзгергіштік
C) тіркесіп тұқым қуалау
D) ажырау
E) тұқымқуалаушылық

60. Рибосоманың негізгі қызметі
A) нәруыз молекуласын синтездеу
B) энергия жинақтау
C) май қышқылын ыдырату
D) көбеюге қатысу
E) суды сіңіру

61. Қандауыршаның орталық жүйке жүйесінің қызметін атқарады
A) жүйке торы
B) ми
C) жүйке түтігі
D) жүйке түйіндері
E) жұлын

62. Цитоплазмасында бір үлкен, бір кіші екі ядросы бар жәндік
A) Кірпікшелілер
B) Тамыраяқтылар
C) Споралылар
D) Талшықтар
E) Саркодиналар

63. Қанның ұюына қатысатын нәруыз
A) фибриноген
B) миозин
C) гемоглобин
D) актин
E) альбумин

64. Тірі жүйелердің сыртқы және ішкі әсерге жауап қайтара алу қасиеті
A) Қозғыштық
B) Өзін-өзі реттеу
C) Тітіркенгіштік
D) Қозғалыс
E) Көбею

65. Биогеографиялық аймақтарды ажыратқан ғалым
A) В.И. Вернадский
B) А. Уоллес
C) Г. Мендель
D) Ч. Дарвин
E) В.В. Докучаев

66. Жүректің оң жақ бөлігіндегі қақпақша
A) үш жақтаулы
B) бір жақтаулы
C) үш қуысты
D) екі қуысты
E) қос жақтаулы

67. Көзді мимен байланыстыратын көру жүйкесі шығатын жер
A) қарашық
B) сары дақ
C) нұрлы қабық
D) соқыр дақ
E) көзбұршақ

68. Опарин-Холдейн болжамын сынақ тәжірибемен дәлелдеген ғалым
A) Э. Геккель
B) А. Левенгук
C) С. Миллер
D) Луи Пастер
E) Д. Тиндаль

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар сұрақтар

1. Қынадан алынады:
A) қант, бояу
B) лакмус
C) сірке қышқылы
D) спирт
E) балауыз
F) жасунық
G) темір
H) карбол қышқылы

2. Біржасушалы балдырларға жатады:
A) хламидомонада
B) хлорококк
C) кладофора
D) спирогира
E) каулерпа
F) хлорелла
G) ульва
H) улотрикс

3. Пластидтер:
A) ядро
B) цитоплазма
C) рибосома
D) вакуоль
E) қабықша саңылауы
F) хлоропластар
G) хромопластар
H) лейкопластар

4. Сыртқы секреция бездеріне жатады:
A) сілекей
B) тер
C) қалқанша
D) ұйқы
E) айырша
F) гипофиз
G) эпифиз
H) сүт

5. Хромосомааралық өзгерістерге хромосоманың бір бөлігінің оған ұқсас емес басқа бір хромосомамен ауысып кетуі:
A) дефишенсия

Медициналық сақтандыруды министр түсіндірді

Батыс Қазақстан облысындағы 36 аурухана мен емханада бірыңғай Call-орталығы жұмыс істейді. Бұған қоса әртүрлі үлгідегі медициналық ұйымдардағы клиникалық және клиникалық емес процестерді автоматтандыруға арналған медициналық ақпараттық жүйе (МАЖ) енгізіліп жатыр.

Өңірдегі осы және басқа да оң өзгерістерге облысқа жұмыс сапарымен келген Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов куә болды. Сапар барысында министр облыс орталығындағы бірқатар медициналық нысанды аралап, денсаулық сақтау саласына енгізіліп жатқан реформалар жайында сала мамандарымен бірнеше кездесу өткізді.

Қазбек ҚҰТТЫМҰРАТҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Кезек күткен министр

Министрдің Орал қаласында алдымен ат басын тіреген жері – №5 қалалық емхана. Емхана директоры Сәуле Бұлқашеваның айтуынша, мұнда аурулардың алдын алу, ерте анықтау және ауруларды басқару бағдарламасына (АББ) баса көңіл бөлінеді. 2016-2019 жылдарға арналған жіті миокард инфарктісі және инсультке, онкологиялық қызмет және босандыру қызметі, балаларды басқару бойынша денсаулық сақтаудың бірыңғай модельдерін енгізу үшін қанатқақты аймақ ретінде Батыс Қазақстан облысы таңдап алынған болатын. Өңірлік «Жол картасы» жүзеге асырылып жатқан қанатқақты жоба нәтижесінде Орал өңірі қазірдің өзінде өлім-жітім көрсеткіші мен асқынған аурулар саны жағынан оң өзгеріс көрсетіп отыр.

Елімізде денсаулық сақтау саласына енгізіліп жатқан жаңалықтың бірі – электронды кезек. Министр осы құрылымның жұмысын тексеріп көру мақсатында өзі де кезекке тұрды. Сөйтіп, электронды кезектің тиімділігін жоғары бағалады.

Кездесу кезінде «Жарқын болашақ» инновациялық орталығының директоры Александр Фомин министрге емхана пациенттерінің бірыңғай электронды мәліметтер базасын таныстырып, іс жүзінде қалай қолданылатынын көрсетіп берді. Бұл жүйенің тиімділігі сол – саладағы қағаз құжат айналымы біртебірте азайып, дәрігерлер электронды медициналық картамен жұмыс жасайтын болады.

– Әр пациенттің ауру тарихы немесе медициналық картасы сақталған ортақ мәліметтер базасы жасақталады, – дейді А.Фомин. – Біріншіден, қағазбастылықтан арылсақ, екіншіден, науқасты емдеуде жүйелілік пайда болады, үшіншіден, болашақта пациент нақты бір медицина мекемесіне де, нақты бір дәрігерге де байланып қалмай, таңдау құқығын алуы мүмкін.

Электронды базаның тағы бір тиімділігі – науқастың ауру тарихын жоғалтып алу жойылады. Бұл жүйе мемлекет үшін де ыңғайлы: сан түрлі аурудың статистикасы оңай көрініп тұрады. «Қазақстан Республикасында электронды денсаулық сақтауды дамытудың 2013-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бойынша емдеу мекемелерінде науқастарға электронды медициналық карта толтыру ісі басталып кетті.

Реформа жауапкершілікті арттырады

2017 жылғы 1 шілдеден бастап елімізде мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың ортақ жауапкершілігіне негізделген міндетті медициналық сақтандыру енгізіле бастайды. Ал 2018 жылдың алғашқы күнінен бастап Қазақстан азаматтары және сақтандырылған тұлғалар үшін МӘМС шеңберінде медициналық қызмет қолжетімді болады. Осы орайда көпбейінді қалалық ауруханада болып, өңірдегі денсаулық сақтау саласының активімен кездескен Е.Біртанов бұл реформаны егжей-тегжейлі түсіндіріп берді.

Медициналық сақтандыру жүйесі аясында тұрғындарға медициналық қызметтің екі түрлі пакеті ұсынылады.

Бірінші – профилактикалық егулер, жедел жәрдем, санитарлық авиация, шұғыл медициналық көмек, әлеуметтік мәні бар ауруларға стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек, сондай-ақ, айналасындағыларға қауіп төндіретін ауруларға көрсетілетін тегін медициналық көмектің базалық пакеті. Бұл еліміздің барлық азаматы үшін қолжетімді болмақ.

Сонымен қатар, 2020 жылға, яғни жалпыға бірдей декларациялау енгізілгенге дейін МӘМС жүйесінде медициналық көмекке құқығы жоқ адамдарға дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілетін амбулаторлық-емханалық көмек көрсетілетін болады.

Ал, екіншісі, МӘМС қатысушысы болып табылатын тұлға кез келген уақытта міндетті сақтандыру жарналары мен аударымдары есебінен қаржыландырылатын медициналық көмекке ие бола алады. Бұл қызметтерге амбулаторлық-емханалық көмек, қалпына келтіріп емдеу, медициналық оңалту, жоғары технологиялық көмек көрсету, паллиативті көмек және мейірбике күтімі кіреді, деген министр, міндетті медициналық сақтандыруды енгізуге қатысты жарналар мен төлем мөлшерлеріне де қысқаша тоқталып өтті.

«Кейбір заңнамалық актілерге денсаулық сақтау және әлеуметтік-еңбек саласы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес, МӘМС-ті енгізуге қатысты төмендегі жарна мен төлем мөлшерлемесі қарастырылды:

– жұмыс берушілердің жарналары: 2017 жылдың шілдесінен бастап мөлшерлеме – 1%; 2018 жылы – 1,5%, 2020 жылы – 2%, 2022 жылы – 3%;

– жеке кәсіпкерлер, нотариустар, азаматтық-құқықтық негіздегі келісім бойынша кіріс табатын жеке тұлғалар – кірістен, 2017 жылғы шілдеден бастап 2 ЕТЖ-дан 5%-дан кем емес;

– жұмыс күші тобына кірмейтін (өзін-өзі өнімсіз еңбекпен қамтығандар) азаматтар жарнасы – 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап 1 ЕТЖ-дан 5%;

– халықтың әлеуметтік қорғалмаған тобы үшін мемлекет төлейтін жарна 2018 жылдың қаңтарынан – 3,75%, 2019 жылдан бастап – 4%, 2022 жылдан бастап 4-5% болады.

Министр Елбасының Қазақстан халқына биылғы Жолдауында айтылған тапсырмаға сәйкес елімізде мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың ортақ жауапкершілігіне негізделген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) енгізіле бастайтынын жеткізді. Бұдан кейін Астанадан арнайы келген «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҰАҚ басқарма төрағасы Елена Бахмутова медициналық сақтандыру жүйесіне көшу заман талабы екенін және оның маңыздылығын халыққа кеңінен түсіндіру керектігін айтты.

ОРАЛ

КӨКЕЙКЕСТІ

Демалыс күндері дәрігерлік көмек қалай көрсетіледі?

Раушан НҰҒМАНБЕКОВА

Жуырда «ақ халатты абзал жандар» аталатын мамандық иелерінің жұмысына облыс әкімі Даниал Ахметов сын айтты. Дәрігерлер бұл күндері Гиппократ антын ұмытып отыр, деді аймақ басшысы. Әсіресе, мереке күндері ауырып-сырқамайтын жан болмайтындай, өңір емханалары есіктерін тарс жауып, ешкімді жолатпайды.

– Жаңа жыл алдында облыстағы ең ірі аурухананың дәрігерін шақырып алып, сөйлестім, – дейді Д.Ахметов. – Сендер неге үш-төрт күн бойы халықты қабылдамайсыңдар? «Мереке ғой, Даниал Кенжетайұлы», дейді әлгі бас дәрігер арқаны кеңге салып. Сонда 31 желтоқсанда операция жасатқан сырқат, қалған төрт күн бойы дәрігерлердің қарауында болмауы керек пе?! Сол сияқты 8 наурызда Өскемендегі Оңалту орталығында болдым. Емханада кезекші дәрігерден басқа жан көрінбейді. «Неге ешкім жоқ?» деген сұрағыма: «Мереке», деп тақ етіп жауап берді. Осы жағдайды өзге де ауруханалардан көрдім. Конституцияның 29-бабы бойынша ел азаматтары денсаулықтарын емдетуге құқылы. Ал демалыс және мереке күндері дәрігерлер жұмысқа шықпасын деген мораторийді кім шығарып отыр? Медицина мекемелері облыстың бюджетінен халық үшін қажетінше қаржыландырылады. Бұл қалай?

Облыс басшысының осы ескертпесінен кейін Өскемен мен Семей қалаларындағы ірі емханалардың жұмыстары тексерілді. «Нұр Отан» партиясының жергілікті филиалдары тексерген кезде белгілі болғандай, дәрігерлер мереке, демалыс күндері халыққа ем-дом қызметтерін көрсетуден бас тартады екен. Бұл – республиканың біраз өңірлеріне тән көрініс. Тіпті, дер кезінде көмек көрсетілмегендіктен адам өміріне қауіп төнген жағдайлар кездескен. Дәрігерлер сөзі «қиналып бара жатсаңдар, «жедел жәрдем» шақырыңдар», дегенге саятын көрінеді.

Әрине, мейрам күндері адамдар демалуы керек. Бірақ, демалыс күндері еңбек еткен дәрігерлерге жалақы төлеу керектігі жөнінде де заңнама бар ғой, дейді облыс басшысы.

Қатаң тапсырма Семейге де жетті. Қала әкімінің орынбасары Надежда Шарова, қалалық қоғамдық кеңес жетекшісінің орынбасары Жанна Жибраева Ұлыстың ұлы күніндегі демалыс күндерінде қаладағы денсаулық сақтау мекемелерінің қызметін тексеруден өткізді. Емханалардың алдында жұмыс кестесінің орнына қаптаған қоқыс, шаң басқан үстелдер тексеру тобын қарсы алыпты. Облыс әкімі дәрігерлер демалыс күндері кем дегенде сағат 9.00-ден түскі 13.00-ге дейін қызмет көрсетуі керек деген еді. Бірақ, емханаларда адам жоқ. Қадағалаушылар тобы ең алдымен, қаланың сол жағалауында орналасқан №19 емхананы тексерді. Ем-шара бөлмесінде бір кезекші дәрігер ғана отыр екен.

Мекемеге қанша халық қарайды? Қанша зейнеткер, жұмыс істеуші, ересектер қауымы тіркелімде тұр? Міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу мәселесі халыққа қалай түсіндіріліп жатыр? – деді Н.Шарова.

Бірақ, жауап берген адам жоқ. Әрине, барлық мекеме бірдей емес. «Океан» ауданындағы аралас үлгідегі №2 емханада жағдай мүлде басқаша. Бұл мекемеде мереке күндері де дәрігерлер жұмыс істейді. Бас дәрігер орынбасарының айтуынша, халық тиісті дәрігерлерінің қабылдау кестесін жатқа біледі және алдын ала жазылып қояды. Мереке күндері дәрігерлердің орнын кезекші топ алмастырып отырады.

Айта кетелік, Шығыс өңірінде еліміздің басқа облыстарына қарағанда денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржы көлемі ауқымды. Ал тұрғындар тиесілі медициналық қызметті алуда қолдан жасалған кедергілердің болмауын қалайды.

СЕМЕЙ

ІЗГІЛІК ИІРІМДЕРІ

«Аутизмге» айрықша көзқарас

Думан АНАШ,
«Егемен Қазақстан»

Қазіргі қоғам «аутизмді» ауру емес, ерекшелік ретінде қабылдауы тиіс. Айрықша дертке ұшыраған жандардың ет жақындары осындай уәж айтады. Бүгінде әлемде аутизмге шалдыққан 67 миллионнан аса адам тұрады, әр 42 ер бала мен 189 қыз бала аутизм спектрінде дүниеге келеді. Осыған орай дүниежүзілік аутизм проблемасын тарату күні белгіленген болатын. Жыл сайын 2 сәуірде аталып өтетін бұл күн елордада да елеусіз қалған жоқ. «Keruencity» орталығындағы қайырымдылық науқанына бірқатар қоғамдық қор атсалысты. Олардың қатарында «Ашық әлем», «Дорогою добра», «Сенім», «Росток», «Тамшылар», «Болашақ», «Әр бала мектепке лайық» сынды аутизмге душар болған балалар мен жасөспірімдерді қолдауға арналған ұйымдар бар. Аталған қоғамдық бірлестіктердің өкілдері ақпаратты тарату, халыққа аутизм проблемасы туралы хабарлау, ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау және түсіну мақсатында аутизмге шалдыққан балалардың ата-аналарымен бірігіп бірқатар шараны қолға алды.

10 мыңнан астам адамды қамтыған шара кезінде қайырымдылық жарнасын жинау және жеке дизайны мен суреті бар сөмкені сатып алу мүмкіндігі ұсынылып, одан түскен қаражат «Болашақ» корпоративтік қорының «Әр бала мектепке лайықты» жобасын жүзеге асыруға жұмсалатыны белгілі болды.

– Бүлдіршіндерімізді үйде жалғыз оқытумен шектелмей, қатарларымен бірге мектепте білім алып, қоғамда кәдімгі адам ретінде өмір сүруі керек деп ойлаймын. «Аутизм» диагнозын алғаш естігенде басыңызға жай түскендей болады. Бар дүние сізге қарсы шыққандай сезім оянады. Өйткені, біз де бұл жағдайдан хабардар болмадық. Баламыз 2,5 жасқа келгенде интернет көмегімен «аутизмнің» не екенін біле бастадық. Бұның бәрін ертерек білгенде жағдай басқаша болатынына сенімдімін. Себебі, ерте қадағалаудың маңызы зор. Басты мақсат – халықты ақпараттандыру, адамдарға аутизмнің шын мәнінде не екенін түсіндіру және инклюзивті қоғам құру. Сондай-ақ, басқалар мұндай санаттағы балаларды тәрбиесіз немесе тым ерке деп ойламаса деймін. Бұл балалар «ерекше», сонымен қатар, кәдімгі өмірге лайықты, дейді «ерте бала аутизмі» диагнозы қойылған 8 жастағы Аймұхамед Жақсыбектің анасы Қаламқас Шайкенова.

Көк түс пен паззлдың бір бөлшегі әлемде аутизмнің нышандық белгісі саналады. Негізінде, көк түстің өзі «аутизмнің түсі» емес. Бұл – Autism Speaks атты ірі қоғамдық ұйым төлтаңбасының нышаны. 2010 жылдан бері аталған ұйымды дамыту мақсатында «көк түсті жақ» атауымен маркетингтік жұмыстар жүргізілген болатын. Осыған орай шара барысында мыңнан астам көк таспа мен 2 мыңнан астам ақпараттық флаер таратылды.

– Бұл күн – қайырымдылық қорлар, қоғамдық ұйымдар, жекеменшік орталықтар мамандары және ата-аналар мен балалардың бірігіп жасаған жұмысының үздік үлгісі. «Аутизм» диагнозы бар адамдардың тағдыры бізді бейжай қалдырмайды. Осы жерде даму ерекшеліктері және басқа да себептерге қарамастан әр адам үшін көптеген шығармашылық алаңдар ұйымдастырылған, – деді шараның ұйымдастырушысы, «Болашақ» корпоративтік қорының директоры Динара Шайжүнісова.

ЕЛІМ МЕНІҢ ЕРТЕГІ

ЖҰМБАҚ ЖЕР

Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданындағы Бестерек елді мекені маңында ғажайып бір табиғат туындысы бар. Ауылдың солтүстігінен төрт-бес шақырым жердегі тау жоталарында орналасқан оны жергілікті жұрт Ақбауыр қуыстасы деп атайды. Кірер аузы бөктердегі жер деңгейінен 30-35 метр биіктеу тұрған ол үңгірден гөрі тау төсіне тігілген күрке немесе жаппаны көзге елестеткендей. Олай дейтін себебіміз, жалпы, пошымы киіз үйге ұқсас оның қабырғалары дөңгелене иілген кереге сияқты да, төбесінде ішке күн сәулесі еркін түсетін шаңырақтың орнындай ойық бар. Атап айтатын нәрсе, оның бәрі адам қолымен жасалған ба, жоқ әлде табиғаттың құдіретімен өмірге келген бе, бұл әлі күнге жұмбақ. Қалай дегенде де, бұған таңданбасқа, таңдана отырып ойланбасқа болмайды.

Жанболат АУПБАЕВ,
«Егемен Қазақстан»

Ақбауыр үңгірінің тағы бір кереметі бар. Ол оның қабырғаларындағы есте жоқ, ескі замандарда салынған ұсақ-ұсақ пиктограмма суреттер. Адамдар мен таутекелердің, арбалар мен түрлі шеңберлердің және нүктелердің сұлбалары бейнеленген олардың саны 80-ге жетіп жығылады. Композициясы өте күрделі бұл таңбалардың айналасын ирек сызықтар мен айшық трапеция, үшбұрыштар мен төртбұрыштар өрнектеп тұр. Әуесқойлар осылардың ішінен кез-келген белгіні қағаз бетіне түсіріп құраса, олардан теріс төңкерілген әлдебір тіршілік иелері мен жан-жануарлардың кескіні шығатынын да айта кеткен жөн. Мұның құпиясын петроглиф пен пиктограмманың ізіне

express-k.kz

түскен арнайы мамандар болмаса, былайғы бейсауат жандардың түйсініп, түсінуі өте қиын.

Арнайы мамандар демекші, үңгірді көргеннен кейін осы табиғат құпиясымен шұғылданып жүрген ғалымдар бар ма екен деп біраз ізденіс жұмыстарын жүргізген болатынбыз. Сонда облыстық өлкетану музейінің қызметкерлері бізге археолог Зейнолла Самашев пен Ақбауыр кешенінің меңгерушісі Галина Петенованы атады. Зейнолла Самашев өз сөзінде: «Бұл табиғат сыйы – энеолит – қола дәуірінің ескерткіші. Ондағы пиктограммалар біздің заманымызға дейінгі 4-3 мыңжылдықтағы тіршіліктен хабар береді», – деген тұжырым айтса, Галина Петенова әңгімені әріден бастауға ниетті екенін білдірді.

– Атақты саяхатшы Николай Рерихті кім білмейді дейсіз, – деп бастады сөзін өлкетанушы. – Міне, сол кісі 1929 жылы Моңғолия мен Тибетке бара жатқан сапарында Алтайға соғып, Мұзтау мен Ақбауырды көрген. Соңғысын, яғни біз сөз еткелі отырған жерді ашықаспан астындағы ғибадатхана деп атаған. Саяхатшының пайымдауынша мұнда мыңдаған жылдар бұрын ақылгөй абыздар өмір сүрген. Олар сол замандағы халықтардың тіршілігімен өмір сүріп, қоныстануына бағыт-бағдар беріп отырған. Осындай пайымдауларын айта келіп Николай Рерих: «Ақбауыр төңірегінде тасқа қашалған жазулар, жерлеу рәсімі салынған суреттер бар, – дейді. – Соларға қарап ойланғанда мұндағы өте ертеде өмір сүрген адамдар көз алдыңа елестейді. Жалпы, Алтай өңірі тарихта әлі терең зерттелмеген, көп ізденуді қажет ететін аймақ. Ол – жер жүзінің жауһары. Мұндағы асыл қазынаны бағалап, оның қадір-қасиетіне жете алсақ, соның өзі біздің адамзат өркениетінің ашылмаған аралдарын зерттеуге аз да болса үлес қоса алғанымыз».

Шынында да, Ақбауыр үңгірі мен оның етегіндегі әр тастан өте қызықты, адамды бір көргенде-ақ таң-тамаша қалдыратын бейнелер мен түрлі сурет, таңбаларды көруге болады. Бұлар жөнінде мұнда көптеген жорамал әңгімелер де бар. «Мәселен, сөз етіп отырған жайт туралы Санкт-Петербургтегі Эрмитаж қызметкері, мәдениеттанушы-ғалым Леонид Марсадолов Ақбауыр орналасқан пирамида тәрізді төбенің пошымы аспан кеңістігі тылсымына қарай үнсіз жетелейтін символдық бағдар болуы мүмкін десе, – дейді кешен меңгерушісі Галина Геннадьевна, – ал екінші бір ғылым өкілі Владимир Иконников бұл ғажап мекендегі жұмбақ белгілерді көк жүзіндегі жұлдыздардың сол энеолит заманындағы картасы емес пе екен деген ой айтады. Үшінші зерттеуші Андрей Юрченков төбесі ойық, қабырғалары түрлі таңбаларға толы Ақбауырды бұл өте ерте замандағы аспан әлемін зерттеуге арналған обсерваторияның алғашқы нұсқаларының бірі дейді».

Енді сөз етіп отырған үңгіртастың төңірегіндегі жәдігерлерге келейік. Ақбауырдың өзінен сәл төменіректе амфитеатр тәрізді шағын алаң көзге шалынады. Мұндағы ерте заман адамдарының осында отырып, тізе бүгетін және абыздардың түрлі дәстүр-салтқа арналған тақ, баспалдақ, ошақтарының бәрі үлкенді-кішілі қалақтастардан құралып, жасалған. Жолбасшымыздың айтуына қарағанда, бұл арада түрлі діни рәсімдер өткізілетін болған. Ал сай табанына жақындау тұстағы шомбалтаста солтүстікті бетке алған бұғылар тобы бедерленген. Галина Геннадьевна мұны бізге: «Бұғы мен 12 айды білдіретін 12 маралдың батысты бетке алуынан атқан таңның бататын да сәті бар екенін, туғанның өлмегі де болатынын бейнелеген бабалар философиясын аңғарып, танимыз», – деп түсіндірді.

Осыдан кейін аңғардағы көлемі малшылардың кішігірім жаппа немесе күркесі секілді ақтасқа келдік. Оны ерекшелеп тұрған мынадай нәрселер дер едік. Біріншіден, ол алып тақтатастың үстінде тұр. Салмағы әлденеше тоннаға жететін бұл гранитті мұнда кім, қалай қойды, түсініксіз. Екіншіден, оның астында оларды біреу әдейі қашап немесе кертіп тұрып жасағандай әсер қалдыратын үш ойық көзге шалынады. Мұны құдды үлкен ошақтың үш бұты дерсіз. Үштаған пошымындағы осы тесіктерден боранды күндері ызыңдаған үн шығады екен. Қазіргі заман тілімен айтқанда, резонатор деп аталатын ол есте жоқ ескі дәуірде қалай жасалған және сол қадым ғасырдағы адамдарға не үшін керек болған, бұл енді біз үшін мүлде түсінбейтін, біліп болмайтын жұмбақ, құпия сыр.

– Өздеріңіз көріп, танысқан жердің: «Тағы қандай ерекшелігі бар?» – дегенде оған мына ғажайыптарды айтуға болады, – деді қайтарымызда жолбасшымыз. – Оның алғашқысы Ақбауыр аңғарының ғарыштан көрінетіндігі. Содан соң бұл сайда жағымды биоэнергиялық өрістің бар екендігі. Осы айтылған ерекшеліктердің екеуі де Ресей ғалымдарының тұжырымы. Бұларды олар космос құралдары арқылы біліп, анықтаған. Есте ұстайтын тағы бір жайт, Ақбауыр алқабы мен ондағы ежелгі ескерткіш іздері бар аумақ 63 гектар жерді қамтиды. Соңғы төрт жылдан бері соның 18 гектары қорғауға алынып, кешен мәртебесін алды. Онда туристерге арналған соқпақ жол, үңгіртас пен өзге де жәдігерлер белгіленген көрсеткіш тақта жасалынған. Саяхатшылардың күн көзі мен жаңбырдан паналайтын ағаш үйшік, айбандары да ұмыт қалған жоқ. Қажетті-ау деген нәрселердің бәрі біртіндеп жүзеге асуда.

Осылай деген Галина Геннадьевна аталмыш тақырыпқа қатысты әттеген-айлардың да бар екенін айтып қалды. Ол біздің қоғамдағы экологиялық түсінік зерденің әлі де жөнді қалыптаспағандығы. Мәселенің мәнісі, тарихи және мәдени құндылықтардың бізге ғана емес, болашақ ұрпаққа да тиесілі екендігін естен шығарып алу. Сондықтан, археологиялық ескерткіштер бар жерді тапсақ болды, сол сәттен бастап оларды жабайылықпен пайдаланудың басталып кететіндігі. Оған бір ғана мысал келтірейік. Өзіміз сөз етіп отырған осы Ақбауырдан онша алыс емес жерде Абылайкет атты қорған бар екен. Ол XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар нояндары тұрған қамал десе-ді білетіндер. Міне, бейсауат адамдар сондағы ғибадатхананы ғана емес, оның белгі, таңбаларын да аямаған. Алдымен олар бұл ежелгі ескерткіштің мемлекет тарапынан қорғалатындығы туралы жазған металл тақтасын ұрлап әкетіпті. Одан кейін сол тақта бекітілген темір бағанның да көзін құртқан. Қорғанды қиратып, тастарын мал қора салуға тасып әкеткен. Ал енді мына Ақбауырды соңғы жылдары елдің жаппай көріп тамашалауы, туристер легінің көбеюі қазір неге алып келе жатыр дейсіздер ғой. Тастағы таңбаларды қолмен сипап, оған тәу ету, орынды-орынсыз ұстай беруден көп белгілер өшіп, жоқ болуда. Жартастардағы осыдан бес-алты жыл бұрынғы бар суреттерді қазір іздесеңіз де таппайсыз. Таңбалар тек Ақбауыр үңгіртасының ішінде ғана сақталып қалған.

Осыны естігенде біздің ойымызға мына бір жайт оралды. Батыс Европада Фон де Гом, Монтеспам, Альтамира секілді әйгілі үңгірлерді ондағы кешен қызметкерлері металл тормен жауып қояды екен. Ақбауырды да дәл осындай етіп жасау керек сияқты. Ол үшін торды қорғауға алынған жер аумағын қоршаумен шектелмей, үңгірге кірер тұсқа да қою қажет. Ежелгі ескерткішті қорғаудың бұдан басқа жолы жоқ. Сол кезде туристер Ақбауырдың қабырғасындағы таңбаларға тиіспейтін болады. Европадағы секілді жазуды тордың жанына келіп, сырттан ішке үңіліп қана көре алады.

Шығыс Қазақстан облысы,
Ұлан ауданы,
Бестерек ауылы

ТАБИҒАТ ТЕРЕЗЕСІ

Көктемді қондырып қанатына...

Сол жылы қыс қатты болды: құдасына келген қытымыр шалдай сарыжамбастанып жатып алды, атан түйені жел шайқады, жем-шөбі таусылған малшыны шер шайқады, жуан жіңішкерді, жіңішке үзілді. Көпшілік «шықпа, жаным, шықпамен» әр күнін азаппен өткеріп жатты.

Қасат қардың көбесі сөгіле қоймаған күндердің бірі еді, анам даладан үйге қуана кірді.

– Көктемнің алғашқы хабаршысы – нәурізек келіпті, – деді.

Бұл бізге «алыстағы әкелерің келіпті» дегенмен бірдей естілді. Далаға жүгіріп-жүгіріп шығыппыз.

Көп кешікпей шықылықтап жүрген кіп-кішкене нәурізек құсты көрдік. «Мына аязда қалайша тоңбайды екен?» деп таңырқағанымыз есімізде. «Бармақтың басындай ғана осы құс қалай ғана көктемді ілестіріп әкеледі?» деп таңырқағанымыз да ұмытылмапты.

Арада көп өтпей көк жүзінде тырналар тыраулады. Мұнан соң қарлығаш шықылықтады.

Біз бала кезімізде аспанға көп қарайтынбыз. Аспан әлемінің қожайындары – құстар бізді ғажайып әлемге жетелейтін. Әкешешемізден ұрыс естісек, құс болып ұшып кеткіміз келетін (Қазір де үлкендер жердегі жұлымырлықтардан жерігенде көкке ұшып кеткісі келетінінде үлкен сыр жатыр-ау). Сол үлкендер құстың ұшқан-қонғанына қарап шаруа күйттеуші еді. Мәселен, «жыл құстары топталып ұшса, жылымық күз созыла түседі» деп отыратын шаруа баққан қариялар.

Көктем сайын көгімізде тыраулайтын тырналарға қарап түрлі жорамал айтатын біз табиғатқа сән беріп, көк аспанға көрік сыйлап, күллі болмыс-жаратылысымен ғажайыптар әлеміне жетелейтін құстар әлемін жете білмейді екенбіз. Сол білмейтіндеріміздің арасында Түлкібас ауданының шекарасындағы Шақпақ ата ауылында орналасқан орнитологиялық стансасы бар. Жуалы ауданының шекарасына табан тие оң жағымызда Тянь-Шань тауының сүйірлене бітетін жазығында жағалай орнатылған тордың сырын әрі-бері жөңкілген жолаушылар білген емес. «Егістікке мал түспес үшін қойылған тор шығар» деп тұспалдаған жолаушылар сол ойдың жетегімен әрі қарай тарта береді. Біз де көп жолаушының бірі ретінде өте шығар ма едік, кездейсоқ осы жерде орнитологиялық станса барын естіп қалмағанда.

Сонымен, «Шақпақ асуы қайдасың?» деп тартып кеттік. Осы жерде редакция тапсырмасымен шұғыл жолға шыққан журналистерге қолдау білдірген Түлкібас ауданы әкімінің орынбасары Жанар Бектаеваға алғаусыз сезіммен алғысымызды жеткізіп қойғанды жөн санадық.

Шақпақ асуы әлі де қыстың құрсауында екен. Шағын елді мекенді қар басып қалыпты. Теледидардан Батыс облыстардағы қыс қыспағын көріп жүрміз ғой. Шатыры ғана қылтиып тұрған үйлерді көргенде еріксіз таңырқадық. Шақпақ орнитологиялық стансасында 20 жылдан бері қызмет істейтін Рамазан Құдабаев бізді біраз жайттан хабардар етті.

Жалпы, орнитология терминін алғаш рет ғылымға XVI ғасырда итальян ғалымы У.Альдрованди енгізген. Орнитология – құстардың дамуын, физиологиясын, жер бетіне таралуын зерттейтін ғылым. XX ғасырдың 70-80-жылдары Қазақстан аумағында, оның ішінде бұрын аз зерттелген Тянь-Шань, Алтай тауларын, Бетпақдала өңірі мен Маңғыстау, Бозащы шөлейтті аймақтарын мекендейтін құстарға орнитологиялық зерттеулер толық жүргізілген. Құстардың қоныс аударуы – өзгеше бір әлем. Оның әуе жолымен ұшып өтетін бағытын зерттесеңіз, талай құпияға қанық боласыз. Ғалымдар, орнитологтар құстарға сырға салу арқылы олардың популяциясының жағдайын, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін анықтайды. Су құстарын пайдалану, жәндікқоректі құстарды өзен бойындағы және таудағы ормандарға қоныстандыру арқылы олардың ауыл шаруашылығына тигізетін пайдасын анықтау да маңызды. Мәселен, бір қарлығаш бүкіл жаз бойы 1 миллион құрт жейді екен. Қараторғайлардың бір тобы балапандарымен 22 тонна шегірткені азық етеді деседі (Осы жерде біздегі диқандардың ала жаздай шегірткелер шабуылына ұшырауы еске түседі).

Қазір дүниежүзілік Неміс орнитология қауымдастығы, Британия, Америка құс зерттеу орталықтары, Мумбай (Үндістан) орнитология қауымдастығы, тағы басқа да халықаралық ұйымдар ғылыми жұмыстар жүргізеді. Қазақстанда Ғылым Академиясының Зоология институты құстар әлемін зерттеуді 1966 жылы бастады. Орнитолог ғалым И.А.Долгушиннің басшылығымен құстарға сақина салып, зерттеумен айналысатын ғылыми орталық ұйымдастырылды.

Міне, сонда Шақпақ ата асуы неге таңдалды? Тянь-Шань тау жоталары еліміздің оңтүстік-шығысында 1000 шақырымға созылып жатыр. Міне, осы тау жоталарынан өте алмаған жыл құстары Шақпақ ата асуы арқылы ұшып өтуге мәжбүр. Дәл осы жерде Тянь-Шань мен Қаратау тауы түйіседі де, екі аралық ойпаң болып келеді. Жылы жақтан ұшып келе жатқан жыл құстары осы ойпаң-қуыс жерден көктемде бері, күзде әрі ұшып өтеді екен. Содан кейін күзде құстар оңтүстіктегі жылы аймақтарға қайтарда Шақпақ ата асуындағы осы жазық жерге аялдайды. Ендеше, орнитологиялық станса салуға қолайлы орын емес пе? Демек, жыл құстарының демалып өтер үлкен аялдамасы (бәлкім, әуежайы десек те жарасар) қасиетті Түлкібас аумағында жатыр! Бұл да табиғаттың бізге жасаған үлкен тартуы.

Орнитологтар солтүстіктен оңтүстікке қоныс аударатын қараторғай, шәуқарға, тағанақ, торғай, тағы басқа да құстардың Шақпақ ата асуы арқылы өтетінін сақина салу арқылы анықтаған. Дәл осы асу арқылы құстың 200-ден аса түрі көктем мен күзде әрі-бері өтеді екен.

Ал, осы кезде орнитолог ғалымдар екі жотаның арасындағы берік жіптен тоқылған үлкен торларды биік бағандарға керіп байлайды. Конус пішінді торға түскен құс қайта шыға алмайды. Өйткені, тордың артқы шеті бірте-бірте тарылып, құс сиятындай қуысқа айналады. Осы қуыс арқылы құс арнайы жәшікке түседі. Жәшікке түскен құсты зерттеушілер лабораториялық тексеруден өткізеді. Сирағына реттік саны жазылған сақина салады. Құс туралы барлық мәлімет арнайы журналға тіркеледі. Мұнан соң құс бостандыққа жіберіледі. Құстар әртүрлі қауіпті, жұқпалы аурулардың қоздырғышын (энцефалиттер, арбовирустер, гельминттер) денесінде сақтаушы әрі тасымалдаушы болуы мүмкін. Мұндайда дәрігерлер сақтық шараларын жасайды.

Сақина салу арқылы құстардың қай аймақтарға ұшып баратыны мен қанша жыл өмір сүретіні де анықталады. Мәселен, сақиналау әдісімен кәдімгі шағала – 32, күміс түсті шағалалар – 36, қараторғай 15 жылға дейін өмір сүретіні белгілі болған. Шақпақ асуында және Алакөлде Испания мен Үндістанда сақиналанған торғайлар торға түскен. Сондай-ақ, торғайлар Үндістан мен тропикалық Африкада, сұр қарлығаштар Африка мен Мадагаскарда, тырналар Оңтүстік Азияда, шақшақайлар Африкада қыстайтыны анықталған.

Иә, біздің Жер шарының құрлықтарға бөлінуін географ ғалымдар құстардың таралуы мен қоныс аударуын есепке ала отырып жасағанын да біле жүруіміз керек. Сонымен бірге, Шақпақ ата асуындағы орнитологиялық орталық Қазақстан мен Орта Азиядағы бірегей зерттеу мекемесі екенін де ұмытпалық. Мұнда бірнеше мемлекеттің ғалымдары жұмыс істейді.

Жаратқан иеміз әлімсақтан екі тіршілік иесін азат етіп жаратыпты. Олар – адамдар мен құстар. Жердегі пенделерден гөрі аспандағылар еркін де азат. Десек те, Қазақстанды Отаным деп санайтын барша қауым азаттық пен татулықтың тәтті дәмін сезініп келеді. Егемен еліміздің туында еркіндік пен бостандықтың символы ретінде бейнеленген қыран ықылым замандарда аттың жалында, түйенің қомында көшіп-қонып өмір сүрген қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, таным-түйсігінде ерекше орын алған қастерлі құс. Иә, көк жүзін еркін шарлаған құс атаулы тарихымызбен тамырлас, нанымсенімімізбен ортақтас екен.

Әне, көктемді қанатына қондырып, Оңтүстігіме құстар да келіп жетті. Шықшы тауға, қарашы айналаға, көк көйлек киген көктемім тоты құстай мың құлпырып, тіршілікті балқытып алау оттан ала қашып көңілді алабұртқан, жарқ етіп көрінбей ме ала бұлттан?!.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА (ағылшындық әдіс бойынша)

Астана қаласының әкімдігі Бейбітшілік көшесі, 11 мекенжайындағы 2-қабат, үлкен акт залында 2017 жылдың 25 сәуірінде сағат 15:00-де өнеркәсіптік-азаматтық мақсаттағы объектілерді жобалау және салу және уақытша объектілерді орналастыру үшін жер учаскелерінің жалдау құқығын сату бойынша аукцион өткізеді

Аукционда сату үшін ұсынылып отырған жер учаскелерінің тізілімі:

лот №	Жер учаскесінің орналасқан орны	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер учаскесінің ауданы, га	Бастапқы баға, теңге	Бір жыл үшін жалдау төлемі, теңге	Жалдау мерзімі	Кепілдік жарна сомасы
1	Астана қ., А.Пушкин көшесінің ауданы	Әкімшілік ғимарат	0,2865	1 035 471	92 895	25 ай	113 450
2	Астана қ., Өндіріс тас жолы ауданы	Өндірістік орын-жайлары бар автобус паркі	4,0898	10 828 760	663 038	34 ай	541 438
3	Астана қ., Железнодорожный тұрғын алабы, А211 және А336 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысы ауданы	Базар кешені	0,5355	1 434 433	124 022	20 ай	113 450
4	Астана қ., Р.Қошқарбаев даңғылы, № 47 үй ауданы	Автопаркинг	0,1867	842 250	60 536	27 ай	113 450
5	Астана қ., Ж.Нәжімеденов және А427 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысы ауданы	280 орынға арналған балабақша	1,5405	4 914 710	499 492	26 ай	245 735
6	Астана қ., М.Төлебаев және Құмкент көшелерінің қиылысы ауданы	Жарнама-ақпараттық объект № 011А10364 (3х4 м)	0,0004	802	130	12 ай	113 450
7	Астана қ., Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабы (сол жақ), Ү.Субханбердина және Іле көшелерінің қиылысы	Сауда орталығы	0,0579	232 179	18 773	24 ай	113 450
8	Астана қ., Қорғалжын тас жолы ауданы	Паркингі бар аз қабатты тұрғын үй	0,9909	3 576 158	160 645	27 ай	178 808
9	Астана қ., Қорғалжын тас жолы, Ильинка тұрғын алабы ауданы	Әкімшілік орталығы	0,6665	2 490 924	107 891	28 ай	124 546
10	Астана қ., Қорғалжын тас жолы ауданы	Әкімшілік орталығы	1,1250	4 366 890	182 385	29 ай	218 345

Аукционды өткізу шарттары: аукционды аукционшы өткізеді. Әрбір сауда-саттық объектісі бойынша аукцион аукционшының өз атауын, қысқаша сипаттамасын, аукционды өткізу әдісін, бастапқы баға мен бағалардың өзгеру қадамын хабарлауынан басталады. Аукцион ағылшындық әдіс бойынша өтізіледі (бастапқы бағасының өсуіне қарай). Аукционшы сауда-саттық процесінде қадамдардың өзгеруі туралы хабарлайды. Бұл ретте, қадам объектінің ағымдағы бағасының бестен он пайызына дейінгі шектерде өзгереді. Аукционшы объектінің бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Сауда-саттықта қатысушылардың нөмірді көтеруі бастапқы бағаны өсіреді, бірақ ол хабарланған қадамнан кем болмауы керек. Аукционшы объект бойынша аукционға қатысушылардың аукциондық нөмірлерін хабарлайды, бағаны бекітеді және оны өсіруді ұсынады. Аукционшы объект үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушыны хабарлайды. Аукционшы объектінің соңғы бағасын үш рет қайталайды және басқа көтерілген нөмірлер болмаған кезде балға соғу арқылы аталған объектінің сатылғаны туралы хабарлайды. Сауда-саттық жеңімпазы анықталғаннан кейін сатушы сауда-саттық өткізу рәсімдерін, сондай-ақ сатып алу-сату шартын жасасу және оның талаптарын орындау жөніндегі тиісті міндеттерді орындамаған жағдайда, сатушы сауда-саттықта осы объект үшін шамасына қарай екінші баға берген қатысушыға (екінші сатып алушы) объектіні сатып алу құқығын береді;

Жер учаскелерінің жалдау құқығын сату шарттары және ауыртпалықтар (шектеулер) тізілімі: сатып алушы: аукцион өткізілетін күні оның нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюға, «Астана қаласы Жер қатынастары және жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» ММ-мен Астана қаласы әкімдігінің тиісті қаулысы қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жер учаскесінің жалдау құқығын сатып алу-сату шартын жасасуға және ол бойынша міндеттерді орындауға, игерілу шарттары туралы шартты жасасуға, жер учаскесін оның нысаналы мақсатына сай пайдалануға, қажет болған жағдайда, мүдделі тұлғаларға жер учаскесін шектеулі пайдалану құқығын (сервитут) беруге, жалдау төлемін уақытылы өтеуге міндетті.

Сауда-саттықта белгіленген учаскенің аукциондық құны 50% мөлшердегі аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылғаннан кейін банктік 5 күннен кешіктірілмейтін мерзімде төленеді, ал қалған сома сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей енгізілуі қажет.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарнаның сомасынан 5% құрайды, бірақ елу айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы керек. «Астана қаласының Коммуналдық мүлік және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің есептік шотына ақшасыз жолмен төмендегі деректемелер бойынша аударылады: ЖСК KZ740705023980001001 «ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті» ММ, БСК KKMFKZ2A, БСН 141240027811, Кбе 12, ТБК 171.

Ескерту: Кепілдік жарна әрбір сауда-саттық объектісі бойынша бөлек енгізіледі.

Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін:

жеке тұлғалар үшін: 1) аукционға қатысуға өтінімді; 2) кепілдік жарнаның енгізілгендігін растайтын төлем құжатын; 3) өкілеттің өкілеттілігін куәландыратын құжатты;

заңды тұлғалар үшін: 1) аукционға қатысуға өтінімді; 2) кепілдік жарнаның енгізілгендігін растайтын төлем құжатын; 3) резидент емес тұлғалар сауда-саттық тізілімінен заңдастырылған үзіндіні немесе шетелдік заңды тұлғалар шетел мемлекетінің заңнамасы бойынша заңды тұлға екендігін куәландыратын, мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасы бар басқа заңдастырылған құжатты береді; 4) өкілеттің өкілеттілігін куәландыратын құжатты **ұсыну қажет**.

Көшірмелердің дұрыстылығын растау үшін түпнұсқалары салыстыру үшін беріледі.

Сауда-саттыққа қатысуға өтініштер ақпараттық хабарламаны жариялаған күннен бастап төмендегі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 106-бөлме және 2017 жылдың 24 сәуірінде сағат 15:00-де аяқталады.

Аукцион қатысушыларын тіркеу (қатысуға билеті болған жағдайда) аукционның басталуына Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 2-қабат, үлкен акт залы мекенжайы бойынша 2017 жылдың 25 сәуірінде сағат 14:30-ден бастап жүргізілетін болады.

2017 жылғы 20 сәуірде Бейбітшілік көшесі, 11-үй мекенжайында орналасқан әкімдіктің ғимаратында, 133-кабинетте сағат 10:00-ден 12:00-ге дейін аукционның мәселелеріне түсінік беру бойынша семинар өткізіледі.

Қосымша ақпарат және анықтама келесі телефон нөмірлері арқылы беріледі: +7 (7172) 55-01-67, 55-74-95.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ (по английскому методу)

Акимат города Астаны 25 апреля 2017 года в 15:00 часов по адресу: ул. Бейбітшілік, 11, 2-этаж, большой актовый зал, проводит аукцион по продаже права аренды земельных участков для проектирования и строительства объектов промышленно-гражданского назначения и размещения временных объектов

Перечень земельных участков, предлагаемых для продажи на аукционе:

№ лота	Месторасположение земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Площадь земельного участка, га	Начальная цена, тенге	Арендная плата за год, тенге	Срок аренды	Сумма гарантийного взноса
1	г. Астана, район улицы А. Пушкина	Административное здание	0,2865	1 035 471	92 895	25 месяцев	113 450
2	г. Астана, район шоссе Өндіріс	Автобусный парк с производственными помещениями	4,0898	10 828 760	663 038	34 месяца	541 438
3	г. Астана, жилой массив Железнодорожный, район пересечения улиц А211 и А336 (проектные наименования)	Рыночный комплекс	0,5355	1 434 433	124 022	20 месяцев	113 450
4	г. Астана, проспект Р.Қошқарбаева, район дома № 47	Автопаркинг	0,1867	842 250	60 536	27 месяцев	113 450
5	г. Астана, район пересечения улиц Ж. Нәжімеденова и А427 (проектное наименование)	Детский сад на 280 мест	1,5405	4 914 710	499 492	26 месяцев	245 735
6	г. Астана, район пересечения улиц М. Төлебаева и Құмкент	Рекламно-информационный объект № 011А10364 (3х4 м)	0,0004	802	130	12 месяцев	113 450
7	г. Астана жилой массив Юго-Восток (левая сторона), пересечение улиц Субханбердиной и Іле	Торговый центр	0,0579	232 179	18 773	24 месяца	113 450
8	г. Астана, район шоссе Қорғалжын	Малоэтажный жилой дом с паркингом	0,9909	3 576 158	160 645	27 месяцев	178 808
9	г. Астана, шоссе Қорғалжын, район жилого массива Ильинка	Административный центр	0,6665	2 490 924	107 891	28 месяцев	124 546
10	г. Астана, район шоссе Қорғалжын	Административное здание	1,1250	4 366 890	182 385	29 месяцев	218 345

Условия проведения аукциона: аукцион проводит аукционист. Аукцион по каждому объекту торгов начинается с объявления аукционистом его наименования, краткой характеристики, метода проведения аукциона, начальной цены и шага изменения цены. Аукцион проводится по английскому методу (на повышение начальной цены). Аукционист объявляет об изменении шага в процессе торгов. При этом, шаг изменяется в пределах от пяти до десяти процентов текущей цены объекта. Аукционист объявляет начальную цену объекта и шаг увеличения цены. Поднятием номера участники торга повышают стартовую цену, но не менее чем на объявленный шаг. Аукционист объявляет аукционные номера участвующих в аукционе по объекту, закрепляет цену и предлагает ее повысить. Аукционист объявляет участника, предложившего наиболее высокую цену за объект. Аукционист трижды повторяет последнюю цену объекта и, при отсутствии других поднятых номеров, с ударом молотка объявляет о продаже данного объекта. После определения победителя торгов, продавец на случай невыполнения процедур проведения торгов, а также соответствующих обязанностей по заключению и исполнению условий договора купли-продажи, предлагает право на покупку объекта участнику, назвавшему на торгах вторую по величине цену за данный объект (второй покупатель);

Условия продажи права аренды земельных участков и перечень обременений (ограничений): покупатель обязан: подписать протокол о результатах аукциона в день его проведения, заключить договор купли-продажи права аренды земельного участка с ГУ «Управление земельных отношений и по контролю за использованием и охраной земель города Астаны» в течение одного рабочего дня со дня принятия соответствующего постановления акимата города Астаны и исполнить обязательства по нему, заключить договор об условиях освоения, использовать земельный участок в соответствии с целевым назначением, при необходимости предоставить заинтересованным лицам право ограниченного пользования земельным участков (сервитут), своевременная оплата арендной платы.

Аукционная стоимость участка, зафиксированная на торгах, оплачивается в виде авансового платежа в размере 50% в срок не позднее 5 банковских дней после подписания договора купли-продажи, а оставшаяся сумма должна быть внесена не позднее 30 календарных дней со дня подписания договора купли-продажи.

Сумма гарантийного взноса для участия на торгах составляет 5% от начальной цены, но не менее пятидесяти месячных расчетных показателей. Гарантийный взнос перечисляется безналичным путем на р/счет ГУ «Управление коммунального имущества и государственных закупок города Астаны» по следующим реквизитам: ИИК KZ740705023980001001 ГУ «Комитет казначейства Министерства финансов РК», БИК KKMFKZ2A, БИН 141240027811, КБЕ 12, КНП 171.

Примечание: Гарантийный взнос по каждому объекту торгов вносится отдельно.

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо представить:

для физических лиц: 1) заявка на участие в аукционе; 2) платежный документ, подтверждающий внесение гарантийного взноса; 3) документ, удостоверяющий полномочия представителя;

для юридических лиц: 1) заявка на участие в аукционе; 2) платежный документ, подтверждающий внесение гарантийного взноса; 3) нерезиденты представляют легализованную выписку из торгового реестра или другой легализованный документ, удостоверяющий, что иностранное юридическое лицо является юридическим лицом по законодательству иностранного государства, с нотариально засвидетельствованным переводом на государственный и русский языки; 4) документ, удостоверяющий полномочия представителя.

Для подтверждения достоверности копий предъявляются оригиналы для сверки.

Заявки на участие в торгах принимаются со дня публикации информационного сообщения по адресу: г. Астана, ул. Бейбітшілік, 11, каб. 106 и заканчиваются в 15:00 часов 24 апреля 2017 года.

Регистрация участников аукциона (при наличии билета на участника) будет проводиться 25 апреля 2017 года с 14:30 часов и до начала аукциона по адресу: г. Астана, ул. Бейбітшілік, 11, 2-этаж, большой актовый зал.

20 апреля 2017 года с 10:00 до 12:00 в здании акимата по адресу: ул.Бейбитшилик, 11, кабинет 133, будет проведен семинар по разъяснению вопросов аукциона.

Дополнительная информация и справка предоставляются по телефонам: +7 (7172) 55-01-67, 55-74-95.

МӘССАҒАН!..

Тасқынмен жағаласып, құбыр жасап жатыр

Фарида БЫҚАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Біз 4 сәуір күні газетімізде Баянауылға баратын жолда тасқын судың жүріп өткенін, жылдағыдай Кенжекөл, Баянауылдың Теңдік, Қараащы, Көкдомбақ, Жаңажол, Жуантөбе, Ақши, Лебяжі ауданының орталығы, Жамбыл, Кеңшілік ауылдары, Павлодар ауданының Мичурин, Ақтоғай ауданында Шолақсор ауылдарына су тасқыны келу қаупі бар. Баянауылдың 18-ші ауылы тасқын келуін үреймен күтуде деп жаздық.

Баянауыл-Павлодар бағытындағы тас жол қазір тасқын судың астында қалды. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті Павлодар мен Баянауыл арасындағы жол уақытша жабылды. Бірлік ауылы маңындағы жолдың астындағы құбырлар жарылып кеткен. Бұл тасқын суға өзіміз жол бердік деген сөз ғой. Жол жоқ. Облыс орталығынан арнайы техника жеткізіліп, Бірлік ауылының жолына су өткізгіш құбыр орнатылып жатыр деп хабарлайды. Құдай-ау, жаз бойы өзі не қарадық?! Тасқын судың беті қайтар түрі көрінбейді дейді ауылдықтар. Су қоймаларындағы су мөлшерінің артуы кезінде не болмақ?.. Ертең-ақ Қарағанды облысындағы Қаратоқа бөгеті аумағынан ағатын қар суы Баянауылдың Теңдік, ал Ақмола облысындағы Сілеті су қоймасынан келетін су Ақтоғай ауданының Шолақсор ауылдарына қауіп төндіреді. Бірде-бір ауылдың су өтінде қалуына жол бермеуіміз керек дегенмен де, тасқын судан қорғану шараларын ертерек қолға алу керек емес пе еді?!.

Павлодар облысы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, 010000, Астана қаласы, Есілдің сол жақ жағалауы, Орынбор көшесі, №8, Министрліктер үйі, 11-кіреберіс, «М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ректоры бос лауазымдық орнына конкурс жариялайды. Кәсіпорынның орналасқан мекенжайы: индексі 080000, Тараз қаласы, Сүлейменов көшесі, 7-үй.

Қызметінің негізгі мәні – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру оқу бағдарламаларын іске асыру, іргелі ғылыми және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыру болып табылады.

Қызметінің мақсаты – ғылым мен тәжірибе жетістіктері, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың негізінде тұлғаның қалыптасуы, дамуы мен кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, кемінде 5 жыл басшылық қызметтегі еңбек өтілі болуы.

Конкурсқа мынадай тұлғалар қатыса алмайды:

1) он сегіз жасқа толмаған;
2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме (қағаз нұсқасы фотосуретпен қоса)
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
7) жеке куәлігінің көшірмесі;
8) соттылығының бар не жоқ екендігі туралы анықтама;
9) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның даму бағдарламасы.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн ішінде жүргізіледі.

Конкурстың өткізілетін күні мен орны қосымша хабарланады.

Жоғарыда аталған құжаттарды белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне (829, 643-кабинет) өткізу қажет, телефон: 8 (7172) 74-21-02.

«AlPaint» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Almix» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қосылу жолымен өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Қазыбаев к-сі, 20. Тел. (727) 330-37-00, 330-37-03.

Товарищество с ограниченной ответственностью «AlPaint» объявляет о своей реорганизации путем присоединения к Товариществу с ограниченной ответственностью «Almix». Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования данного объявления по следующему адресу: г.Алматы, ул.Казыбаева, 20. Тел. (727) 330-37-00, 330-37-03.

«Almix» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «AlPaint» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне оны қосу жолымен өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қ., Қазыбаев к-сі, 20. Тел. (727) 330-37-00, 330-37-03.

Товарищество с ограниченной ответственностью «Almix» объявляет о своей реорганизации путем присоединения к нему Товарищества с ограниченной ответственностью «AlPaint». Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования данного объявления по следующему адресу: г.Алматы, ул.Казыбаева, 20. Тел. (727) 330-37-00, 330-37-03.

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімінің бас консультанты Қарлығаш Қуанқызы Шибучиковаға

АНАСЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының басшылығы, судьялары және аппараты Жоғарғы сот судьясы Нұржан Үсіпханұлы Қайыпжанға әкесі

Үсіпхан ҚАЙЫПЖАНОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұжымы Ақмола облысының Білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы Ерлан Сләмбекұлы Әбілдиновке анасы

Рәзия Қайықбайқызы СӘКЕНОВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЕЛДІКТІҢ ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Бәйдібек би (Шымкент)

Монумент Оңтүстік Қазақстан облысының 80 жылдығына орай орнатылды. Оның жалпы биіктігі – 23 метр: мүсіннің өзі – 10 метр, 4 метр – үйінді және 9 метр – тұғыры. Құрылымның салмағы – тоғыз тонна. Мүсін Шымкенттің ең биік жерлерінің біріне, шамамен 220 метр биіктіктен орын тепті. Ескерткіштің авторы – белгілі мүсінші, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Насыр Рүстемов.

Суретті түсірген **Қайсар ШЕРІМ**

КӨРМЕ

Метрополитендегі айшықты фотосуреттер

Сапарбай ПАРМАНҚҰЛОВ,
«Егемен Қазақстан»

Жақында Алматы метрополитенінің «Мәскеу» бекетінде әлемдік әлеуметтік фотосуреттер көрмесі ашылды.

Бұл үздік әлеуметтік фотосуреттер көрмесін «Бауыржан» қайырымдылық қоры «Make It Clear!» әлеуметтік фотосуреттер байқауы аясында ұйымдастырып отыр.

Онда әлемдік фотографтардың жұмыстарын кез келген қала тұрғыны 19 сәуірге дейін тамашалай алады. Көрмеде әлеуметтік тақырыптағы түрлі мәселелерді қозғайтын фотосуреттер қойылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталмыш көрменің мақсаты – әлеуметтік фотосуреттер арқылы адамдардың назарын қоғамдағы түйткілді мәселелерге аудару. «Фотосуреттер түрлі тағдырлар мен қиындықтардың сырын шертіп, олардың шешілу жолдарын іздеуге ой салады. Себебі, осы күні халық визуалды түрде баса назар аударатындықтан, айналасындағы мәселелерге көзқарасы өзгеруі мүмкін», – дейді қайырымдылық қорының өкілдері.

Көрмеде жалпы әлемдік және қазақстандық фотографтардың 50 фотосуреті ұсынылыпты. Метро көпшілік шоғырланатын орта болғандықтан, әлеуметті фотосуреттер жұрт назарынан тыс қалмайды деп санайды.

Еске салсақ, жеңімпаздарды өз кәсібінің шеберлері – танымал фотографтар анықтайтын болады. Олардың қатарында Дамир Өтеген, Любовь Харламова, Павел Михеев, Никита Басов және тағы басқалар бар. Байқау мына бес аталым бойынша анықталады: «Отбасына және Отанға деген махаббат», «Жақынына деген махаббат», «Жануарларға деген махаббат», «Балаларға деген махаббат», «Екі жарты – бір бүтін». Сондай-ақ, желі қолданушыларының дауыс беру нәтижесі бойынша «Көрермендер көзайымы» атты да арнаулы марапат тағайындалмақ. Жүлде қорында Canon/ Nikon фотоаппараты, Leica оптикасымен Huawei смартфоны, Samsung 360 бейнекамерасы, фототүсірілімге арналған квадрокоптер, фотографқа арналған рюгзак, (GoPro, Sony) Экшн-камерасы бар.

АЛМАТЫ

ЖӘДІГЕР

Әулиеата өңірінде орналасқан Қарахан, Айша бибі, Тектұрмас кесенелері мен ежелгі ескерткіштер көне заманнан сыр тартып, кешегі тарихты бүгінмен сабақтастырып тұр. Есте жоқ ескі замандардан күні бүгінге дейін жетіп отырған тарихи жәдігерлердің бойындағы тылсым сыр, жұмбақ күй көне дәуірдің көркем көріністерін көз алдымызға келтіреді. Тарих толқынында тербелген таңғажайып сәулет ескерткіштері тарихымен де, тағдырымен де қызықтырады.

Ақкесене ақиқаты

Хамит ЕСАМАН,
«Егемен Қазақстан»

Төменгі Талас бойын жағалай орын тепкен тарихи жәдігерлер бүгінде көзіқарақты көпшілікке таныс. Сол ортағасырлық ескерткіштердің өзі-ақ ұлттың ұлы тарихын жаһанға әйгілеп тұр. Талас ауданының Үшарал ауылынан солтүстік-батысқа қарай 35 шақырым жерде орналасқан Аккесене қарауыл мұнара бекінісі де ғасырлар бойы ғаламат қалпын сақтаған көне жәдігер. Тарихқа сүйенсек, Аккесене қарауыл мұнарасын 1896 жылы алғаш рет өлкетанушы Василий Каллаур зерттеген екен. Сондай-ақ, Аккесененің ақиқатын ашу үшін 1945-1949 жылдары Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі, 1980 жылы «Қазжобажаңғырту» мекемесі жұмыс жүргізген. Зерттеу нәтижелері бойынша бекіністің сары топыраққа іргетассыз қаланғаны анықталған. Сондай-ақ, Каллаурдың жазуынша, Аккесененің мұнараға ұқсас екені де белгілі болған.

– Бекініс бұрыштарында мұнаралары бар, қабырғалармен қоршалған, тік бұрышты алаңқай. Бекініс шығысындағы Аккесене деген атпен белгілі мұнара дөңгелектеу келген, диаметрі 11 метр, биіктігі 9 метр. Мұнараның құрылысы XVII ғасырларда тұрғызылған деген болжам бар. Қазба жұмыстарынан табылған қыш материалдарда суармалы емес қыштардың сынықтары кездеседі. Ал қамал одан бұрын, яғни XII-XIII ғасырларда тұрғызылған. Бірақ табылған материалдар өте аз болғандықтан, бұл уақытты анықтау қиын. Сонымен, мұнара-бекіністің мерзімі туралы әртүрлі болжамдар бар, – дейді «Ежелгі Тараз ескерткіштері» қорық-музейінің бөлім басшысы Алмас Мұхтаров.

Аккесене бекінісінің қандай мақсатта салынғаны белгісіз. Дегенмен, кешегі жаугершілік заманда жау аңысын аңдып, қазақ даласына қия бастырмау үшін салынған болуы мүмкін деген ой келеді. Өйткені, бекіністің қалыңдығы 3 метрлік қабырғалардан тұрғызылған. Талай ғасырларды артқа тастап, ақиқатын толық ашпаған күйі бүгінгі күнге жеткен Аккесене бекінісі Ұлы даланың ғажап құндылығы екені даусыз.

Жамбыл облысы

КИНО

«Шыңырау» түсіріле бастады

Өткен жылдың соңында Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесін үлкен экранға шығаруға шешім қабылдағаны туралы ақпарат тараткан едік.

Айнаш ЕСАЛИ,
«Егемен Қазақстан»

Сәуірдің алғашқы күндерінен бастап бұған дейін де жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған «Самғау» деректі фильмін түсірген режиссер Жаңабек Жетіруов «Қазақфильм» киностудиясында «Шыңырау» фильмін түсіруді бастады.

Ұлттық студия түсірілімнің барлығы дерлік Маңғыстау облысында өтетіндігін мәлімдеп отыр. Фильмде Қарақия ойысы, Үстірт шоқысы және Каспий теңізі көрініс табады. Түсірілімдер үшін Ақтау қаласына жақын жердегі Қанға ауылында декорациялар тұрғызылып, елді мекен фактураланды.

Психологиялық шиеленіске толы драмалық картинадағы басты рөлдерге Асылхан Төлепов пен Алдабек Шалбаев бекітілген. Сондай-ақ, фильмге Мұхамеджан Мырзакиев, Дәулет Әбіш, Қанатбек Құрымбаев, Мақсат Сәбитов, Азамат Шарғын, Зухра Сайпи және басқалар түсетін болады.

Режиссер Әбіш Кекілбаевтың үздік туындыларының бірі «Шыңырауды» экрандау аса жауапкершілікті талап ететіндігін айтады.

– Көптеген отандық кинематографистер Әбіш Кекілбаевтың повесі бойынша фильм қоюды және экрандауды армандады. Алайда, әлі күнге дейін повесть экран тілінде сөйлеген емес. Сценарийді төрт жыл бұрын жазып, түзетулерді күні бүгінге дейін енгізіп отырдым. Қазір менің бар қалауым – Әбіш Кекілбаевтың повесі деңгейіндегі фильм түсіру. Біз локация мен натура таңдауда көп жұмыс атқардық. Барлық актерлер бекітілді. Бір-екі күнде Маңғыстау облысына түсірілімдерді бастауға жолға шығамыз, – дейді режиссер Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ Сарапшылық кеңесінде.

– Халықты сумен қамтамасыз етіп ризашылығына бөленуді мақсат етумен басталған жұмыстың соңы қызғанышқа айналады. Ал бәсекеде шек болмайды. Шексіздікке ұмтылу тылсым күшпен тайталасқанмен бірдей. Оған адамның ақылы да, күші де жетпейді. Еңсептің қасіреті де осында. Режиссер ретінде маған Еңсептің жандүниесін көрсету маңызды. Прозаның тілінде жақсы қолданылған тәсіл кинематографияда ұтымды болмай, тіпті маңызын бере алмай қалады. Сондықтан да фильмге повесте жоқ кейбір өзгерістер енгіздім. Жалпы, повестің сюжеттік желісін, фабуласын сақтадым, – дейді Жаңабек Жетіруов.

Картинаны шығарма деңгейінде түсіруді мақсат тұтқан режиссер тек кино тілімен баяндап қоймай, өз тарапынан тың шешімдер жасайтынын айтуда.

Фильм Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша түсірілуде.

АЛМАТЫ

ӨНЕР

Қалжыңның қоржыны ақтарылды

Көктемнің шуақты күндеріне орай Семейде «Кілт» атты авторлық әншілер клубы Остап Бендердің келбетін сомдап, арнайы кеш өткізді. Кеш «Сең қозғалды... қалжыңның қоржынын ақтарыңдар!» деп аталды. Сахнада ең алдымен И. Ильф пен Е. Петровтың «12 орындық» шығармасы орындалды. Остап Бендердің дәл бүгінгі күндегі кейбір адамдармен тірлігі өте ұқсас екендігін аңғартқан астарлы ойдың иесі педагог-музыкант Тимур Әубәкіровтің әзіл-қалжыңы көпшіліктің көңілінен шықты. «Біз проблемасы көп болса да, шаршамайтын қарапайым S. қаласында тұрамыз», деп қалжыңдаған Тимур Остап Бендер кинофильмінен нақышына келтіре әндер орындады.

12 орындық сахнаға қойылып, «соның ішінде жасырынған ақша бар» дегенді іздеген көрермендердің бірі 1000 теңгені олардан емес, өзі отырған орындықтың астынан тауып алғанда таң-тамаша қалды. Тағы да басқа сәттілікке тап болғандар тапқан мың теңгелерін «Кілт» клубының дамуына деп арнады. Кешке қатысушылар түрлі конкурстарға қатысып, ең бастысы, әзіл-қалжыңмен көңілдерін көтеріп, көздерінен жас аққанша бір күлді. Осының бәрі күлкі күніне арналды.

Раушан НҰҒМАНБЕКОВА

СЕМЕЙ

Суретті түсірген автор

СОЛАЙ МА?

Алып балық ауға түсті

Бақытгүл БАБАШ,
«Егемен Қазақстан»

Салмағы 160 келі ақсерке. Алып балық Жайық өзеніне ау салған «Амангелді» өндірістік кооперативіне олжа әкелді. Ұзындығы екі метрден асатын бағалы бекіре балығы Атыраудағы шабақ өсіру зауытына жеткізілді. Қазір оның жай-күйі мен денсаулығы мамандардың жіті бақылауында. Бекіре өсіру зауытының бас инженері Болат Мұхатжиевтің айтуынша, аналық қортпадан кем дегенде 30 келі уылдырық алуға болады. Балық ұрықтанған соң мамандар уылдырығын алып, өзін қайтадан табиғи ортасына жібереді. Жыл сайын Атыраудағы екі зауыттан жеті млн-ға жуық бекіре шабағы Каспий теңізіне жіберіліп келеді. Ендігі кезекте екі зауыттың қуатын төрт есеге арттыру жоспарланып отыр. Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті торағасының міндетін атқарушы Марлен Айнабековтің айтуынша, 2018 жылы осы мақсатқа 30 млн теңге қаржы бөлінеді. Сол кезде су айдынына жылына 30 млн шабақ жіберуге мүмкіндік туады.

АТЫРАУ

Егемен Қазақстан
Жалпыұлттық республикалық газет.
1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады.

Меншік иесі:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Басқарма төрағасының орынбасары
Айбын ШАҒАЛАҚОВ

Бас редактор
Амантай ШӘРІП

Мекенжайымыз:
010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті көшесі, 5/13
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
Анықтама үшін:
Астанада: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87, факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
Жарнама-ақпарат бөлімі:
Астанада – 8 (717 2) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz
Ⓐ Материалдың жариялану ақысы төленген. Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**

Меншікті тілшілер:
Астана – 8 (717-2) 37-54-21;
Ақтау – 8 (701) 593-64-78;
Ақтөбе – 8 (713-2) 56-01-75;
Талдықорған – 8 (728-2) 27-05-70;
Атырау – 8 (712-2) 31-74-13;
Көкшетау – 8 (716-2) 25-76-91;
Қарағанды – 8 (701) 3757434;
Қостанай – 8 (714-2) 21-01-42;
Қызылорда – 8 (701) 772-70-74;
Орал – 8 (775) 336-47-57;
Өскемен – 8 (777) 355-41-14;
Павлодар – 8 (718-2) 54-31-56;
Тараз – 8 (726-2) 43-37-33;
Шымкент – 8 (701) 362-63-76;
Петропавл – 8 (715-2) 50-72-50.

Газет мына қалалардағы:
Астана қ., Сілеті к-сі, 30, «Ernur» Медиа холдингі» ЖШС,
Алматы қ., Гагарин к-сі, 93 А, «Дәуір» РПБК ЖШС,
Қарағанды қ., Сәтбаев к-сі, 15, «Типография Арко» ЖШС,
Қостанай қ., Мәуленов к-сі, 16, «Қостанай полиграфия» ЖШС,
Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі, 49, «Энергопромсервис» ПФ» ЖШС,
Ақтөбе қ., Рысқұлов к-сі, 190, «А-Полиграфия» ЖШС,
Атырау қ., Ж.Молдағалиев к-сі, 29 А, «Атырау-Ақпарат» ЖШС,
Шымкент қ., Т.Әлімқұлов к-сі, 22, «Ernur print» ЖШС,
Павлодар қ., Ленин к-сі, 143, «Дом печати» ЖШС,
Тараз қ., Төле би д-лы, 22, «ЖБО «Сенім» ЖШС,
Орал қ., Достық-Дружба даң., 215 А, «WESTA» ЖШС,
Өскемен қ., Абай д-лы, 20, «Печатное издательство-агентство Рекламный Дайджест» ЖШС
баспаханаларында басылып шықты.

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.

«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында терiлiп, беттелдi. Көлемi 14 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді. «Егемен Қазақстанда» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті есепке қою туралы
№01-Г куәлікті 2007 жылғы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Таралымы 202 360 дана

Нөмірдің кезекші редакторлары
Александр ТАСБОЛАТОВ, Әли БИТӨРЕ